ISSN 2706-8293

Ғылыми журнал

Научный журнал

# Баишев университетінің ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК Баишев университета

2022

№ 3 (77)

**БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**
**ғылыми журналы**

**ВЕСТНИК БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА**
**научный журнал**

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркелген, куәлік № 4645-Ж Зарегистрирован в Министерстве информации Республики Казахстан, свидетельство № 4645-Ж от 29.01.2004 г.

Үш айда бір рет шығады Выходит один раз в три месяца
2000 жылдан бастап шығады / Издается с 2000 года

**№ 3 (77)**
**сентябрь 2022**

**БАС РЕДАКТОР ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**
Ахан Б.А.
**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**
**ЗАМ. ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА**
Лыгина О.И.
**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ РЕДКОЛЛЕГИЯ**
Ташмухамбетов Б.Г. (Казахстан)
Абрахам Алтонаян (Великобритания)
Асаров А.А., Бияшев Б.Г.,, Жанпейсова Н.М . (Казахстан)
Камаруль Хавари (Малайзия)
Корченко А.Г. (Украина)
Ли Дзень Хун (КНР)
Асадуллин Р.М. (Россия)
Мухитдин Бин Исмаил (Малайзия) Султангареева Р.А. (Россия)
Тяпухин А.П. (Россия)
Терегулов Ф.Ш. (Россия)
Кереев Я.М. (Казахстан)
МахамбетоваУ.К. (Казахстан)
Калденова Г.С. (Казахстан)
Бисенғалиева Г.М. (отв.секретарь)

**Адрес редакции:**
г.Актобе,ул.Бр.Жубановых д.302 «А»
для писем: 030000 г. Актобе, а/я 64

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

### ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ- ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

**Анесова Р.Н., Бещанова Р.Е., Майдангалиева Ж.А.** 4
ОЦЕНИВАНИЕ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ: ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ

### ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ- ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

**Бухарбаев Ш.М., Иманбаева З.О., Хуснадинов Қ.А.** 9
ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Кенбейлова Г.А., Ержанова З.К.** 12
ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БУХГАЛТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Қалдыбаева А., Калденова Г.С., Иманбаева З.У.** 17
ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНА ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕНІҢ ӘСЕРІ

### ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ – ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

**Алдамжаров Н.Н., Алдамжар А.** 21
АНАЛИЗ БУРЕНИЯ ГОРИЗОНТАЛЬНОЙ СКВАЖИНЫ МЕСТОРОЖДЕНИИ АО «СНПС-АКТОБЕМУНАЙГАЗ»

e-mail: vestnik@bu.edu.kz
тел.:8(7132) 974083

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала азмұнына авторлар жауап береді.
Опубликованные материалы второв не отражают точку зрения редакции.
Авторы
несут ответственность за выбор и представление фактов.
Редакционная коллегия
оставляет за собой право корректировки по ГОСТ 7.5.-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», ГОСТ 7.1-2003 СИБИД «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».
Сдано в набор 30.09.2022г.
Подписано в печать 30.09.2022 г. Формат 21х29,7. Печ.л.5,3
Тираж 100 экз.
Отпечатано в РИО Баишев Университета

**Таванова Н. М., Сундетова А. Р., Нұрғазы Л. Қ., Имангазина Н. А.** 24
ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

**Шураханова К. Ш.** 28
АКТУАЛЬНОСТЬ ВОПРОСА ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ В НАЦИОНАЛЬНОЙ СИТЕМЕ КАЗАХСТАНА

**ӘЛЕУМЕТТІК –ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ**

**СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

**Асан Ж., Сахитжанова Б. О.** 31
ӘБУБӘКІР ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ТУРАЛЫ

**Асан Ж., Сахитжанова Б. О.** 36
«ЕДІГЕ» ЭПОСЫНЫҢ ЕСКІ НҰСҚАЛАРЫ

**Буктыбаева А.Б., Буктыбаева С.И.** 40
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГЕНОФОНДА РАСТИТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ ПРИ ВЫВЕДЕНИИ НОВЫХ СОРТОВ ПРОСА

**Қуанышбаев Ә.Қ.** 45
ЖАНУАРЛАРДЫҢ АСА ҚАУІПТІ АУРУЛАРДЫ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Сахитжанова Б. О.** 47
ӘЗБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНЕ ӨНЕР АДАМДАРЫ

**Сахитжанова Б. О.** 53
ЕРТАЙ АШЫҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

**Сәубет Э. Б.** 59
«ЕДІГЕ» ЭПОСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВЕРСИЯЛАРЫНДАҒЫ КЕҢЖАНБАЙ ОБРАЗЫ

**Сәубет Э. Б.** 62
СЫПЫРА ЖЫРАУ

## ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ/ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 14.25.09

**Р.Н. Анесова [1], Р.Е. Бещанова [2], Ж.А. Майдангалиева[3]**
*[123]Баишев Университет*

*r_anesova@mail.ru[1], rbeshchanova@bk.ru[2], maydangalieva@mail.ru[3]*

# ОЦЕНИВАНИЕ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ: ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ

**Аннотация**

В статье представлены результаты обзора литературы по проблеме оценивания школьников на уроках английского языка с использованием интерактивных технологий.
***Ключевые слова:*** оценивание, интерактивные технологии, иностранный язык**.**

Проблема формирования методов оценки успеваемости обучающихся волновала многих ученых 2000-2020 годов: С.З. Текеева «Технология рейтинговой системы контроля результатов учебно-познавательной деятельности школьников (на примере английского языка)» (2009) и др. [1].

Анализ трудов указывает на поиск и появление альтернативных форм оценивания деятельности учащихся с целью:

- усиления субъектной позиции учащихся в иноязычном образовании: Е.С. Волкова «Взаимосвязь академической успеваемости со стадиями становления субъектности и способами выполнения учебных действий старшеклассников» (2021) [2];
- повышения успеваемости учащихся на уроках иностранного языка: Ю.Г. Чаплинской «Обучение чтению слабоуспевающих учеников на уроках английского языка в современных условиях» (2013) [3], А.Г. Алексеевой, М.И. Андросовой «Причины снижения успеваемости учащихся средней школы на уроках английского языка» (2017) [4], Г.И. Атамановой, А.С. Комбу «Познавательный интерес и успеваемость пятиклассника: есть ли связь?» (2017) [5].

Таким образом, роль методов в оценке успеваемости личности очевидна с позиции ее корректировки, о чем пишет А.Н.К. Бахшалиева в своей работе «Роль методов оценивания в оценке успеваемости учащихся» (2021): «При измерении и оценке можно определить способности учащихся на основе их индивидуальных характеристик, направить их в соответствии с их интересами, потребностями и способностями, а также выявить трудности, недостатки и неудачи, с которыми учащиеся сталкиваются в процессе» [6].

Ученые разделяют мнение о том, что вопрос оценки всегда является центральной темой для дискуссии. М.Г. Юрченко в работе «К вопросу об использовании современных технологий при оценивании знаний учащихся в процессе обучения иностранным языкам» (2017) [7] выделяет виды оценки, характеристики и формы их применения (самооценка, использование рубрик оценивания и др.). Вслед за М.Г. Юрченко ученые придерживаются идеи о том, что методы оценки успеваемости обучающихся на уроках иностранного языка должны включать «традиционные и альтернативные формы» [7]. Например: В.А. Байкова в своей статье «Нестандартная система оценивания - одно из условий формирования мотивации обучения» (2014) [8], А.Ю. Охотникова «Способы проведения текущего контроля знаний по иностранному языку учащихся общеобразовательных учреждений» (2017) [9].

Ученые раскрывают не только основные формы контроля знаний, умений и навыков на уроках иностранного языка, но и положительные и отрицательные стороны каждой конкретной формы, а также рекомендации по использованию данных форм в зависимости от

целей урока и потребностей класса: В.Ю. Помогаевой, Н.С. Гусачек «Выбор форм контроля знаний, умений и навыков на уроках английского языка» (2021) [10], Г.Т. Тургунбаева, Г.М. Хасанова «О методах оценивания результатов обучения в общеобразовательных школах Республики Казахстан» (2016), А.Н. Адекенова, Л.В. Устинова, У. Адекенова «Новая модель оценивания в сфере образования Республики Казахстан» (2017), Г.М. Бобизода, А.М. Утилова «Оценивание учебных достижений учащихся в условиях обновления содержания образования в Республике Казахстан» (2018), С.А. Одинцова, О.Л. Шовкович «Система оценивания учебных достижений учащихся в Республике Казахстан» (2018), Н.Н. Хан, А.О. Жуматова «Формативное оценивание как важный аспект качественного обучения» (2021) и многие другие [11; 12; 13; 14; 15 и др.].

Одним из распространенных методов оценки успеваемости является игра: Т.В. Куделка «Деловая игра как инновационная форма контроля знаний на уроках английского языка» (2019), G.Kh.K. Boltaeva «Role-playing games as means of developing grammatic skills in English lessons» (2020), С.С. Сабаева «Ролевая игра как метод формирования и контроля коммуникативных навыков на уроках английского языка в начальной школе» (2021), Е.А. Быкова «Обучающая игра как средство контроля сформированности коммуникативной компетенции на уроках французского языка» (2019), М.Ю. Мухина «Игра как форма итогового контроля на уроках английского языка» (2020) и др. [16; 17; 18; 19; 20 и др.].

Ученые рекомендуют тестирование применять в качестве метода контроля знаний обучающихся: А.А. Айрапетов, Т.Н. Ломтева «Тесты как средство контроля развития навыков учащихся на уроках английского языка» (2015), О.А. Шумская «Тесты как способ контроля учащихся на уроках английского языка» (2017), О.А. Шумская «Компьютерное тестирование как эффективная форма контроля знаний учащихся на уроке иностранного языка» (2018), «Формирование рейтинговой оценки методом аудиотестирования» (2012), «Тестирование как одна из текущих форм контроля учебных достижений обучающихся (на материале уроков английского языка)» (2021), В.И. Лазарева «Онлайн-тестирование как современная форма контроля результатов обучения на уроках английского языка» (2021); Е.Л. Григоренко «Развитие грамотности школьника на основе ее оценки учителем, самим школьником и объективными тестами» (2011)и др. [21; 22; 23; 24; 25; 26; 27 и др.].

Существуют и альтернативные методы и формы оценки успеваемости: творческие задания: А.Ф. Ахмерова «Творческие задания как форма промежуточного и итогового контроля знаний студентов в процессе изучения делового английского языка» (2012) и др. [28 и др.]; проектная технология: О.Н. Сафонова, С.И. Сафонов «Проектная технология как форма итогового контроля на уроке иностранного языка в СПО» (2019) и др. [29 и др.]; языковой портфель: Т.В. Гончарова «Языковой портфель как альтернативная форма контроля и оценки учебных достижений учащихся на уроках английского языка» (2017) и др. [30 и др.]; кроссворд: А.А. Леднева, П.С. Гнездилова «Кроссворд как нетрадиционная форма контроля на уроке иностранного языка в начальной школе» (2021) и др. [31 и др.]; портфолио: Т. Новикова, М. Пинская, А Прутченков «Методические рекомендации по сопровождению работы с портфолио учащихся старшей профильной школы» (2007) и др. [32 и др.]

Как утверждают ученые, оценивание нестандартными методами служит мотивирующим средством повышения качества иноязычного образования в целом.

## Список использованной литературы

1. Текеева С.З. Технология рейтинговой системы контроля результатов учебно-познавательной деятельности школьников (на примере английского языка): автореферат дис. ... кандидата педагогических наук / Карачаево-Черкес. гос. ун-т им. У.Д. Алиева. Карачаевск, 2009.

2. Волкова Е.С. Взаимосвязь академической успеваемости со стадиями становления субъектности и способами выполнения учебных действий старшеклассников // Социализация в глобальном мире: вызовы современности. Сборник материалов Международной научно-практической конференции. Калуга, 2021. С. 47-55.
3. Чаплинская Ю.Г. Обучение чтению слабоуспевающих учеников на уроках английского языка в современных условиях // Обучение и воспитание: методики и практика. 2013. № 6. С. 151-155.
4. Алексеева А.Г., Андросова М.И. Причины снижения успеваемости учащихся средней школы на уроках английского языка // Научно-методический электронный журнал Концепт. 2017. № Т26. С. 38-40.
5. Атаманова Г.И., Комбу А.С. Познавательный интерес и успеваемость пятиклассника: есть ли связь? // Успехи современной науки и образования. 2017. Т. 4. № 1. С. 33-36.
6. Бахшалиева А.Н.К. Роль методов оценивания в оценке успеваемости учащихся / World science: problems and innovations. Сборник статей LVIII Международной научно-практической конференции. Пенза, 2021. С. 152-154.
7. Юрченко М.Г. К вопросу об использовании современных технологий при оценивании знаний учащихся в процессе обучения иностранным языкам // Известия Кыргызского государственного технического университета им. И. Раззакова. 2017. № 2 (42). С. 262-268.
8. Байкова В.А. Нестандартная система оценивания - одно из условий формирования мотивации обучения // Мастер-класс. 2014. № 8. С. 17-19.
9. Охотникова А.Ю. Способы проведения текущего контроля знаний по иностранному языку учащихся общеобразовательных учреждений // Гуманитарные исследования молодых ученых Южного Урала. Сборник научных статей. Челябинск, 2017. С. 276-281.
10. Помогаева В.Ю., Гусачек Н.С. Выбор форм контроля знаний, умений и навыков на уроках английского языка / Актуальные вопросы иноязычного образования: школа и вуз. Сборник научных трудов по итогам круглого стола в рамках дискуссионной площадки «Личность и миссия преподавателя высшей школы», посвященного Дню преподавателя высшей школы и 310-летию со дня рождения М. В. Ломоносова. Рязанский государственный университет имени С. А. Есенина. Киров, 2021. С. 55-61.
11. Тургунбаева Г.Т., Хасанова Г.М. О методах оценивания результатов обучения в общеобразовательных школах Республики Казахстан // Современное образование в России и за рубежом. 2016. № 2. С. 33-38.
12. Адекенова А.Н., Устинова Л.В., Адекенова У. Новая модель оценивания в сфере образования Республики Казахстан // Образовательный процесс. 2017. № 2. С. 5-11.
13. Бобизода Г.М., Утилова А.М. Оценивание учебных достижений учащихся в условиях обновления содержания образования в Республике Казахстан // Вестник Академии образования Таджикистана. 2018. № 4 (29). С. 11-15.
14. Одинцова С.А., Шовкович О.Л. Система оценивания учебных достижений учащихся в Республике Казахстан // Международный студенческий научный вестник. 2018. № 5. С. 174.
15. Хан Н.Н., Жуматова А.О. Формативное оценивание как важный аспект качественного обучения // Global Science and Innovations: Central Asia (см. в книгах). 2021. Т. 1. № 1 (12). С. 56-65.
16. Куделка Т.В. Деловая игра как инновационная форма контроля знаний на уроках английского языка / Теория и практика обучения иностранным языкам: Традиции и перспективы развития. Сборник статей по материалам IV Международной студенческой научно-методической онлайн конференции. Ответственный редактор А.П. Василевич. 2019. С. 141-145.

17. Boltaeva G.Kh.K. Role-playing games as means of developing grammatic skills in English lessons // Вестник науки и образования. 2020. № 12-2 (90). С. 95-97.
18. Сабаева С.С. Ролевая игра как метод формирования и контроля коммуникативных навыков на уроках английского языка в начальной школе // Студенческий. 2021. № 17-2 (145). С. 63-66.
19. Быкова Е.А. Обучающая игра как средство контроля сформированности коммуникативной компетенции на уроках французского языка // Лингвистические, методические и социокультурные аспекты изучения и преподавания иностранных языков. Сборник итоговых материалов всероссийской научно-практической очно-заочной конференции. Под редакцией Е.Б. Савельевой, Е.Г. Котовой. 2019. С. 46-52.
20. Мухина М.Ю. Игра как форма итогового контроля на уроках английского языка / Наука XXI века: возможности, проблемы, перспективы. сборник научных трудов по материалам международной научно-практической конференции. Москва, 2020. С. 94-100.
21. Айрапетов А.А., Ломтева Т.Н. Тесты как средство контроля развития навыков учащихся на уроках английского языка / Теоретические и практические проблемы развития современной науки. Материалы II Международной научно-практической конференции. 2015. С. 23-31.
22. Шумская О.А. Тесты как способ контроля учащихся на уроках английского языка / Инновационные подходы в современной науке. Сборник статей по материалам VIII международной научно-практической конференции. 2017. С. 57-61.
23. Шумская О.А. Компьютерное тестирование как эффективная форма контроля знаний учащихся на уроке иностранного языка / Научные тенденции: Филология, Культурология, Искусствоведение. Сборник научных трудов по материалам XI международной научной конференции. Международная Объединенная Академия Наук. 2018. С. 53-56.
24. Корнейчук Б.В. Формирование рейтинговой оценки методом аудиотестирования // Высшее образование в России. 2012. № 8-9. С. 140-145.
25. Саитова З.К., Сураганова А. Тестирование как одна из текущих форм контроля учебных достижений обучающихся (на материале уроков английского языка) / Студенческая наука Подмосковью. Материалы Международной научной конференции молодых ученых. 2017. С. 570-572.
26. Лазарева В.И. Онлайн-тестирование как современная форма контроля результатов обучения на уроках английского языка // Наука и мир. 2021. № 10-1 (98). С. 54-56.
27. Григоренко Е.Л. Развитие грамотности школьника на основе ее оценки учителем, самим школьником и объективными тестами // Мир образования - образование в мире. 2011. № 3 (43). С. 119-125.
28. Ахмерова А.Ф. Творческие задания как форма промежуточного и итогового контроля знаний студентов в процессе изучения делового английского языка / Сборник научных трудов SWorld. 2012. Т. 23. № 4. С. 75-79.
29. Сафонова О.Н., Сафонов С.И. Проектная технология как форма итогового контроля на уроке иностранного языка в СПО / Современные исследования в России и мире: отечественный и зарубежный опыт. Материалы XX Всероссийской научно-практической конференции. 2019. С. 171-174.
30. Гончарова Т.В. Языковой портфель как альтернативная форма контроля и оценки учебных достижений учащихся на уроках английского языка // Научно-методический электронный журнал Концепт. 2017. № Т33. С. 9-13.
31. Леднева А.А., Гнездилова П.С. Кроссворд как нетрадиционная форма контроля на уроке иностранного языка в начальной школе // Студенческий. 2021. № 17-2 (145). С. 21-24.

32. Новикова Т., Пинская М., Прутченков А. Методические рекомендации по сопровождению работы с портфолио учащихся старшей профильной школы // Народное образование. 2007. № 2 (1365). С. 175-183.

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ: ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

**Аңдатпа**

Мақалада интерактивті технологияларды қолдана отырып, ағылшын тілі сабақтарында оқушыларды бағалау мәселесі бойынша әдебиеттерге шолу нәтижелері келтірілген.
***Түйінді сөздер:*** бағалау, интерактивті технологиялар, шет тілі.

## ASSESSMENT IN ENGLISH LESSONS USING INTERACTIVE TECHNOLOGY: A LITERATURE REVIEW

**Abstract**

The article presents the results of a literature review on the problem of assessing schoolchildren in English lessons using interactive technologies.
***Key words:*** assessment, interactive technologies, foreign language.

## ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ/
## ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 06.73.15

**Бухарбаев Ш.М.[1], Иманбаева З.О.,[2] Хуснадинов Қ.А.**
*[123]Баишев Университет*

# ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Аңдатпа**

Бүгінгі таңда еліміздегі бюджет саясатының өлшемдерін бағалау мен болжау–қаржылық белсенділік пен инфляциялық процестер көрсеткіштерінің болжамды мәндерін дұрыс және нақты айқындау барысында маңызды рөлді атқарады. Осы ретте, мемлекеттің фискалдық саясаты көрсеткіштерін болжаудың және фискалды саясат бағытын айқындаудың және оның әлеуметтік салаға әсерін сондай-ақ, халықаралық тәжірибесін толық түрде зерттеу және отандық тәжірибеде қолдану кезек күттірмес шаралардың бірі болып табылады.

Қазақстанның әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеудің маңыздылығын арттыру үшін дамыған елдердің осы салада мемлекеттік реттеу тәжірибесін қолдануы өте маңызды. Басқа елдердің әлеуметтік жұмысының тәжірибесін қолдану–бұндай тәжірибелердің кемшіліктері мен артықшылықтарын ескеріп, еліміздің әлеуметтік саласының дамуында қолдану.

***Түйінді сөздер:*** жергілікті бюджет, бюджет түсінігі, бюджет саясаты, әлеуметтік сала, қамсыздандыру, бюджеттік процестер, бюджет функциясы.

Өткен жылдарға арналған бюджетті атқару COVID-19 пандемиясына байланысты бұрын болмаған белгісіздік факторларына байланысты әлем елдері үшін қиындық туғызды. Осының нәтижесінде бюджетті құрастырудың қалыптастырудың басты мәселелерін қарастырып, алдағы жылға арналған бюджетті дайындау циклінде оларды реттеу әдістеріне қатысты ұсыныстар жасау, ең маңызды талаптардың бірі болып табылады.

Әлемдік COVID-19 пандемиясы барлық елдерде де өздерінің 2020 жылға арналған бюджетін жүзеге асыра бастаған кезде басталған болатын. Содан бері қосымша бюджеттер қарастыру, қаражаттарды барынша тиімді бөліп-бақылау, күтпеген төтенше жағдайлар үшін резервтік қорлар қалыптастыруға қатысты жұмыстар қолға алынып, жоспардан тыс бюджеттік құралдар арқылы қысқа мерзімді басымдық дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар жүзеге асырылып келеді [1].

Дегенмен, өткен жылдардағы бюджеттің атқарылуы аса белгісіздік жағдайында оның болжамды орындалу жолынан біраз ауытқып, төтенше жағдай кезіндегідей бюджетті құрастыру мәселесі қаржы министрліктеріне қосымша жүктеме тудыратын үздіксіз процеске айналады.

Бұл ретте басқа елдердегі әлеуметтік жұмыстың мәнін түсіне білудің, оның іс-әрекет етуінің ерекшеліктерін терең ұғынудың, біздің елдің әлеуметтік саласын қажетті деңгейде дамыту мақсатымен дамыған елдер тәжірибесін толық және тиімді пайдаланудың әдістері мен тәсілдерін байқай да, көре білудің маңызы өте зор.

Қазіргі экономика жағдайында әлеуметтік саланы жетілдірудің басты құралы–басқа елдердің, яғни дамыған елдердің тәжірибесін тиімді қолдану. Сондықтан да, әлеуметтік саладағы тәжірибені қолдану үшін болашақ әлеуметтік қызметкерлер басқа елдердің әлеуметтік жұмысымен танысуы қажет деп есептейміз [2].

Елдің әлеуметтік саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру қызметтері мен әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтитын мемлекет бағдарламасы арқылы жүзеге асатыны белгілі. Жалпы адамгершілік тұрғысынан әлеуметтік қамсыздандыру мен қоғам мүшелерінің әлсіз топтарын қолдау әлеуметтік жауапкершілігімен көрінеді. Әлеуметтік қызметтер жүйесі денсаулық сақтауды, білім беруді, еңбек қауіпсіздігін және т. б. сияқты қызметтерді қамтитыны белгілі. Қазіргі уақытта әлемде халықты әлеуметтік қорғаудың бірнеше түрі бар. Әлеуметтік-саяси модельдердің жіктелуі және оның көпшілігі әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы мемлекеттің, азаматтық қоғам институттарының және жеке азаматтардың деңгейі мен рөліне байланысты принциптерге негізделген. Егер геосаяси аспектіде қарастырсақ, онда скандинавиялық, континенттік және американдық-британдық әлеуметтік саясаттың модельдерін төмендегі кестеде көруге болады.

Кесте. Әлеуметтік дамудың әртүрлі модельдері

| Модельдер | Критерийлер | Скандинавиялық модель | Континенттік модель | Американдық-британдық модель |
|---|---|---|---|---|
| Мемлекеттің әлеуметтік саясаттағы рөлі | | Бюджеттік қаржыландыруды ұсыну | Бюджеттік қаржыландыруды ұсыну және нарықтық реттеу | Нарықтық реттеу |
| Әлеуметтік игіліктер ұсыну қағидаты | | Теңдік – барлығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. | Жеке жауапкершілік – әлеуметтік қорғау мен еңбек қызметінің табыстылығы деңгейі арасындағы жоғары тәуелділік | Атаулылық - мемлекеттің ең төменгі қолдауы, кәсіби дағдыларды үнемі арттыруға ынталандыру |
| Қаржылық негіз | | Салық салудың жоғары деңгейі | Салық салудың жоғары деңгейі, міндетті және ерікті әлеуметтік сақтандырудың болуы | Жеке меншік сақтандыру мен жеке меншік жинақтардың болуы |
| Ескерту: ғылыми-зерттеу нәтижесінде авторлар құрастырған. | | | | |

Халықты әлеуметтік қорғаудың скандинавиялық моделі. Әлеуметтік саясаттың бұл түрінде мемлекетке қажетті әлеуметтік салаға қаржы бөлу көзі бюджет. Мемлекет азаматтарға жағдайлар жасау және бастапқы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін жауапты. Бұл скандинавиялық модель Швеция, Финляндия, Дания, Норвегия сияқты мемлекеттердің саясатында басымды бағыттар болып табылады. Аталған елдердің ішінде шведтік әлеуметтік-саяси модель әлемдік тәжірибеде айрықша орын алады.

Швецияда «толыққанды жұмыспен қамту саясаты», «беделді еңбекақы жүйесі» ұғымдары пайда болып, елдің әлеуметтік саясатының негізгі мақсаты және халықты толық жұмыспен қамту саясаты болды. Швед Заңы бойынша, студенттік демалыстар төленеді, әдетте Швеция ЖІӨ-нің қомақты бөлігін білім саласына бағыттайды. Сондықтан да, Швецияның әлеуметтік саясаты әлеуметтік ынтымақтастық пен әлеуметтік әділеттілікке негізделген [3].

Халықты әлеуметтік қорғаудың континенталды моделі. Бұл саясатты жүзеге асырудың континенттік моделінде мемлекет әлеуметтік қызметтерді ұйымдастырумен емес, әлеуметтік жәрдемақыларды төлеумен ғана айналысады. Бұл мәселеде әлеуметтік қызметке мемлекеттік қызметкерлер мен жұмыс берушілердің қаражаты бірдей мөлшерде, ал қаржының негізгі көзі мемлекеттік және жеке әлеуметтік сақтандыру қорлары болып табылады. Бұл модельді ұстанатындар-Германия, Франция, Австрия, Бельгия.

Аталған елдердің ішінде Германияның әлеуметтік саясатын атап өткеніміз жөн, ең бірінші Германияда «нарықтық еркіндік» және «әлеуметтік бағдар» принциптерін біріктіретін және экономикалық саясатты анықтайтын «әлеуметтік нарықтық қатынастар» термині енгізілді. Мұндай саясаттың мақсаты-қоғамның әрбір мүшесінің экономикалық салада өзін-өзі жетілдіруіне алғышарттар жасайтын әлеуметтік саясат. Бұл жерде тұлғалардың экономикалық қызметін реттейтін институционалдық жағдайларды талап ететіні белгілі. Алғашқы кезекте бюджет түсімдерін қайта бөлу немесе швед моделіндегідей тегін әлеуметтік қызметтерді емес, әлеуметтік қорғауға бағытталған еңбекке қабілетті жеке тұлғалар үшін экономикалық қолдау жасау тұр.

Бұл зерттеу мақаламызда шетелдік модельдерді көрсетіп талдау арқылы еліміздегі әлеуметтік моделдің, континенттік моделден принциптік айырмашылықтарын ашып көрсетіп, дегенмен біздің де ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып дамып келе жатқанын көрсету.

Осылайша, қазіргі әлеуметтік модельде жауапкершілікті мемлекет, жұмыс берушілер және азаматтар арасында бөлуге негізделген әлеуметтік серіктестіктің ұлттық схемасы тиімді жұмыс істейді. Біздің елімізде әлеуметтік қорғау саласында жұмыс берушілер қызметкерлерді, жұмысшыларды әлеуметтік қамсыздандыруды ұсынады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі.
2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) // Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ.
3. Schneider F., Buehn A. New estimates for the shadow economy all over the world // International Economic Journal. - 2020. - №4.
4. Жумашев А.М. Финансы: Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2019.
5. Скаков С.М. Қаржы нарығы және делдалдары: Оқулық – Алматы: Экономика, 2019.
6. Бекболатова А.Л. Салық жүйесінің негіздері. Астана, 2017.
7. Сапиева П.Ш. Мемлекеттік бюджет.- Алматы. Алтын-алма, 2019.

## ВОЗМОЖНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ МЕСТНОГО БЮДЖЕТА МИРОВОГО ОПЫТА В ОБЕСПЕЧЕНИИ СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЫ

### Аннотация

Сегодня оценка и прогнозирование критериев бюджетной политики в стране играет важную роль в правильном и четком определении прогнозных значений показателей финансовой активности и инфляционных процессов.

При этом одной из неотложных мер является полное изучение и применение в отечественной практике международного опыта прогнозирования показателей фискальной политики государства и определения направления фискальной политики и ее влияния на социальную сферу.

Для повышения значимости государственного регулирования социальной сферы Казахстана очень важно, чтобы развитые страны применяли опыт государственного регулирования в этой сфере. Применение опыта социальной работы других стран-это

применение таких практик в развитии социальной сферы страны с учетом их недостатков и преимуществ.
***Ключевые слова:*** местный бюджет, понятие бюджета, бюджетная политика, социальная сфера, обеспечение, бюджетные процессы, бюджетная функция.

## THE POSSIBILITIES OF APPLYING THE LOCAL BUDGET OF THE WORLD EXPERIENCE IN PROVIDING SOCIAL SERVICES

### Abstract

Today, the assessment and forecasting of the criteria of fiscal policy in the country plays an important role in the correct and accurate determination of the forecast values of indicators of financial activity and inflationary processes.

At the same time, one of the urgent measures is the full study and application in domestic practice of international experience in forecasting indicators of fiscal policy of the state and determining the direction of fiscal policy and its impact on the social sphere.

To increase the importance of state regulation of the social sphere of Kazakhstan, it is very important that developed countries apply the experience of state regulation in this area. The application of the experience of social work in other countries is the application of such practices in the development of the social sphere of the country, taking into account their disadvantages and advantages.
***Keywords:*** local budget, the concept of budget, budget policy, social sphere, provision, budget processes, budget function.

МРНТИ 06.81.85

**Кенбейлова Г.А.**[1] **Ержанова З.К.**[2]
[12]*Баишев университеті, Қазақстан, Ақтөбе қаласы*
[1]*gulzhan_240282@mail.ru*, [2]*Adil_zarina@mail.ru*

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БУХГАЛТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Берілген мақалада цифрландыру жағдайындағы бухгалтерлік бағдарламаны автоматтандыру түріндегі сұрақтар қарастырылған.
***Түйінді сөздер:*** цифрландыру, бухгалтерлік есеп, ақпарат.

Экономикалық және басқару есептерінің шешімдерінің дәстүрлі технологиясын ерекшелеу үшін заттық технология ұғымын енгізейік және ол бастапқы ақпараттан нәтижелі ақпарат алынғанға дейінгі технологиялық этаптардың тізбегін көрсетеді. Мысалы, бухгалтерлік есеп технологиясы бойынша келіп түскен бастапқы құжат бухгалтерлік екі жақты жазуға (проводка) трансформаланады. Ол аналитикалық есеп жағдайын өзгерте отырып, синтетикалық есептеудің шоттарын, ары қарай балансты өзгертеді.

Ақпараттық технологиялар өңделетін ақпарат түріне байланысты біртұтас технологияларға біріге алмайды. Төмендегі схемада көрсетілген байланыс шартты түрде көрсетілген, өйткені ақпараттық технологиялардың көбі басқа ақпараттарды өңдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, текстік процессорлар қарапайым есептеулерді, ал кестелік процессорлар мәтіндік ақпараттарды, графиктерді өңдей алады. Дегенімен, аталған технологиялардың барлығы ақпараттың белгілі бір түрін өңдеуге арналған [2].

Кесте. Экономиканы цифрландырудың қаржылық есеп беру жағдайына әсері

| **Қаржылық есептілікті қалыптастыру және пайдалану аспектісі** | **Экономиканы цифрландыру әсерінің нәтижесі** |
|---|---|
| Қаржылық есеп беру мен жұмыс істеу кезінде қолданылатын жедел ақпарат | Ұйым ішінде ақпарат алмасу үшін жергілікті компьютерлік желілерді пайдалану.<br>– Ұйым ішінде есеп беру ақпаратын ортақ пайдалану үшін Интернетті пайдалану.<br>– Ұйым өзара әрекеттесетін заңды немесе жеке тұлғалармен ақпарат алмасу үшін Интернетті пайдалану |
| Қаржылық есеп беру нысандарын қалыптастыру үшін қажетті енгізу ақпараты | Бухгалтерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану кезінде енгізілген ақпаратты енгізуді автоматтандыру |
| Қаржылық есеп беру процесі | Қаржылық есептілікті жасау үшін қажетті ақпаратты өңдеу үшін компьютерлік бағдарламаларды пайдалану. |
| Қаржылық есеп беру көрсеткіштері | Сандық экономиканың (мысалы, криптовалюта) әсерінен есеп объектілерінің жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты есеп беру көрсеткіштерінің жаңа түрлерінің пайда болу мүмкіндігі |
| Есеп беру формаларын қамтитын ақпаратты шығару | Бухгалтерлік есеп (қаржылық есеп беру) нысандарының электрондық түбіртегі:<br>– Басылған аналогтың электрондық ұсқасы;<br>– Ұйымдардың веб-сайтында орналастырылған жарияланған қаржылық есеп берулер;<br>– Өзгертілген электрондық ақпарат |
| Есептік ақпараттыталдау және тексеру процесі | Есептерде қамтылған ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламаларды қолдану |

Операциялық жүйелер: бірпрограммалы, көппрограммалы және көп- пайдаланушылар болып бөлінеді. Бір программалы операциялық жүйеге - MS DOS және т.б. жатады. Көп программалыға UNIX, Windows-тың барлық нұсқалары, DOS 7.0, OS\2 және т.б.

Егер бір программалы жүйелер тек пакеттік немесе сұхбаттық режимде жұмыс жасаса, көппрограммалы жүйелер осы екі технологиямен жабдықталған. Көппайдаланушылар жүйесі желілік операциялық жүйе арқылы орындалады. Олар қашықтықтағы желілік технологияларды жабдықтайды және жұмыс орнында сұхбаттық, пакеттік технологиялар арқылы қарым-қатынасты болдырады. Осы жоғарыда аталған үш ақпараттық технологияда ЭАЖ-да кеңінен қолданылады. Жабдықтайтын және атқарымдық ақпараттық технологияларды басқару қызметкері программистер қызметін пайдаланбай қолдана алады[3]. Олай болса ақпараттық технологияны пайдаланушылар технологиялардың өзгеру тізбегіне әсер ете алады. Сонымен, пайдаланушының атқарымдық АТ орындалу процесіне қатысуына байланысты пакеттік және сұхбаттық деп те бөлуге болады. Пакеттік режимде орындалатын экономикалық есептер төмендегі қасиеттер бойынша сипатталады:

- есепті шешу алгоритмі құрылған, оған басқа адамның араласуының қажеті жоқ;

- енетін және шығатын берілгендердің көлемі үлкен және олар магниттік тасымалдаушыларда сақталады;
- енетін файлдардың көп жазулары үшін есептеулер орындалады;
- регламенттілік, яғни тапсырмалар алдын-ала берілген периодтылық бойынша орындалады.

Сұхбаттық режим пакеттік режимнің ары қарай дамыған түрі болып табылады. Егер пакеттік режим пайдаланушының тапсырмаларды шешу процесіне араласуын кемітетін болса, сұхбаттық режим қатаң түрде бекітілген берілгендерді өңдеу операциялары тізбектерін болдырмауды қарастырады. Желілік технологиялардың алатын орны ерекше, өйткені олар көптеген пайдаланушылардың бір-бірімен қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ақпараттық технологиялардың өзара қарым-қатынасына байланысты сыныптауға болады.

Технологиялардың өзара іс-әрекеті дискеттік және желілік түрде орындалады. Желілік қарым-қатынас локальді есептеуіш желілер (ЛЕЖ) мен теллекоммникациялық жабдықтар көмегімен жүзеге асады.

Қазақстан экономикасының нарықтық қатынасқа көшуі шындығында ақпараітық нарықты қалыптастыруды қажет етеді. Көптеген дамыған елдерде материалдық өндіріс пен қызмет көрсету салаларын ақпараттық нарық ойдағыдай қамтамасыз етуде. Қазіргі кезде ақпарат айрықша тауар түрін құрайтын жалпы ұлттық өнімнің ажырамас бөлігі ретінде, ақпараттық нарықта өзінің ұсынысы мен сұранысы бар, ұлттық стратегиялық қордың негізгі түріне айналуда.

Қазақстан Республикасындағы экономиканың жұмыс істеуі мен дамуының ақпараттық аспектісі барған сайын үлкен мәнге ие болуда, сондықтан экономиканың әр алуан накты болмысын ақпараттық деректер қорымен бейнелеу, оны ғылымға негізделген ақпараттық технологиялар көмегімен басқаруға мүмкіндік береді. Мұндай технология Қазақстан Республикасындағы барлық қорлар жиынтығының өзара тиімді байланысын қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта бухгалтерлік ақпарат жүйесі (БАЖ) шапшаң дамуда, оның даму бағыты келесі факторлармен анықталады:

*Бірінші фактор* - Қазақстан Республикасының экономи-калық басқару құрылымының қайта құрылуымен, яғни ша-ғын кәсіпорындар, фирмалар, әр түрлі меншіктегі банктердің (ашық және жабық түрдегі акционерлік қоғамдар, толық жә-не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, жеке меншік кә-сіпкерлер) көптігімен анықталады;

*Екінші фактор* - Қазақстан Республикасының есеп сая-сатын, әдістемесін және есеп әдісін өзгертуге әкеліп соқ-тырған халықаралық есеп талаптарына сай келетін халықаралық қаржылық есеп стандарттарын (ХҚЕС) жасауға және енгізуге байланысты;

*Үшінші фактор* - шетелден келетін дербес компьютерлер мен программалық өнімдер ағынының ұлғаюына байланысты;

*Төртіншісі* - телекоммуникация құралдарын пайдалану негізінде техникалық және ақпараттық-программалық тұғыр-наманың (платформаны) іске асуы арқылы жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы.

Бүгінгі таңда, ақпараттық нарықта шетелдік фирмалар ірі кәсіпорындарға бағытталған ең озық үлгідегі жаңа технологияға негізделіп жасалған кешендік бухгалтерлік ақпа-раттар жүйелерін (5АР, ВААК, СА және басқалары) ұсынуда.

Программалық өнімдерді жасаушы отандық және ре-сейлік фирмалар (ДИЦ, 1:С, ИНФОСОФТ, ПАРУС және басқалар) әр түрлі кәсіпорындарға есептелінген, талдау (аналитикалық) мүмкіндіктері мол кешендік бухгалтерлік ақпарат жүйелерін қалыптастыруға зор көңіл бөлуде. Әдетте, кешендік БАЖ модульдік принциптер негізінде жасалады және есептің барлық салаларын қамтиды.

Қазір Қазақстан Республикасында ақпараттық өнімдер мен қызмет көрсету нарығында дамудың бірыңғай сара бағыты анықталмаған, сондықтан БАЖ-дың жаңа сынып-тарының

пайда болуы көбінесе Қазақстан экономикасының даму ерекшеліктерімен айқындалады. Бухгалтерлік ақпарат жүйелерінің белгілі бір сыныбын таңдау, фирманың на-рықтағы орнымен, келемімен, есеп саясатының қалыптасу ретімен, қызмет саласы және мақсатымен, есептік және қаржылық іс-әрекеттердің ерекшелігімен, қызметкерлердің білік-тілігімен және басқадай себептерімен анықталады.

Дәстүрлі бухгалтерлік есептен компьютерлендірілген бухгалтерлік есепке көшу ең алдымен есеп жоспарына, бух-галтерлік өткізбелер (проводка) жүйесіне және есептемеге тәртіп орнатуды қажет етеді. Сондықтан да автоматтандыру, адам факторын басудың орнына керісінше оны нығайту ар-қылы барлық жұмыстың тыңғылықты орындалуына әкеліп соқтырады.

Қазақстанцағы бухгалтерлік ақпараттық жүйелер нары-ғының дамуы, жоғары оқу орындарында қазіргі бухгалтерлік ақпарат жүйелерінің атқарымдық мүмкіндіктерін білетін, әр түрлі программалық-техникалық құралдар ішінен тиімдісін таңдай алатын, оларға өзінің бухгалтерлік есеп беру са-ласында кәсіптік сұранысын қанағаттандыра алатындай талап қоя білетін, жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланушы-мамандар даярлауды қажет етеді.

Нарық экономикасы жағдайында бухгалтерлік есеп, сонымен қатар бухгалтерлік есеп беру, коммуникацияның негізгі құралына айналды. Ақпаратты пайдаланушылар әр түрлі болғандықтан, олардың мақсаттары бір-бірімен бәсекелес, көп жағдайда қарама-қайшы келеді. Ақпараттар ағы-нының сыйымдылығы мен салыстырмалылығы әрқилы болуы мүмкін, сонымен қатар олардың құрылымы да үлкен мәнге ие болады. Ақпараттар ағынын қалыптастыру тәсілдері әр түрлі болған жағдайда, олардың атауы бірдей болғанымен мазмұндары мүлдем бөлек болуы мүмкін.Соңғы жылдары көптеген экономикасы дамыған елдерде экономика саласындағы халықаралық интеграцияның тұрақты өсуіне байланысты, бухгалтерлік есепті халықаралық бірегейлендіру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Бизнестің дамуы, жеке жағдайда ұлтаралық корпорациялар рөлінің күшеюі белгілі бір біркелкілікті, жоқ дегенде осы немесе басқа елде қолданатын пайданы есептеу алгоритмдерін қалыптастыру принциптерінің, салық салу, еңбекпен табылған қаржыны инвестициялау және тағы басқа мүмкіндіктерінің болжамды және түсінікті болуын қажет етеді. Атап айтсақ, біздің бухгалтерлік есеп саласындағы мамандарымыз батыс елдерімен кәсіпорын деңгейінде белсенді қарым-қатынас жасағаннан кейін ғана осы мәселеге тап болды. Бухгалтерлік есеп үлгілерінің түйіспеуі, бұрынғы халықтық демократия елдері және қалған басқа әлемге қатысты емес, ол ғылыми сипатқа ие және бухгалтерлік есепті бірегейлендіру мәселесі ретшде белплі. Бұл мәселемен біздің мамандарымыз нарықтық қатынастарға және бухгалтерлік есептің халықаралық стандартына көшу кезінде түйісті.

Батыстың мамандары мынандай бухгалтерлік есеп үлгілерін ұсынады:

– Британ-американдық үлгі;
– Континенттік үлгі;
– Оңтүстік-американдық үлгі.

*Британ-американдық үлгінің ерекшелігі,* есепті инвесторлар мен несиегерлер мұқтаждығына қарай шешу болып табылады. Бұл үлгіні қолданушы елдер дамыған бағалы қағаздар нарығының бар болуымен, кәсіпқой бухгалтерлік мамандардың біліктілігімен және ұлтаралық корпорациялар санының көптігімен сипатталады.

*Континенттік үлгіге* компания капиталының негізгі көзі болып табылатын банктермен тығыз байланыс орнату; есеп және есеп берудің түгелділігін заңды реттеу, сондай-ақ есеп және есеп беруге салық салу мен макроэкономикалық жоспарлауды мемлекеттік тұрғыда реттеуге бағыттау сипаты тән[1].

*Оңтүстік-амершандық үлгі* жоғары дәрежедегі инфляциямен, есеп пен есеп беруді мемлекеттік жоспарлау талабына бағыттау және есеп принциптерін бірегейлендірумен анық-талады. Тәжірибе көрсеткендей, бухгалтерлік есеп және есеп беру тәсілдерінің әр алуандығына қарамастан халықаралық деңгейде іскерлік қатынастың мүмкіндігін жеңілдету

үшін, есептің жалпы принциптерін дайындау қажет. Қазіргі кезде әлемдік шаруашылық және қаржы нарықтарын интернацио-ландыруды күшейтуді, ұлтаралық корпорациялардың ауқымын кеңейтуді көрсететін, бухгалтерлік есеп принциптерін бірегейлендіруге деген беталыс барған сайын артуда. Барлық елдер үшін бірыңғай есеп принциптерін жасау көп ұлтты кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметінде тиімді жұмыс істеу шарты болып табылды.

Тіпті жеке кәсіпкерлер мен шағын ұйымдар қолмен жасалатын операцияларды барынша азайтады және есеп процестерін автоматтандырады. Нарық осы мақсатқа арналған көптеген өнімдерді ұсынады - салықтарды есептеу және декларацияларды толтыру үшін қарапайым тегін бағдарламалардан компанияның барлық бизнес-процестерін автоматтандыруға арналған бүкіл ERP жүйелеріне дейін. Сонымен, нені пайдалану керек? Бұл сұраққа әркім өз бетінше жауап беруі керек. Мұның бәрі қажеттіліктерге, бухгалтерлік есеп түріне, қызмет саласының сипаттамаларына және басқа да көптеген факторларға байланысты. Әрине, бюджет есебінен. Бірақ бұл бағдарлама тек бухгалтердің қолындағы құрал екенін түсіну керек. Құрал қаншалықты жақсы болса да, бәрі оның қалай қолданылатынына байланысты. Тіпті ең жақсы бухгалтерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану қателерден, адами факторлардан, біліктілік пен жауапсыздықтан қорғауға кепілдік бермейді.

Қазақстан нарығында 1С өнімдерінің айқын көшбасшылығына қарамастан, олардың көптеген баламалары бар. Сонымен қатар, бизнесті автоматтандыруға арналған веб-шешімдердің танымалдылығына байланысты олардың саны үнемі өсіп келеді. Қазір 1С енгізуде үлкен тәжірибе мен үлкен клиенттік базаға ие болғанымен, уақыт өте келе жағдай өзгеруі мүмкін. Бірақ әзірге 1С компаниясы жылдан жылға цифрлық экономика жағдайында ресейлік нарықта өзінің қатысуын арттыруда[2].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының № 234-Ш Заңы (2022.01.01.берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304-I Заңы (2022.01.01.берілген өзгерістер мен толықтыруլармен).
3. Сотникова Л.В.Бухгалтерский учет и аудит кредитов и займов: Практическое пособие - М.: Издательство «Бухгалтерский учет», 2020.
4. Архипова А.И. Қаржы негіздері. ЖОО-ға арналған оқулық. - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2018.
5. Қанатбаева С.А. Әлеуметтік саланы бюджеттік қолдау шаралары//«Тұран» университетінің Хабаршысы. – 2020.
6. Сайлаубаев Б.С. Мемлекеттік бюджет. Оқулық – Алматы: Экономика, 2017.


## ОСОБЕННОСТИ ОБЕСПЕЧЕНИЕ БУХГАЛТЕРСКИХ ПРОГРАММ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.

**Аннотация**


В данной статье рассматриваются вопросы автоматизации бухгалтерской программы в условиях цифровизации.



***Ключевые слова:*** цифровизация, бухгалтерский учет, информация.

## FEATURES OF PROVIDING ACCOUNTING PROGRAMS IN THE CONDITIONS OF DIGITALIZATION.

**Abstract**

This article discusses issues in the form of automation of the accounting program in the conditions of digitalization.
***Key words:*** digitalization, accounting, information.

МРНТИ 06.73.07

**Қалдыбаева А.** [1]**, Калденова Г.С.** [2] **Иманбаева З.У.**[3]
[123]*Баишев университеті*

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНА ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕНІҢ ӘСЕРІ

**Аңдатпа**

Бұл мақалада авторлар Қазақстан Республикасының төлем жүйесін цифрландыру мәселелерін, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің цифрлық валютасын құру және енгізу мүмкіндігін қарастырды. Бұл шара Қазақстанға криптотехнологиялар мен цифрлық активтерді пайдаланудың әлемдік тәжірибесіне қосылуға мүмкіндік береді.
***Түйінді сөздер:*** цифрлық технология, мобильдік төлемдер, цифрлық теңге, электрондық ақша, цифрлық валюта, криптовалюта, СВИФТ жүйесі.

Пандемия сандық технологияға ұзақ көшуді жеделдетті. Мобильдік және қашықтан төлемдер жүргізу біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігі болып табылады. Жаңа технологиялар бөлшек төлемдерде өздерінің қатысуын кеңейтеді. Дәстүрлі қаржы модельдеріне қарсы шығатын "орталықтандырылмаған қаржы" тренді қарқынды дамып келеді. Орталықтандырылмаған қаржы әдеттегі банктік өнімдерді қол жетімді етеді, криптовалюталардың артықшылықтарын дамытады және Қаржы нарығын өзін-өзі реттеудің жаңа құралдарын ұсынады. Мұндай модель қаржы нарығының құбылмалылық тәуекелін арттырады, оның технологиялығына, жиі инфрақұрылымдық іркілістер мен бұзушылықтарға қарамастан, алаяқтық та кең таралған құбылыс болып табылады.

Орталық банктердің цифрлық валюталары жаңа цифрлық төлемдердегі қауіпсіздік пен бейтараптықты, қаржылық қолжетімділікті, инновацияларды және жүйенің ашықтығын арттыру арқылы ағымдағы сын-қатерлерге жауап бола алады. Орталық банктер елдің ақша – несие және қаржылық тұрақтылығын қорғау үшін жұмыс істейді. Орталық банктің цифрлық валютасы осы мақсаттарға қол жеткізу құралы болып табылады [1].

Цифрлық теңге жобасы әрбір азамат үшін арзан, жылдам, ыңғайлы және қауіпсіз төлемдерге тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында ҚР Ұлттық төлем жүйесін дамытуға және жаңғыртуға бағытталған. Цифрлық теңгені енгізу уақыт талабы болып табылады: пандемия кезеңінде банктік емес платформалардың дамуы жеделдеді, жеке жобалардың елдің ақша егемендігіне әсер етуінің әлеуетті тәуекелдері артты.

Орталық банктердің цифрлық валюталары (ОБЦВ) – екі жылдан бері Банк қауымдастығының назарын аударып келе жатқан тақырып. Бүгінгі таңда әлемнің орталық банктерінің 86%-ы Орталық банктердің цифрлық валюталарының қасиеттері мен енгізу нұсқаларын зерттеуді жүргізуде, 56-сы алғашқы нәтижелерін жариялады, екі елде цифрлық валюталар толығымен іске асырылды. Биыл осы тақырыпты пысықтауға Қазақстан да қосылды. Жаңа валюта қандай болады және ол ел экономикасына қалай әсер ететінін қарастырамыз.

Орталық банктің цифрлық валютасы (ОБЦВ) мемлекеттің ресми валютасының виртуалды нысаны болып табылады. Оның айырбас бағамы жоқ: цифрлық теңге әрқашан ұқсас дәстүрлі ақша бірлігіне, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз болады [2]. Жалпы жағдайда Орталық банктің цифрлық валютасының іске қосылуы мемлекеттің монетарлық саясатына әсер етпеуі тиіс. Алайда, бұл азаматтарға, банктерге және жалпы ел экономикасына көмектеседі.

Цифрлық теңге азаматтар мен ұйымдардың электрондық әмияндарында сақталатын болады, ал екінші деңгейдегі банктер транзакцияларды жүргізуге қатысатын болады. Бұл ақша қаржы жүйесінде қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз айналымда болады. Олар ақшаның екі классикалық формасының да қасиеттерін біріктіреді.

Мысалы, олардың сандық «сипатына» қарамастан, олар төлемдерді офлайн режимінде жүргізу мүмкіндігін жүзеге асыра алады. Бұл, мысалы, шалғай аймақтардағы интернетпен «жамылғы» байланысы жағдайында маңызды. Бұл жағдайда алушы да, ақша жіберуші де (мысалы, ұшақта) интернет болмаса да, қолма-қол ақшамен де төлей алады.

Орталық банктердің цифрлық валюталарды технологиялық толтыруға байланысты әртүрлі түрлерде сатуға болады. Мысалы, егер Норвегиялық банк орталықтандырылған схема бойынша "электрондық ақшаны" құру жолымен жүрсе, онда Швеция Банкі басқа нұсқаны таңдады және қазір орталықтандырылмаған айналымы бар электронды токен түрінде ұлттық валютаны шығару мүмкіндігін тексереді [3].

Бірақ сонымен бірге сандық валюталар тек оларға тән ерекше қасиеттерге ие.

Бір жағынан, ақшаны жіберуші мен алушының деректерін жасыру мүмкіндігі болған кезде құпиялық (анонимділік) ұғымы бар – бұл жеке өмірге кепілдік беретін қолма-қол ақшаның қасиеті. Алайда, осы тұрғыдан алғанда, ОБЦВ-да әлдеқайда көп мүмкіндіктер бар.

Цифрлық теңгенің болашағы үшін маңызды басты қасиеттерінің бірі икемделетін құпиялық (анонимділік) болуы мүмкін: клиент деректерді үшінші тарапқа көрсетуді қалайтынын немесе қаламайтынын өзі шеше алады. Атап айтқанда, төлемдерді жүргізу кезінде бөгде тұлғалар үшін ақпаратты жабуға болады, бірақ КЖ/ТҚҚ (кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл) жөніндегі іс-шаралар шеңберінде транзакцияны тексеру мүмкіндігін банк пен реттеушіге қалдыруға болады.

Сандық валюталар бағдарламалануы мүмкін: мысалы, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру кезінде белгілі бір ақшаны қандай мақсаттарға жұмсауға болатындығын сұрауға болады. Осының есебінен азаматтардың мұқтаж санаттарын әлеуметтік қолдау жүйесі неғұрлым тиімді болады.

Қазақстанның Мемлекеттік аппараты өз билігіне, мысалы, әлеуметтік қолдау шараларына бөлінген қаражаттың – зейнетақының, балалар жәрдемақысының, бизнесті дамытуға арналған гранттардың адресаттарға жеткенін тексеруге мүмкіндік беретін құрал алады. Әлеуметтік қолдау алушылардың мәртебесі автоматты режимде, тез және дәл, адам қателігінің қаупінсіз расталатын болады.

Қазақстанның көптеген шалғай өңірлерінде банк картасы бойынша транзакция жүргізу мүмкіндігі жоқ. Сандық теңге бұл мәселені шеше алады, өйткені пайдаланушы үшін әртүрлі тасымалдаушылардан, мысалы, смартфондардан немесе смарт-карталардан электрондық әмиянға қол жеткізуді ұйымдастыруға болады.

Бұл ретте жаңа ұлттық валютадағы транзакция банк картасын пайдалана отырып жасалатын төлемдерге қарағанда интернетке тұрақты қосылусыз да жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен қатар жеке сирек кездесетін қосылыстармен жасауға мүмкіндік береді, оның барысында төлемдер туралы ақпарат Орталық банктердің цифрлық валюта платформасына жіберіледі.

Бұл цифрлық қаржылық қызметтерге қол жеткізуге және қазір шалғай аудандарда тұратын және банктік қызметтерге қол жеткізе алмайтын көптеген адамдарды ресми экономикаға тартуға мүмкіндік береді. Қазақстан үшін бұл өзекті мәселе.

Сонымен қатар, екінші деңгейдегі банктер бұрын өзара іс-қимыл жасау мүмкін болмаған жаңа аудиторияға қол жеткізе алады. Бірақ одан да құнды, оларға дайын төлем инфрақұрылымы мен сандық платформа қол жетімді болады, оның негізінде бөлшек және корпоративтік клиенттер үшін жаңа қызметтер құруға болады.

Цифрлық теңге халыққа төлемдердің тағы бір қосымша тәсілін ұсынады. Оның айналымы ақша айырбастау мүмкіндіктерін кеңейте отырып, қолма-қол ақша мен қолма-қол ақшасыз ақша айналымына қосылады. Төлем жүйелерінің операторлары арасында бәсекелестік артады, бұл Қазақстанның қаржы жүйесінің барынша орнықтылығына ықпал ететін болады.

Алайда цифрлық теңге жобасында инновацияларды дамыту мүмкіндіктері өте кең. Олар, басқалармен қатар, төлем тек бағдарламаланған жағдайлар басталған кезде жүзеге асырылатын ақылды келісімшарттар технологиясын қолдануды қамтиды. Бұл түбегейлі жаңа қаржы өнімдерін жасауға жол ашады. Цифрлық теңгенің нәтижесі қандай болмасын, банктер үшін ол бәсекелестіктің жаңа перспективаларын туғызады және олардың ең заманауи қаржы трендтерімен қатар жүруіне көмектеседі.

Бүгінгі таңда банктер орталықтандырылмаған қаржы құралдарының (мысалы, криптовалюталар мен стейблокоиндер) даму қаупіне жауап беруі керек, оның капиталдандыру көлемі нарық ауқымында байқала бастады. Цифрлық теңгені дамытуға мүмкіндік беретін инновациялар банк секторының клиенттердің баламалы нарықтарға кету қаупіне жауабы болады.

Егер нақ Қазақстан Орталық Азияға Орталық банктердің цифрлық валюталарын енгізудің алғашқыларының бірі болған жағдайда, өзінің ОБЦВ трансшекаралық экономикалық жобаларда цифрлық теңгені пайдалану есебінен республикаға өңірдегі өз жағдайын нығайтуға мүмкіндік бере алады. Транзакциялардың қарапайымдылығы көршілермен есеп айырысудың тиімділігін арттыруға көмектеседі және SWIFT-ке балама халықаралық есеп айырысу механизмдерінің пайда болуына ықпал етеді.

Валютаның жаңа түрі экономикалық әлеуетін асыра бағалау қиын "Жаңа Жібек Жолы" бірыңғай еуразиялық көлік жүйесін құрудағы Қазақстанның рөлін арттыруға да ықпал етеді.

Сандық валюта бүкіл есеп айырысу тізбегін қайта құруға мүмкіндік береді. Барлық транзакциялар Ұлттық Банктің валютасында бірыңғай платформада жүргізілетіндіктен, қаржы ұйымында контрагент ретінде кредиттік тәуекелдер айтарлықтай төмендейді.

Сонымен, Қазақстанда цифрлық валютаның жасалуы ұлттық төлем жүйесінің тұрақтылығына оң әсерін тигізеді. Ол жаңа құралды қолда бар құралдармен қатар қолдана алады, оның негізінде дәстүрлі транзакциялық тетіктердің жұмысында қандай да бір бұзушылықтар болған жағдайда жұмыс істеудің сенімді сценарийлерін құра алады.

Уақыт өте келе, Орталық банктің цифрлық валюталарының ел аумағында кеңінен таралуы физикалық қолма-қол ақша көлемінің айтарлықтай төмендеуіне әкеледі. Бұл сонымен қатар айтарлықтай артықшылықтарға ие, мысалы, есеп айырысу тәуекелдерін, инкассация шығындарын және транзакцияларды азайтуға әкеледі.

Бұдан басқа, цифрлық теңге денсаулық сақтауда, білім беруде, азаматтар мен бизнестің қауіпсіздігін қорғауда азаматтар мен бизнес үшін тиімді цифрлық Мемлекеттік қызметтерді дамытуға ықпал етеді. Барлық осы салаларда сыбайлас жемқорлық, алаяқтық және теріс пайдалану үшін мүмкіндіктер айтарлықтай аз болады.

Мемлекет мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің, мемлекеттік қаражаттың мақсатты пайдаланылуын мониторингтеу мен бақылаудың үздік сапасын қамтамасыз ете алады. Жаңа валютаның кең функционалдық мүмкіндіктерінің арқасында өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнесті қолдау саласындағы салалық саясат неғұрлым икемді және тиімді болады. Салық салуды әкімшілендірудің жаңа мүмкіндіктері пайда болады, яғни салықтардың жиналуын арттыруды күтуге болады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://nationalbank.kz/ru
2. https://digital-tenge.payfintech.kz/
3. https://kapital.kz/experts/99368/tsifrovyye-valyuty-i-mogut-li-oni-byt-interesny-bankam.html

## ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВОГО ТЕНГЕ НА РАЗВИТИЕ ЭКОНОМИКИ

### Аннотация

В данной статье авторами рассмотрены вопросы цифровизации платежной системы Республики Казахстан, в частности возможность создания и внедрения цифровой валюты Национального банка Республики Казахстан. Данная мера позволит Казахстану присоединиться к мировому опыту использования криптотехнологий и цифровых активов.
***Ключевые слова:*** цифровая технология, мобильные платежи, цифровая тенге, электронные деньги, цифровая валюта, криптовалюта, система СВИФТ.

## THE IMPACT OF THE DIGITAL TENGE ON THE DEVELOPMENT OF THE ECONOMY

### Abstract

In this article, the authors consider the issues of digitalization of the payment system of the Republic of Kazakhstan, in particular, the possibility of creating and implementing a digital currency of the National Bank of the Republic of Kazakhstan. This measure will allow Kazakhstan to join the world experience in the use of cryptotechnologies and digital assets.
***Keywords:*** digital technology, mobile payments, digital tenge, electronic money, digital currency, cryptocurrency, SWIFT system.

## ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ -ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 38.53.21

**Н.Н. Алдамжаров[1], А. Алдамжар[2]**
*[12]Баишев Университет*
*aldamzharov_n@mail.ru[1], artyurk@mail.ru[2]*

# АНАЛИЗ БУРЕНИЯ ГОРИЗОНТАЛЬНОЙ СКВАЖИНЫ МЕСТОРОЖДЕНИИ АО «СНПС-АКТОБЕМУНАЙГАЗ»

**Аннотация**

В статье описывается исследование работы горизонтальной скважины, пробуренная и освоенная на месторождении АО «СНПС-Актобемунайгаз».

Рекомендуется бурение горизонтальных скважин. Это связано с тем, что дебит вертикальных скважин 40-50 м3 нефти в сутки, а горизонтальная скважина 8002 дает около 170 м3 нефти в сутки.

***Ключевые слова:*** разработка нефтегазовых месторождений, наклонно-горизонтальная скважина, «реанимация» бездействующего фонда скважин, забуривания из эксплуатационных колонн боковых стволов.

Развитие нефтегазового комплекса невозможно без создания и развития научных и технико-технологических решений, обеспечивающих кратное увеличение показателей разработки месторождений.

Подсолевые залежи Кенкияк по литолого-стратиграфическому разрезу подразделяется на два нефтеносных комплекса отложений – подсолевой терригенный комплекс нижний перми и карбонатный среднего карбона.

Основные параметры представлены в таблице.

Таблица. Основные параметры залежи

| Комплекс отложений | Литология | Средняя глубина залежи, м | Давление пластовое, МПа | Градиент пластового давления | Примечание |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| нижнепермский | песчаники | 4105 | 73 | 1.79 | |
| каменноугольный | карбонаты | 4355 | 80 – 84 | 1.84 | АВПД |

На 1.01. 2002 были пробурены 42 скважины, которые относятся – к поисковым. Конструкция скважин, диаметр обсадных колонн, способ освоения и так далее имеют большую разницу по сравнению с эксплуатационными скважинами.

Первая глубокая горизонтальная скважина в Казахстане была пробурена в 1998-1999 г. Это скважина 2407 на месторождении Жанажол глубиной - 4029 м., с общим смещением - 295 м. По месторождению Жанажол пробурены около 35 горизонтальных скважин.

Основываясь на имеющийся опыт разработки горизонтальных скважин на месторождении Жанажол, специалисты поставили вопрос о целесообразности и перспективе их строительства для разработки месторождения Кенкияк – подсолевой.

Бурение скважины 8002 Кенкияк – подсолевой проводилось на базе индивидуального рабочего проекта на строительства скважины месторождения Кенкияк – подсолевой, выполненного НИИ по разработке нефтегазовых месторождений.

Скважина 8002 - горизонтальная скважина, пробуренная и освоенная на месторождении Кенкияк-подсолевой с АВПД.

Цель и назначение скважины – определение продуктивности каменноугольных отложений и изучение технологии бурения горизонтальной скважины на месторождении с АВПД.

При разработке проекта были использованы спец. оборудования и технологии, имеющиеся в ТОО «Казахстанско-китайская буровая компания - Великая стена».

Начало бурения 16 апреля 2018 г., конец 20 марта 2019 г.

Основные фактические параметры скважины:

- направления - Ø 508.0 мм х 30 м;
- кондуктор – Ø 339.7 мм х 1400 м;
- техническая колонна – Ø 244.5 мм 3717 м;
- эксплуатационная колонна – Ø 168.3 мм х 3000 м;
  (комбинированная) Ø 139.3 мм х 4819 м;
- глубина начала набора кривизны, м - 3950 м;
- азимут, град – 176.8;
-о бщие смещения, м – 650.3;

По вертикали продуктивные карбонатные пласты на глубине - 4418 м. До подсолевых отложений скважина перекрывается технической колонной до глубины – 3717 м. Бурение под эксплуатационную колонну представляет наибольшую сложность в процессе набора кривизны и до проектной глубины. Тяжелейшие условия бурения: большая глубина скважины по стволу, большой удельный вес промывочной жидкости (2.06 г/см$^3$), геологический разрез сложен как неустойчивыми аргиллитами, так и нефте – и водонасыщенными песчаниками с аномально высоким пластовым давлением - 864 кгс/см$^3$.

Под углом 52 – 60 градуса скважина вскрыла карбонатные отложения. Максимальный зенитный угол на проектной глубине – более 80 градусов.

По материалам геофизических исследований выделено 23 продуктивных пласта – коллектора с общей мощностью – 202. 5 м., при переводе на вертикальные глубины это составляет – 60.1 м.

При этом на глубине 4825 м общее смещение составило - 650.3 м (рисунок 1).

Пространственное изображение траектории ствола горизонтальной скважины 8002




Рисунок 1

Вертикальные скважины на месторождении Кенкияк-подсолевой с дебитами 40-50 тонн в сутки не рентабельны, а ожидаемый дебит от горизонтальной скважины 150 и более тонн в сутки.

На 1.04.2019 г. дебит нефти через 7.5 мм штуцер составила 163 $м^3$/сут. Горизонтальная скважина 8002 выполнила свою задачу [1, с. 1-5].

**Список использованной литературы**


1. Материалы по горизонтальной скважине 8002 Кенкияк-подсолевой. – Актобе., 2019.
2. Григорян А.М. Разветвленное-горизонтальные скважины ближайшее будущее нефтяной промышленности. – М., Нефтяное хозяйство. 2013/11. – С. 2- 12.
3. Алдамжаров Н.Н. Строительства горизонтальных скважин на месторождении Кенкияк
4. //V Международной симпозиум по бурению скважин в осложненных условиях. - С-П., 11-15 июня 2014. – С.5-6.
5. Алдамжаров Н.Н., Музапаров М.Ж. и Турсын А. Факторы, влияющие на добычу нефти месторождения Кенкияк. Нефть и газ, 3/2014. – Алматы, 2014. – С. 53-57.
6. Машаев А.Е., Алдамжаров Н.Н. Применение пен в технологических процессах нефтедобычи. – Актобе, 2015. - С.29.


## «СНПС-АҚТӨБЕМУНАЙГАЗ» АҚ КЕНІШІНДЕГІ КӨЛБЕЙ БҰРҒЫЛАНҒАН ҰҢҒЫМАҒА ТАЛДАУ ЖАСАУ

**Аңдатпа**


Бұл мақалада, Қенкияқ кенішіндегі көлбей бұрғыланған 8002 ұңғымасының жұмысына талдау жасалынады.

Көлбей бұрғыланған ұңғыманың жұмысын талдау ретінде, келешекте көлбей қазылатын ұңғымаларды бұрғылауға кеңес беріледі. Оның себебі тік ұңғыма тәулігіне 40-50 $м^3$ мұнай берсе, көлбей қазылған 8002 ұңғымасы тәулігіне 163 $м^3$ мұнай береді.


***Түйінді сөздер:*** кен орындарын игеру. көлбеу ұңғыма, кен орнында бүйір оқпан бұрғылау, тоқтап тұрған ұңғымаларды «жандандыру».

## ANALYSIS DRILLING OF A HORIZONTAL WELL IN THE FIELD OF «AKTOBEMUNAIGAS» JSC

**Abstract**


In this material the analysis of a horizontal well 8002 in deposit Kenkiuk is carried out (spent).

On the basis drilling of a horizontal well on the large depth, henceforth it is offered drillings such wells. Because if production of vertical wells in per day 40-50 $m^3$, production of a horizontal well 8002 deposit Kenkiuk in per day 163 $m^3$.


***Keywords:*** working mine, horizontal mining hole, «reanimation» of inactive fund of mining holes, spudding from the operating columns of lateral barrels.

МРНТИ 20.23.25

**Таванова Н.М.[1], Сундетова А. Р. [2], Нұрғазы Л. Қ.[3], Имангазина Н.А. [4]**
*[1] Учреждение «АРГУ имени Қ.Жубанова»,*
*[2,3,4] Учреждение «Баишев Университет», 030000, Казахстан, г. Актобе, ул. Братьев Жубановых, 302А*
***[1] Brilliant_777@list.ru, [4] ian_abd89@mail.ru***

# ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

**Аңдатпа.**

Бұл мақалада қажеттілік жүйесі арасында жалпы орта білім беруде, жоғарғы білімді информатика маманының сәйкес келмеуімен анықталады, яғни қажетті білімді және ақылды, жаңа программалық жүйе компьютерлік технологиясын меңгерген және оның берілген тақырып төңірегіндегі дайындығын қазіргі жүйедегі жоғарғы педагогикалық білім беруде қолдану.
***Түйінді сөздер:*** жаңа педагогикалық технологиялар, ақпараттандыруды дамыту ортасы, телекоммуникациялық жоба.

Еліміздің ертеңі бүгінгі жастар тәрбиесіне көп байланысты болатындығы белгілі. Бұл мәселеге Қасым-Жомарт Тоқаев ұдайы көңіл бөліп келуде. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында жалпы елдің, оның ішінде білім беру саласының да алдында тұрған міндеттерді толық айқындап берді. Әсіресе, "өткен ғасырдың отызыншы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске біздің азаматтарды, әсіресе, жастарды шақырамын" деген сөздері ерекше айтылған. Шынында да қазіргі уақытта компьютермен жұмыс істей білмейінше, заман ағымына, дүниежүзілік даму үрдісіне ілесу мүмкін емес. Сол себепті, мектеп қабырғасында оқып жүрген кезден бастап, осы бір ғажап құралдың тілін үйренудің берер пайдасы зор болмақ.

Бүкіл әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, XXI ғасырда жеке тұлға мен қоғамның өскелең талаптарына сай білім беру орындарына қойылатын талаптардың да өсуіне әкеліп соқтырды. Оған қоса біздің заманымызда болып жатқан түбегейлі өзгерістерге бұрынғы дәстүрлі білім беру құрылымдары мен оқыту әдістемелерінің сәйкес келмей жатқаны белгілі болып отыр. Білім мазмұнының өзі де өзгеріске ұшырады. Мұндай өзгерістер адамдардың мәлімет алмасуына, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде жүзеге асырылуда. 1997 жылы республикамызда алғашқы қабылданған орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы бұл істің мемлекет көлемінде қолға алудың басы болды. Келесі жылдары «Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу мекемелерін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы, 2001ж», «Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңы, 2003ж» және «2005-2010 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2005ж» қабылданды. Осы бағдарламалардың орындалу барысында еліміздің барлық мектептері компьютерлендірілді [1,2].

Қоғамның дамуының әр кезеңіне орай оқытудың білім беру саласында өзіндік мақсаттары болады. Телекоммуникацияның білім беру саласына ықпалы айтарлықтай маңызды. Яғни, мектеп білімінің жүйесінде әртүрлі ақпараттарға: әдебиет пен шығармашылық, ғылыми пәндер, экология, пәнаралық сабақтар, оқытудың бағдарламалық жүйесі (мультимедиа, гипермәтін, электронды, ғылыми зерттеулер және т.б.) ашық қатынас

жасай білу. Осыған орай барлық мектептер жаңа компьютерлермен қамтамасыз етіліп, алғашқы мемлекеттік стандарт жобасы жасалынып, информатика пәні 7-сыныптан бастап оқытылып жатқандығы бәрімізге белгілі.

Соңғы жылдары дүниежүзі елдерінің білім беру орындары компьютерлік телекоммуникация технологияны қашықтан оқыту мақсатында қолдану мүмкіншілігіне назар аударды. Қашықтықтан оқыту – бұл алыс аралықта оқыту, яғни бұл жағдайда оқушы оқытушыдан белгілі қашықтықта болады. Көп жылдар бойы оқытудың бұл түрі біздің елде сырттай оқыту ретінде белгілі болды.

Компьютерлік телекоммуникация құралдарының информатика курсына енуіне байланысты информатика курсында телекоммуникацияны оқыту жергілікті желілерді қарастырудан басталады. Жергілікті желілерді қолданудың педагогикалық мүмкіндіктеріне (мәліметтерді бірігіп қолдану, бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету және т/б.) білім беру жүйесінде аз көңіл бөлінеді. Алғашқы еңбектерде жергілікті желінің тек функционалдық мүмкіндіктері туралы жазылған. ”Информатика және есептеуіш техника негіздері” базалық курсында электрондық почта, телеконференция, электрондық хабарландыру тақтасы қарастырылған.

Қазір ақпараттық қоғамның дамуына орай Интернеттің пайда болуымен телекоммуникацияны оқытуға көп көңіл бөлінуде. Е.С.Полат “телекоммуникацияны ақпараттық технологиялар құралы деп қысқаша түсінік береді, яғни кез-келген хабар немесе әртүрлі белгілердің, сигналдардың, дыбыстардың, бейнелердің оптикалық жолмен, радиомен немесе кез-келген электрмагниттік жүйелердің көмегімен қабылдануы”. Телекоммуникация жүйесі мектеп, аудан-қаладағы және т.б. компьютерлік желілердің бірігуі арқылы құрылады.

80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басы жоғарыда айтылғандай жаңа ақпараттық технология құралдарының енуімен тікелей байланысты. Ал, бұл үдеріс, И.В.Роберттің айтуы бойынша «телекоммуниция құралдарынының көмегінсіз мүмкін емес».

Телекоммуникация құралдарын оқу жүйесінде алғаш рет қолдану оқушыларды компьютерлік, телекоммуникациялық технологияларға оқыту барысында 1985 жылы Велихов-Гамбург совет-американдық зерттеу бағдарламасы бойынша тиімді әдістерді өңдеуде қолданылды. Бағдарламаны сәйкес Е.П.Велихов (КСРО) және Д.Гамбург (АҚШ) басқарды. Бағдарламаның басты мақсаты – бұл жаңа телекоммуникациялық технологияларды қолданып, халықаралық ғылыми бірігудің тиімді моделін өңдеу. Компьютерлік технологиялар телекоммуникациялық бағдарламаны іске асыратын ұйымды қамтамасыз ету құрылғысы болып табылады. Бағдарлама бойынша қарым-қатынасты ұйымдастырудың негізгі формасы телеконференция болып табылады.

1985 жылдың күзінде АҚШ, Непал, Жапония, Индонезия, Египет және Канада елдерінің бірігуімен телекоммуникациялық жүйелер бойынша халықаралық жоба жасалынды. Жобаның басты мақсаты – телекоммуникацияның қарым-қатынас құралы – электрондық почтаның қызметін халыққа ұсыну. Кейіннен Австралияда бастауыш мектеп пен “Киборд коннекшенз” балалар бақшасының телекоммуникациясы туралы жоба пайда болды. Америка, Жапон және Израиль ғалымдарының бірігуімен “интермәдениетті оқыту желісі” бағдарламасы жасалынды. Халықаралық телекоммуникациялық жобалардың тәжірибесі Е.С.Полаттың еңбегінде көрсетілген.

Біздің елімізде ақпараттық желілерді құрудағы білімді ақпараттандыру жүйесінің енуіне байланысты мәселеге 90-жылдардың ортасына дейін жеткілікті көңіл бөлінген жоқ. Сонымен қатар оқу-әдістемелік кешендер, оқу құралдары аз болды [3].

Еліміздегі білім беру жүйесінде телекоммуникацияларды қолдану мәселесі 90-жылдардың ортасында қарастырылды. Зерттеушілердің бір тобы өз еңбектерін арнайы білім жүйесіндегі телекоммуникациялық желілердің мүмкіндіктеріне немесе А.Ю.Уваровтың анықтауы бойынша “Компьютерлік оқыту желісіне” арнады.

Қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі телекоммуникация Е.С.Полат, А.Ю.Уваров, С.Д.Каракозов, Н.Д.Угринович, Д.А.Богданова, Е.Ы.Бидайбеков пен В.В.Гриншкун, Г.К.Изтлеуова, А.В.Шелухина, И.Е.Костенко, С.Н.Конева, А.Л.Муховиков және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Телекоммуникацияны білім беру жүйесіне енгізу жергілікті желілерден басталады. Жергілікті желілерді қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері (мәліметтерді бірігіп қолдану, бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыз ету және т.б.) білім беру жүйесінде аз қарастырылған.

Білім жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасында жаңа педагогикалық әдістердің іс жүзінде жүргізілуіне байланысты телекоммуникация құралдарын пайдалану керектігі айтылған. Қазіргі кезде компьютерлік телекоммуникациялар Қазақстан және Ресей мектептеріне қарқынды еніп жатыр. Ресей білім министрлігі 1995 жылдың ақпан айында мектептегі информатика мазмұнының құрауыштары деп "…телекоммуникациялар, әртүрлі типтегі телекоммуникациялық желілер (жергілікті, жалпы (ауқымды) желілер), олардың түрлері, электрондық почта, телеконференция" екенін атап айтқан.

Осыдан біз телекоммуникация мазмұнының білім жүйесіне терең еніп жатқанын байқаймыз. Телекоммуникациялық технологиялар туралы сұрақтар бірте-бірте ұлғайып, кейінгі кезде "ақпараттық және коммуникациялық технологиялар " деген ұғым жиі айтылып жүр.

Білім жүйесінің қазіргі кездегі қиыншылықтарына қарамастан, оның басты мақсаты – мектептерді ақпараттандыру болып отыр. Бұл мақсат бойынша біз мектептегі компьютерлік сыныптар білім беру жүйесіне сәйкес бағдарламалармен қамтамасыз етілген деп ойлаймыз. Бірақ, компьютерлендіру басты мақсат болғанымен, бұл жұмыстар қаржы және ұйымдастыру мүмкіндігіне байланысты екенін естен шығармауымыз қажет. Бұл мәселенің шешімін тапқан әрбір мектептің алдында енді техникалық емес, келесі: "Бұл техникамен оқыту жүйесінде не істейміз?" деген педагогикалық сұрақ тұр. Әрине, бәрімізге белгілі бұл техниканы "Информатика" курсын оқытуда қолданамыз. Бірақ, көпшілігіміз қазір ақпараттандыру қоғамы болғандықтан, мектептегі компьютерлік сыныптарды оқыту жүйесіндегі барлық пәндерде қолдану керек деп түсінеміз. Енді осы мәселені қарастырып көрелік.

Информатика курсын оқытуда оқушыларға ақпараттық үдерістерді оқыту болғандықтан, В.Н.Глушков былай айтқан еді: "ақпараттық технологиялар – ақпараттарды өңдеуге байланысты жүйелер. Қорыта айтқанда, ақпараттық технологиялар оқыту барысында әрқашан қолданылған" . Сонымен қатар, кез-келген әдістеме немесе педагогикалық технологиялар оқушылардың жақсы қабылдауы үшін ақпараттарды қалай өңдеу және тасымалдау керектігін анықтайды. Яғни, кез-келген педагогикалық технология, бұл – ақпараттық технология. Компьютерлер білім беру жүйесінде кеңінен қолданыла бастағанда, ақпараттық технологиялармен оқыту жайлы айтыла бастады. Бірақ, бұл ақпараттық технологиялар оқыту жүйесінде бұрыннан бар болған соң, білім беру жүйесінде "жаңа ақпараттық технология" ұғымы пайда болды. Ал, "жаңа ақпараттық технологиялар (ЖАТ)" ұғымының пайда болуы негізінде компьютерлердің қарқынды дамуымен байланысты. Ақпараттық технологиялардың көмегімен бағдарламалауды, сараптама жүйесін, гипермәтін, мультимедиа және т.б. тақырыптарды оқытады. Бұл технологияларды оқытудың жаңа әдістерін пайдалана отырып, оқытудың мақсаты мен жағдайына байланысты қолдану тиіс [4,5].

Бүгінде жаңа телекоммуникациялық жүйенің дамуына байланысты оқу орындарында техникалық құралдардың жетіспеуінен, мұғалімдердің аталған құралдармен жұмыс істеуге дайын болмауынан, арнайы оқу-әдістемелік құралдарының жоқтығынан біраз кедергілер туып отыр.

Информатиканы оқыту мазмұны Қазақстандағы, сонымен қатар ТМД-ның басқа елдеріндегі соңғы тұжырымдамасына сәйкес информатика пәнінің оқу жоспарлары мен

бағдарламалары телекоммуникациямен, Интернет желісімен және оның ақпараттық қорларымен байланысты тақырыптарды қамтуы тиіс. Осы орайда жалпы оқыту және жалпы мәдениеттік дағдыларды қалыптастыруда оқушылардың ақпаратпен және оларды өңдеу құралдарымен жұмысына, ақпараттық қоғамда ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда ерекше көңіл бөлінуде. Ақпараттық мәдениет ақпараттық техникалық кеңістікте жалпы телекоммуникациялық желілерімен жұмыс жасауда басты фактор болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. «Информатика негіздері» журналы №4-2008 жыл – Ж. Садыбекова
2. «Оқу –тәрби үрдісінде ақпараттық –коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі» №3-2006 жыл - М. Ғалымжанова
3. Б. А. Әлмұхамбетова, М. А. Ғалымжанова «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық –коммуникациялық технологиялардың қолданылуы»
4. М. А. Ғалымжанова «Педагогтардың ақпараттық –коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру бағыттары»
5. Информатика негіздері №2-2008 жыл Сұрауымбетова Р. «Білім беру деңгейін көтеруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі»
6. Ю.В. Бородакий, Ю.Г. Лободинский «Информационные технологии»
7. С.А. Бешенков, А.Г. Гейн, С.Г.Григорьев «Информатика и информационные технологии»
8. П.Нортон, У. Станек «Программирование на Java»
9. Әбдиев Қ.С., Ошанова Н.Т. Телекоммуникация сабақтары. Әдістемелік құрал // Алматы: ТОО «СВ-Принт». 2005. – Б. 40.


## СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

**Аннотация**

В этой статье описано, как определяется несоответствием между системой потребностей в общем среднем образовании и высокообразованным специалистом по информатике, то есть необходимыми знаниями и интеллектом, освоившим компьютерную технику новой программной системы и использованием своей подготовки на данной тема в действующей системе высшего педагогического образования.
***Ключевые слова:*** новые педагогические технологии, информационная среда разработки, телекоммуникационный проект.

## THE CURRENT STATE OF TEACHING TELECOMMUNICATIONS TECHNOLOGY IN HIGHER EDUCATION

**Abstract**

This article describes how it is determined by the discrepancy between the system of needs in general secondary education and a highly educated computer scientist, that is, the necessary knowledge and intellect who has mastered the computer technology of a new software system and the use of his training on this topic in the current system of higher pedagogical education.
***Keywords:*** new pedagogical technologies, information development environment, telecommunication project.

МРНТИ 14.01.29

**К. Ш. Шураханова**
*КАТУим.С.Сейфуллина, г.Нур-Султан*
*kanshaim5959@mail.ru*

# АКТУАЛЬНОСТЬ ВОПРОСА ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ В НАЦИОНАЛЬНОЙ СИТЕМЕ КАЗАХСТАНА.

**Аннотация**

Электронное обучение стало приоритетным путем в национальной системе образования.
***Ключевые слова:*** Электронное обучение, система образования, анализ больших данных

В современном мире на подготовку учащихся в образовательных учреждениях, в которых применяется принцип обучения через жизнедеятельность общества, то есть в обществе должно быть ориентирована на основе взаимодействия мобильных инфокоммуникационных средств, где имеется доступ открытое цифровое образовательное пространство.

Как всем известно существует механизм перехода на современную парадигму внедрения обучения так называемое электронное обучение по руководству педагогических и коммуникационных техники, где обеспечивается радикальное повышение результата качественного образования.

В рамках государственной программы на 2011-2020 годы электронное обучение стало приоритетным путем в национальной системе образования.

Несмотря на все цифровые образовательные ресурсы необходимы для различных форматов в доступном для каждого независимо где любой пользователь может произвести подключение где бы он не находился. В целях самостоятельного использования и подготовки ее цифровые образовательные ресурсы могут быть использованы как ППС для проведения занятий, так и студентов/учащимися. В целом инновационные ресурсы должны позволять педагогу формировать учебные средства для различных направлений обучения [1,С-2].

В настоящее время в национальной системе образования на стадии внедрения есть ряд новых технологий:

<u>Smart-школа</u>

В городе Петропавловск а именно в городской классической гимназии им. С. Шаймерденова функционирует в качестве демо-проект «Smart-школа», который обеспечивает родителям узнавать, во сколько и когда ребенок посещал школу и сколько денег он потратил на питание. Система контроля управления доступом (СКУД), которая создана для школ, она предотвращает проникновение посторонних людей, и с помощью сообщений приходит уведомление родителям о времени прихода ребенка и ухода из школы. Запущен также модуль «Е-Столовая». Этот модуль позволит ученикам посредством карточки оплачивать свои питания с помощью нее. В ней будет указана информация о затрате и предпочтениях учащихся, по карте также можно следить за его рационом.

<u>Smart-детский сад</u>

Запущен проект в детском саду «Алтын бесік» в г. Петропавловске, в результате которого можно вести электронный учет мониторинг посещаемости, развития детей и автоматизировать внутренние процессы. Также в детские сады позволит не допустить вход посторонним, т.к. вход будут доступны только родителям детей. Кроме того, в систему можно вносить данные обо всем включая успеваемость, питание и здоровье ребенка, чтобы

было проще отследить его результаты. Указанный проект постепенно будет внедрен в остальных государственных дошкольных заведениях города.

Е-күнделік

Это своего рода оцифрованная система в сфере образования «Күнделік», которая объединяет возможности ведомости успеваемости учащихся для образовательных учреждений и средства социального сетевого взаимодействия между всеми участниками образовательного процесса: ППС, родителями и учениками.

А что касается базы данных в системе образования есть ряд направлений по которым ведутся дальнейшие реализации.

Такие как, Национальная образовательная база данных. В данной системе зарегистрированы более двадцати тысяч организаций в образовательных организациях, где содержится сведения около 4,5 млн.пользователей (в том числе данные о материально-технической базе, которые используют в целях процесса учебы.). В целом удобен для пользования и заверяются посредством ЭЦП[2].

Далее существует система обработки, сбора и анализа больших данных (Big Data)

В целях объединения по использованию облачных технологий для повышения эффективности труда и принятия решений предусмотрена Big Data[3].

С помощью база данных любой пользователь у которого есть доступ может в свободном режиме рассмотреть для себя и в целях учебного процесса различные методы обучения. Также на базе нейронных сетей есть акустическая модель казахского языка. Рассмотрены литературный обзор механизмов и алгоритмов машинного перевода в рамках статистического подхода, а также изучение методов оценки качества машинного перевода.

Наряду с этим, для более эффективного использования посредством интерактивной карты позволяет узнавать о наличии свободных мест в учебных учреждениях действующего населенного пункта, а также сравнить качество образования в школах, педагогического состава и материально-технического оснащения школ. Применение технологий "больших данных" приводит пользователя к новому подходу в выявлении и анализе данных потребностей населения в получении качественного образования[4].

На портале «System for education data analysis» представлен также анализ данных потребностей населения в получении качественного образования, преимуществом системы является возможность проверки достоверности дипломов учащихся/студентов, выданных организациями высшего, технического и профессионального образования Казахстана [5].

На сегодняшний день большие данные стали часто употребляемой фразой в общественном дискурсе, как оптимистично, но также и спорно. Большие данные представляют собой "революцию, которая изменит то, как мы живем, работаем и думаем", изменит то, как мы ведем бизнес, участвуем в управлении государством и управляем своей личной жизнью. В сфере образования мы наблюдаем подобный ряд надежд и ожиданий, связанных с наступлением эры больших данных.

При мониторинге структур данных система может фиксировать происхождение информационного элемента, его назначение (где используется), тип данных, имя и значение (в виде совокупности действий, выполняющихся с информационным элементом).

Если система может адаптироваться к конкретным условиям эксплуатации в процессе работы, то эти изменения должны быть достаточно медленными, чтобы обеспечить достаточную стабильность процедур, выполняемых пользователем. В настоящее время используются два способа мониторинга:

1. Мониторинг вычислительной системы, анализирующий потоки данных и передачи управления.

2. Мониторинг времени исполнения, опирающийся на измерения величин, отражающих сигналы и состояния физического и логического уровня тех или иных программ.

С одной стороны, считается, что большие данные гарантируют учителям и учащимся новую эру индивидуального обучения, оперативного формирующего оценивания, активно вовлеченной педагогики и совместного обучения. С другой стороны, критики обеспокоены такими вопросами, как конфиденциальность данных учащихся, последствия профилирования учащихся, усиление дидактической педагогики, преподавание на основе тестов и инвазивные режимы подотчетности учителей.

Независимо от того, придерживается ли кто-то оптимистичных или тревожных взглядов, все согласны с тем, что изменения существенны и что педагоги, еще почти не изучили их последствия[6].

**Список использованной литературы**


1. Министерство образования и науки Республики Казахстан Национальный центр информатизации «Стандарт разработки цифровых образовательных ресурсов для системы электронного обучения в организациях среднего общего образования». Алматы. 2011.
2. Портал электронного Правительства, раздел новые технологии в сфере образования.
3. Большие данные приходят в школу: Последствия для обучения, оценки и исследований. Под. ред. Авторов Мэри Каланциза и Била Коупа. США, Шт.Иллинойс, 2016.
4. Искусственный интеллект в образовании в образовании: Изменение темпов обучения/Аналитическая записка ИИТО Юнеско, СТИВЕН ДАГГЭН, Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании. 2020.
5. О.А. Фиофанова., Анализ больших данных в сфере образования: методология и технологии. Издательство Издательский дом дело. 2020, 30 с.
6. Hui Xie and Li Wei., Проектирование сетевого и цифрового обучения Платформа на основе больших данных. Журнал "Физика: Серия конференций. 2020


## THE RELEVANCE OF THE ISSUE OF DIGITALIZATION OF EDUCATION IN THE NATIONAL SYSTEM OF KAZAKHSTAN.

**Abstract**

E-learning has become a priority path in the national education system.
***Keywords:*** E-learning, education system, big data analysis

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.

**Аннотация**

Электрондық оқыту ұлттық білім беру жүйесінде басым бағытқа айналды.
***Түйінді сөздер:*** Электрондық оқыту, білім беру жүйесі, үлкен деректерді талдау

## ӘЛЕУМЕТТІК –ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР/ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

МРНТИ 17.71.91

**Асан Жұманазар[1], Сахитжанова Ботакөз Октябрьқызы[2]**
*[12]Баишев университеті*

# ӘБУБӘКІР ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ТУРАЛЫ

**Аңдатпа**

Мақалада жыр жүйрігі Кердері Әбубәкір шығармаларын мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту мәселесі айтылған. Атап айтқанда, ақынның әлеуметтік жағдайға байланысты шығармалрын оқытудың керектігі дәлелденген.
***Түйінді сөздер:*** Әбубәкір, әлеуметтік мәселе, ақын,Сарышолақ, Қазақстан.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ақындарының ең көрнектілерінің бірі Әбубәкір Боранқұлұлы еді. Оны көптеген ақын үлгі тұтты, ұстазы санады. Дақпырты Қазақ жерінен әрі асып Орта Азия елдеріне жетті. Әбубәкір шын мәнісінде осындай абырой-атаққа лайықты адам, даңқты ақын. Алайда, қызыл империяның тиым салуы себепті тәуелсіздік алғанға шейін оның есімін атауға, шығармаларын жарыққа шығаруға мүмкіншілік болмады. Жалғыз Әбубәкір емес, «зар заман» ақындарының жолы қазақтың бұрынғы-соңғы ақындарымен салыстырғанда тым ауыр болғаны баршаға аян. Қызылдардың қазан төңкерісіне дейін өлең толғаулары баспа жүзін көрген, кітап түрінде шыққан Дулат, Шортанбай, Мұрат, Кердері Әбубәкір сияқты жыр дүлділдерінің әуелгі қарқында есімдері аталып, олар жайлы басы ұлы М.Әуезов болып бірсыпыра ғалымдарымыз еңбектер жазып көпшілікке, ғылыми ортаға мәлім еткен еді. Тасқа басылған есімдері ел жадында қалып, шығармалары оқулыққа еніп еді. Алайда советтік қызыл коммунистер ес жиған сайын ұлттық сананы өшіру мақсатында қаулы үстіне қаулы шығарып, әйгілі жыр дүлдүлдерінің ісі терістеліп, есіміне қара жағылды. Олардың кейбір тиым салынған сөздерін айтқандар қуғын-сүргінге түсірілді. Әсіресе, Қазақстан компартиясы орталық комитетінің 1947 жылғы 21 қаңтардағы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел қателер туралы» қандықылыш қаулысы қазақ әдебиетін Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, Базар, Ғұмар, Шәңгерейлерсіз қалдырды. Қазақ әдебиетінің тарихы советтік отаршылдық көзқарас тұрғысынан қайта жазылып, жарымжан кепке түсті. Тек тәуелсіздікке қол жеткен соң ғана орынсыз, ретсіз күстаналанған қазақ поэзиясының қас жүйріктері қайта ақталынды. Еңбектері алаш қауымының игілігіне айнала бастады.

Әбубәкір мұрасының жанры сан салалы, онда толғау, арнау, жоқтау, төкпе айтыс, жазба айтыс, жұмбақ айтыс, сықақ-эпиграмма, мадақ, саяси-әлеуметтік, философиялық жырлар, көңіл-күй лирикалары, шежіре-жыр, дін мәселесіне арналған өлеңдер бар.

Тақырып мәселесіне келсек, ақын туындыларының сүбелі бөлігі отарлауға түскен қазақтың жай-күйін бейнелеуге арналған.

Патшалық Ресейдің отарлау саясаты өз күшіне мінген соң, ең шұрайлы жерлер кешегі тың игеру кезіндегідей көшіріліп әкелінген қарашекпендерге , яғни орыс мұжықтарына берілді. Мұны көріп, ой елегінен өткізіп отырған Әбубәкір:

Жаһан сарай тарылып
Жеріміз кірді гранға.
Жер тарылып, су кетсе,
Заманымыз, жарандар,

Қалмағай-ды тұманға, – дейді[1, 205-б.].

Отарлаушылар қазақтың хандық мемлекетін құлатып, сұлтандарын сыртқа тепті. Халқын сатқан күлк-құтандарын басшылыққа, билік басына қойды. Жақсының басы есікте қалды.

Артылған заман болды аттан есек,
Залымның ғибадаты – ұрлық, өсек.
Құлдардың азат тиген күні туды,
Аюдай ақырады «құлсың» десек[1, 174-б.],

немесе,

Қараның ұлы хан болды,
Құлдан туған паң болды.
Сары сулар ас болды.
Әруақты ердің тұқымы
Дұшпаныменен дос болды.
Халық ұстаған хандарым,
Тағынан түсіп көлбеді.
Ақсақалдар жығылып,
Жас балалар тергеді.
Не жамандар түзеліп,
Жоғары қарай өрледі.
Жүрегі ат басындай ерлерім
Қайғы басып шерледі[1, 183-б.].

Құлдық бұғауға түскен соң «Заманға жаман күйлемек, заман оны илемек» деп хакім Абай айтқандай қанаудағы халықтың да таным-түсінігі өзгеріп, басқаша сыпат алары хақ. Ол туралы Әбубәкір ақын:

Бүгін көрген достарың
Қайта көрсең таңда жоқ.
Таңда көрген достарың
Екінші көрсең – ойда жоқ.
Не жақсының бастары
Есікте бар да, төрде жоқ[ 2, 99-б.],

немесе,

Әуелі «бисмиллә» деп сөз басталық,
Алланың хақ жолынан адаспалық.
Азырақ осы жерден шошынамын,
Өтірік пайдаға асты, рас қалып.

Кеуледі халықты өтірік өсекпенен,
Кісі жоқ күнә қылған есеппенен.
Пенденің тілі жұмсақ, көңілі қатты,
Біреуді алдап-сулап жесек деген.
Ту алып, тұлпар мінген ерлерімді
Тосып жүр осы күнде есекпенен, – дейді.

Ұлттық санадан жұрдай адамдар ел басқарған соң жемқорлыққа даңғыл жол ашылғандығы турасында ақынның сол XIX ғасырда:

Хакімдер жаңа өспірім жастан болды,
Басына ұрылардың бостан болды.
немесе,
Ханымыз болды қарадан,

Биіміз болды парадан.
Жоққа көзін салмайды,
Дәулет біткен бар адам, – дегені XXI ғасырдағы Қазақстанда да орын алып тұр. Жемқорлыққа қарсы арнайы заң қабылданды.

Езгіден запы болған ақын қазақтың бұрынғы басы бостан кезін аңсайды. Ол уақыт бір баракат заман еді дейді.

Қыс болса қыстаушы едік қырға барып,
Көлденең шыңыраулы шыңға барып.
Жарлы деп жүз қой бітсе айтушы еді,
Қой, жылқы толықпаса мыңға барып.
Саралап ат, айғырын мырза, байлар,
Үргенішке сатушы еді жылда барып.
Қонаққа қой орнына тайын сойып,
Деуші еді: « Пәлен мырза аттаналық!»
Ғаділдік болушы еді ханның ісі,
Байменен қатар еді жарлы кісі.
Алдына ақсақалдың қамшы тастап,
Айтысып бітуші еді даулы кісі.
Жаз болса көшуші еді нуды жарып,
Көлденең өтуші еді суды жарып.
Піспекті қара саба, сары қымыз,
Ішкенде жібергендей тілді жарып .
Қымызды ішпеуші еді сапырмаған,
Жылқыны айдаушы еді сатырлаған.
Тимеген мал тұяғы көк шалғынға
Жағалай қонушы еді жапырмаған.
Жардырып нудан нуды қоныс етіп,
Бір жерде бес күн қонып отырмаған.

Ақын туындыларының тағы бір бөлігі білім алу мәселесіне арналған. Қазақтың енді білімсіз күні жоқтығын көрсете отырып, оның екінші қырына көңіл аударады.

Отарлық езгі, құлдық бұғаудан босаған қазіргі еліміздің жай-жапсарын көзімен көріп, санасынан өткеріп, өзіндік ой тұжырымын түйіп отырған қазақ халқына мәшһүр саясаттанушы һәм философ ғалым Амангелді аға Айталы өзінің бір сөзінде: « Оқу, ғылым, білім қазаққа тек пайда ғана әкеліп қойған жоқ, үлкен зиян да әкелді» деген еді. «Оқудан асқан нәрсе жоқ» деп ұрандатып жүрген біз үшін бұл тұжырым тосын көрінді. Кеше өлеңдерін қайыра ақтарып отырсақ осы пікірді ғұлама ақын Әбубәкір XIX ғасырда айтқанына таң қалдық. Ол:

Бұрынғы ата-баба надан өткен ,
Ғұмырын надандықпен тәмәм еткен.
Бұл күнде көп оқыған ғалым шығып,
Ғадетін бұрынғының харам еткен.
Еш нәрсе оқымаған Есет батыр,
Оларды құр дейсің бе кереметтен?
Бұрынғы надан халықтан шыққан жақсы,
Олардың жас баладан көңілі ақ-ты.
Көбейіп ғалым-молла шыққан сайын,
Азайып жақсы адамға болдық тапшы.
Дүние сиқыршының ойынындай ,
Үйретіп пенделерді ойнамақшы – депті.

Және де:

Оқып, біліп жолдаңыз.
Орысша ғылым білмесе,
Еш пайдаға аспады
Мұсылманша молдаңыз.
Шекесіне тиген соң,
Айтып, айтып сөйледі
Әбубәкір жорғаңыз, – деген екен, қазіргі қазақ үшін бұл да бөтен сөз емес, себебі орыс тілін білмесеңіз, қазақшаңыз XXI ғасырдағы қазақ үшін пәлендей пайдаға аспай тұр. Келешегі де тым бұлдыр.

Өз туындыларында нақыл сөзге айрықша мән берген ақынның бұл тараптағы өлең, толғауларын, өз алдына тақырып етіп қозғауға тұрарлық. Әбубәкірдің өлең, толғаулары болсын, арнаулары болсын, тіпті, айтыстары болсын нақыл сөзге толы. Жалаң үгіт-насихат емес, ақылға сиымды, ойға қонымды сөз. Оның үстіне «Теп- тегіс жұмыр келген айналасы».

Би болмас белін жалпақ буғанменен,
Ағармас асылы арам жуғанменен.
Байқасаң ажар басқа, ақыл басқа,
Пайда жоқ құр әдемі туғанменен[1, 178-б.], – деген ақын, сол кездегі өз замандастары үшін ғана емес, кейінгіге өнеге тастап:

Басы бұлақ болмаса,
Аяғы шалқар көл болмас.
Қарғадай қонса топ жасап,
Жарлының жұрты көң болмас.
Ұры-қары қосылып
Ұйтқылы ел болмас.
Қашыр, есек қадірлі
Бәйгіден озған кер болмас.
Құтан, қарға қосылып,
Мамыр үйрек, қаз болмас.
Отқа салып илесең,
Асыл болат саз болмас.
Қалыбынан артылып,
Жетесі жаман мәз болмас.
Аяққа шұлғау қылсаң да,
Асылы жібек бөз болмас,– деп бір қайырады.

Жаманды жақсымен теңгермек болған Ресей отарлаушыларына:

Адам нешік тартпасын,
Хайуан да жақсы туады
Арғы негіз жағынан.
Тәжірибелеп қарасаң,
Балта оза ма сабынан?
Жақсы менен жаманды
Айырған әуел Аллаңыз.
Сұңқар меннен тең бе еді
Ормандағы қарғаңыз? – деп қарсы сауал қояды.

Мұның растығын кешегі ұрыс жоқ, қағыс жоқ өз-өзінен гүрс құлаған совет үкіметі дәлелдеп кетсе де әлі күнге қаперге алынбай отыр. Жоғарыда айтылған жағдайлар Әбубәкір туындыларының қазіргі заманда да өз бағасын жоймағанын айғақтап тұр.

Ақынның назардан қақас қалып келе жатқан нәрселердің бірі оның *жыршылық өнері.* Оны біз Сарышолақ Боранбайұлымен сөз қағыстыру оқиғасынан табамыз. XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басында Ақтөбе өңірінде өмір сүрген ақындар ішіндегі ең

көрнектілерінің бірі Сарышолақ Боранбайұлы (1858-1929). Сарышолақ өз заманында бұл аймақтағы ақындық дәстүрді жаңа сатыға көтерген жыр жүйрігі. Патшалық Ресейдің отарлық езгісіне тек сөзімен ғана емес, іс жүзінде қарсы күреске шыққан оның шығармалары Махамбет туындыларымен үндес келеді. Алайда көркем сөз қасиетін өзгеше пайымдаған Совет үкіметі кезінде ұлттар достастығына зияны тиеді деген желеумен шығармаларының жариялануына тиым салынды. Ал шын мәнісінде ақынның көксегені халқының тәуелсіздігі ғана еді.

Кердері Әбубәкір ел аралап жүріп Сарышолақпен кездеседі. Сарышолақтың соңғы шәкірті Бейіс Жантекені(1888-1963) біз өз көзімізбен көрген ек. Оның куәлік беруі бойынша, екі ақын бір-біріне сырттай қанық көрінеді, аузын ашса лықсып жыр төгілген, «Тілеу-Қабақ», «Қарақ-ай» сияқты әйгілі әндер шығарған Сарышолақ шайырдың атақ-абыройы ол заманда Әбубәкірден кем түспепті. Тілеу-Қабақ елінің тұтқасын ұстап отырған ел жақсылары есебін тауып, қисынын келтіріп Есет Көтібарұлының «Көкжидедегі» он екі қанат ақ ордасында, тойда қос дүлдүлді қауыштырады. Ретін тауып айтыс бастатады. Айтысты о баста анасынан ер жүрек боп туған Сарышолақ:

Кердері теңіздей керілген,
Шаппай бәйге берілген,
Қаратаудай көрінген,
Орны даяр төрімнен,
Іздеп келген қатарды,
Қарсы алайын шерумен
Сөз маржанын терумен,
Жерім жоқ әсте жеңілген... – деп бастай жөнеледі[3, 227-б.].

«Молда болған соң ба, Кердері Әбубәкір қолына домбыра ұстамайтын, оң қолын өлең ырғағымен сілтеп, сұқ саусағын безеп отыратын адам екен», - дейді Жантеке. Әбубәкір қолын көтерген күйі Сарышолақтың жүзіне қарап біраз ойланып отырып қалады. Сонан соң:

Шектінің басы Сырда, аяғы таулы қырда,
Әлімнің батыр халқы құмар дауылда жырға,
Сарышолақ дәм түсірді ауылыңа,
Деген бар «Жібектен баулық ызба»;
Дуалы аузың – орақ, қаның қызба,
Айтысар өзіңменен қандай олақ,
Шекерді қатық етпес қара тұзға,
Көңілді көп ішінде босқа бұзба.
Қарсақ аяқ, мысық бас,
Басқан ізін білдірмес.
Сыныптай сырғып су жұқпас,
Өлең сөзге ілдірмес,
Күзен шиыр, құр жүрмес
Түлкі тұмсық, қыран көз,
Түптеп шұқыр насыр сөз,
Айтысып адам тоқтатпас,

Болдым Тәңір неге кез? – деп бір қайырып тастапты да, өзгеше мақаммен «Ерназар-Бекет» жырын бастай жөнеліпті. Сарышолақ «Айман-Шолпан», «Қыз Жібекті» жырлапты. Жыр сайысына түскен екеуі екі күн, екі түн дегенде барып тең дәрежеде тоқтапты. Өнерлеріне ел де, Есет те риза болыпты. Бұл сөз қақтығусыдан біраз нәрсені аңғаруға болады. Әбубәкір көп оқыған, көпті көрген, зейінді, сыншы адам. Сарышолаққа сыртынан қанық ол енді бетпе-бет кездесіп, өз аузынан өзгеше лебізін естіп, «Сынаптай сырғып су жұқпас, өлең сөзге ілдірмес» деп ақындығына, тілінің өткірлігіне баға береді. Сабыр сақтайды, екі мықтының айтысып көп алдында бет жыртысқанын жөн санамайды. Әрі

«Іздесең ерлік те оңай, билік те оңай, жігіттің қабырғалы болса халқы» деп өзі айтқандай, қара ормандай қаптаған алты Әлімнің ортасында отырып оның бас ақынымен айтысу опа бермесін сезсе керек. «Ерден – ердің қаупі бар», Сарышолақ та әріге бармайды. Бұл жерде осы кездесуді көзімен көрген Жантеке Қожабергенұлы мәліметіне сүйене отырып, жыр жүйрігі туралы өте бағалы дерек аламыз, ол – Әбубәкірдің әйдік **жыршы** да болғандығы.

Қорытып айтқанда, төрт құбыласы – ақындық шеберлігі, ой тереңдігі, көркемдік ерекшелігі, жаныр байлығы тең, ғұлама ақын Әбубәкір Боранқұлұлының артында қалған мұраларын жоғары оқу орны мен орта мектеп бағдарламасына енгізер уақыт келді.

**Пайдаланылған әдебиеттертер тізімі:**

1. Адырна.Ақтөбе кітапханасы. 1том. – Ақтөбе, 2011ж.
2. Әбубәкір. Қазағым. – Алматы,1993ж.
3. Сарышолақ Боранбайұлы.Азаттық еді аңсаған. – Алматы, 2006ж.

## О ПРЕПОДАВАНИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБУБАКИРА

**Аннотация**

В статье освещается проблема преподавания произведений кердера Абубакира в школах и вузах. В частности, было доказано, что поэт должен учиться творчеству в зависимости от социальной ситуации.

***Ключевые слова:*** Абубакир, социальный вопрос, поэт, Сарышолак, Казахстан.

## ON TEACHING THE WORKS OF ABUBAKIR

**Abstract**

The article highlights the problem of teaching the works of Kerderi Abubakir in schools and universities. In particular, it was proved that a poet should learn creativity depending on the social situation.

***Keywords:*** Abubakir, social issue, poet, Sarysholak, Kazakhstan.

МРНТИ 17.71.91

**Асан Жұманазар[1], Сахитжанова Ботакөз Октябрьқызы[2]**
*[12]Баишев университеті*

## «ЕДІГЕ» ЭПОСЫНЫҢ ЕСКІ НҰСҚАЛАРЫ

**Аңдатпа**

Ғылыми мақалада барша түркі тілдес халықтардың әдеби мұрасы, батырлықтың айнымас бейнесі болған «Ер Едігe» эпосының ескі нұсқалары қарастырылып, әр нұсқа бойынша деректер, ғалымдардың ой-пікіріне негізделе отыра жазылған мақала.

***Түйінді сөздер:*** Едіге, Уалиханов нұсқасы, түркілер

Әлемдік фольклордың алтын қорына кіретін «Едіге» эпосын тәуелсіздіктің арқасында ғана жоғары оқу орындарында оқытуға қол жетіп отыр. Көп уақыт ақтаңдақ күйде жатқан бұл туындыны студенттер мен магистранттарға оқытудың толып жатқан мәселелері бар. Біз бұл еңбегімізде «Едіге» эпосының архаитиптік нұсқаларын студенттер мен магистранттар назарына ұсынып отырмыз.

«Едіге» жырының архаикалық нұсқасына байланысты зерттеу жүргізген В.М.Жирмунский оның негізі Ибн Арабшах жазып кеткен халық аузындағы әңгімеде жатқандығын дәлелдеп көрсеткен болатын[1.365]. Ол әңгіме бойынша: «Әмір Едіге

Тоқтамыстың сол жағының бас әмірлерінің бірі, қиыншылық жылдары оны жою үшін таңдаған мырзасы, ой мен кеңес адамдарының бірі болды. Оның тайпасы қоңырат деп аталды... Әміршісінен өзіне деген өзгерісті байқаған Едіге өзі үшін қорқа бастайды, себебі Тоқтамыстың мінезі қаһарлы еді. Ол (Идику) өзіне бақытсыздық ойламаған жерден келмес үшін одан тұрақты түрде сақтанып, көзі жеткен кезде кез келген уақытта қашуға дайын жүрді. Ол (Идику) Тоқтамысты бақылап, тексеріп, жағымпазданып жүрді, бірақ көңіл көтерген түндердің бірінде сұлтанның ойын шарап қуаты жаулап алып, сана қабілеті жойыла бастаған мезетте, Тоқтамыс Едігеге былай дейді: «Мені мен саған күн туып, саған бір күндері жоқшылық пен қайғы кіріп, тойып тамақ ішкен соң ораза тұтуға тура келеді. Көздеріңнің тіршілігі ұйқыға толып, өлім мезеті де жақындай түседі». Едіге оны басқа сөзге айналдырып, қалжыңға бұрып: «Біздің әмірші хаһанның, өзінің жазықсыз құлына ашуланып, өзі еккен талын шабуына немесе өзі жасаған іргетасты (ғимараттың) талқандауынан құдай сақтасын» дейді. Сосын Едіге сырттай келіскендік, бағыныштылық, бейшаралық, төменшіктік сыңай танытып, бірақ күдігінің дәл келгеніне көзі жетіп, қажыр-қайратын жинап, өзін құтқару үшін өткірлік пен қайраттың қажеттігін, бұған назар аудармаса немесе уақыт өткізіп алса, күте тұрса сұлтанның өзімен шындап айналысатынын түсінді. Ол керекті бір істі істейтін адамдай нөкерлер мен қызыметшілердің арасынан үлкен тұнжырау үстінде өтіп, Тоқтамыстың ат қорасына бет алды. Кез келген бақытсыздық жағдай үшін дайын тұрған жүйрік атына мініп жатып, өзінің ең сенімді қызметкерлерінің біріне былай деді: «Іздегендер мені Темірден тапсын, бұл құпияны мен шөлден өткеніме көзің жеткенге дейін ешкімге тіс жарып айтпа». Содан соң ол жүріп кетеді. Салт атпен ұзақ кеңістіктен өткен соң ғана оны жоқтады. Бірақ ол кезде оның іздерінен де, көтерген шаңынан да жаңылып қалады» [ 1.366]. Бұдан әрі В.М.Жирмунский ибн Арабшахтың Орыс ханнан қашқан жаралы Тоқтамысты су жиегіндегі қамыс арасынан Едігенің тауып алғаны туралы аңыз әңгіменің мәтінін бере отырып, осы жағдай да кейіннен туындыға арқау болған сияқты деген пікір айтады. Шығарманың әуелгі архаикалық нұсқасы осы тарихи аңыз екеніне біздің де таласымыз жоқ.

Тарихи Едіге – Алтын Орда заманында талай ханның тұсында түмен басы болған, қанды шайқастарды басқарған адам, сондықтан оның ерліктері де ел арасында аңызға айналғанына күмән келтіруге болмайды. Біз бұл жерде мынаны ескеруіміз керек: аңыз әңгімелердің, тарихи өлеңдердің қай-қайсысы да эпостың ауқымына түскен соң, оның заңдылығына сәйкес қайта жүйеленеді де, алғашқы түрі өзгеріп, жүлгесі ғана сақталады. Кейіпкерлер бейнесі жаңаша жасалады. Әуел баста аңыз, шағын жыр ретінде таралған шығарманың бастапқы нұсқасы кейіннен толық қалпында сақталуы мүмкін емес.

Аталмыш сюжетке Шоқан нұсқасының өте жақын келетінін алғаш айтқан да В.М.Жирмунский еді. Біздің пайымдауымызша, толық жазылған нұсқалардың ішінде бұдан соңғы архаикалық нұсқаға жақын келетіні - ноғайдағы Ә.Сикалиев жазып алған нұсқа.

**1. «Едіге» -** Шоқан-Шыңғыс Уәлихановтар нұсқасы. Өзінің айтуынша, Шоқан 1841 жылы Қыпшақ Жаманқұл ақыннан естіген. Оның әкесі Шыңғыс сұлтанда жырдың үш көшірмесі болған: екеуін Жаманқұлдан, біреуін арғын Арыстанбайдан жазып алыпты. Ғалымдарымыз жазылу уақыты 1841-42 жылдар деп пайымдағанымен, мезгілін дәл көрсету қиын. Шыңғыстың бұдан ертерек қағазға түсіргені сезіледі. Ал П.М.Мелиоранскийдің қолына тиген нұсқада «Эдыге. Джир. 1841 г. Декабрь. Звериноголовская станица» [2.369] деген жазу бар. Бұл Шыңғыстың хатқа түсірген уақыты. Логикаға сүйенсек, осы жерде мынадай ой туады: Шоқан «Едіге» жырын 1841 жылы Жаманқұлдан естиді. Жаманқұл шебер орындаған көркем туынды балаға айрықша әсер етеді де, үйінде жатқан әкесінің үш қолжазбасы есіне түседі. Соны жедел қарап, эпостың әдебиеттану ғылымындағы атақты Шоқан нұсқасын 1842 жылы дайындап тәмәм қылады. Оны жазуы жақсы Ахмет деген кісіге мұқият көшіртеді. Бұл туралы кейінірек Шоқанның өзі аққа қарамен таңбалаған. Жырды әкесі Шыңғыс сұлтан жазып алғанын, үш нұсқа болғанын айта келіп: «Наконец из этих трех

списков, вместе с Чингизом мы составили в 1842 году свод, переписанный Ахмедом с которого уже переведена настоящая рабсодия», – [3.224-225] дейді.

Тағы да нақты дерекке сүйенуге тура келеді. «Шоқан алғашқыда Құсмұрында қазақ мектебінде оқып, сауат ашады, қарындашпен сурет салуды үйренеді. Сол кездегі дәстүр бойынша, Шоқан ескі шағатайша да оқиды, араб, парсы кітаптарымен біртіндеп таныса бастайды, ұйғыр жазуына қанығады [4.47]. Көріп отырмыз Ш.Уәлиханов Омбыдағы Кадет копусына барғанша-ақ сауатты бала болған. Осы жағдайларды ескере отырып, 1842 жылы «Едігенің» архаитиптік нұсқасын Шоқан дайындағанына күмән келтіруге болмайды.

Шоқан-Шыңғыс нұсқасы түрік халықтары арасындағы Едігеге қатысты барлық жырлардың ішіндегі көнелігі, көркемдігі жағынан ең құндысы, бағалысы деп табылған.

Шоқан нұсқасының текстологиясын тыңғылықты зерттеп, халықпен қайта табыстырған ғалым Едіге Мағауиннің еңбегін ерекше атаған жөн [5].

**2. «Едіге»** - ноғай фольклористі Ә. Сикалиев 1958 жылы тамыз айында Қарашай-Шеркеш республикасының Адыге-Хабль ауданына қарасты бұрынғы Тоқтамыс ауылының тұрғыны, Кубань ноғайларының белгілі жыршысы Құмықов Қажы-Ысқақ Жұмаәлиұлынан жазып алған. Қ. Құмықов 1888 жылы туып, 1966 жылы дүниеден озған. Ол «Едіге» эпосын 1905 жылы Минералды Сулар қаласына жақын Қаңлы аулында тұратын атақты ноғай жыршысы Арыстан Шабанұлынан (1985-1912) үйренген. Ә. Сикалиев жырдың жолма-жол орысша аудармасын жасап, Ленинградқа жібереді. Академик В.М. Жирмунский өзінің «Тюркский героический эпос» деп аталатын іргелі еңбегінде бұл нұсқаның құнды жақтарына жылы лепес танытқан [1.354, 385]. Мұнда қойшының қызы адамның бас сүйегінен диірменге тартып жасалған ақ ұнтақтың дәмін татып, содан ұл табады. Атын Баркая қояды. Баркая тез ер жетіп, ақылы толысады. Бір күні хан түс көреді. Түсінде оны қырық ит қамап, жиырмасы бір жағынан, жиырмасы екінші жағынан шығып талайды. Хан уәзірлерін шақырып, түсімді жоры дейді. Олар жори алмайды. Түсті Баркая жорып, түсіңде көрген қырық ит сенің қырық уәзірің дейді. Хан тексеріп қараса, қырық уәзір бұның әйелімен бірігіп, бұған қастандық жасау жоспарын құрып жүр екен. Хан қырық уәзірін өлтіріп, Баркаяны бас уәзірі етпек болады. Алайда ол мұнымен келіспей, Еділ бойын жағалап, аңшылықты кәсіп қылады. Шашы белуарына түсіп, сақалы кеудесін жауып, үстін түк басып кетеді. Сондықтан оны былайғы жұрт Баба Түкті Шашты Әзиз деп атап кетеді. Жырдың бұдан арғы жағы басқа нұсқаларға ұқсас. Баба Түкті Шашты Әзиз көлдің жағасынан перінің қызын көріп, соған үйленіп, одан Құттықия (Құтылықия) туады[6.].

Бұл жырдың көптеген жерлері Шоқан Уәлиханов жазып алған нұсқаға жақын келеді.

Едігенің бала кезінде мал бағуы, төреліктер айтуы, Тоқтамыстың жылқысын бағуы, хан сарайында өзге атпен жүруі, ханымның араласуымен қуғынға ұшырап, ата-тегінің тексерілуі, хан айналасындағылардың білмегенін Сыпыра жыраудың білуі, жас батырдың ордадан қашуы, соңынан Тоқтамыстың тоғыз ерінің қууы, Кенжанбаймен батырдың жауаптасуы, Сәтемір ханның ордасына келіп, Алыпты жеңіп, хан қызына үйленуі, одан балалы болуы, Нұрадиннің Тоқтамыста әкесінің кегі бар екенін кездейсоқ естіп, Едігенің есіне салуы, Сәтемірдің бұларға әскер беруі, Едіге мен Нұрадин ел шетіне жақындап келгенде Тоқтамыстың қашуы, туған жерімен қоштасуы, Нұрадиннің соңынан қуып жетіп ханды өлтіруі, ханшаларға байланысты әкелі-балалы екеуінің араздасып екіге бөлініп кетуі мен қайта табысуы, Қадырбердінің атасының тағын қайтып алуы – бәрі де Шоқан нұсқасына ұқсас. Көріп отырғанымыздай, тек экспозициясы басқаша. Шешімінде сәл өзгешелік бар. Қадырберді таққа отырған соң Нұраддинмен дос болып, оның ел билеуге араласуы бірер сөйлеммен айтылып өткен. Шоқан нұсқасында Едіге Баба Түкті Шашты Әзиздің бел баласы болса, Ә.Сикалиев пен М.Османов жазып алған нұсқаларда Баба Түктіден Құттықия, Құттықиядан Едіге туады. Мұрын жырау нұсқасында, татар, башқұрт версияларында да Едігенің әкесі – Құттықия. Осыған қарағанда жырдың әуелгі нұсқаларында батырдың туған әкесі Құттықия, атасы Баба Түкті Шашты Әзиз болса керек. Кейінірек жырдың басты

кейіпкерін жай адам емес, әулиеден жаралды қылу үшін Құттықия айтусыз қалған.

Архаитиптік Шоқан нұсқасының мазмұны:

1. Баба Омар әулиенің бір қызға көзі тиіп, одан Баба Түкті Шашты Әзіздің дүниеге келуі;
2. Баба Түкті Шашты Әзіздің 25 жасқа келгенде су перісінің қызына қосылуы;
3. Пері қыздың қойған шарттарын орындамай, оның ұшып кетуі;
4. Баба Түкті Шашты Әзіздің Құмкент шаһарының қасында жібек орамалға ораулы жатқан баласын тауып алып, Тоқтамыс ханның жұртына алып келуі. Үшке келгенде қолынан тұтып, молдаға оқуға беруі;
5. Баланың өзімен қатар тоқсан құрбысынан қайраты мен ақылы артық болуы;
6. Едігенің қоянға таласқан екі адамға, ақсақ малдың біреудің егініне түсіп өртеп жіберуіне байланысты төрт адамға, түйеге таласқан екі кісіге, балаға таласқан екі әйелге төрелік беруі;
7. Төрт мәрте төрелік берген баланы Тоқтамыс ханның өз сарайына алдыртуы;
8. Ханымның «баланың әруағы сіздің әруағыңыздан басым екен» деп, оны Тоқтамысқа дәлелдеуі, Едігені уландырып өлтірмек болуы;
9. Ханымның ақылымен той ұйымдастырылып, Едігеге арақ-шарап ішкізіп, өлтірмек болуы;
10. Аңғысынның жәрдемімен Едігенің тойдан қашып шығуы;
11. Тоқтамыс ханның тоғыз ерін жинап, енді не істеу керек екенін, Едігенің кім екенін білу үшін кеңесуі;
12. Тоғыз ер жөнді ештеңе айта алмаған соң, Сыпыра жырауды шақыртуы. Сыпыраның ұзақ ғұмырында өзі көрген хандарды айтып, кешегі кеткен ұлдың бәрінен де артық екендігін, оның Сәтемір ханға барып паналап, кейін Тоқтамысты шабатынын айтуы;
13. Тоқтамыстың тоғыз ерін Едігенің соңынан жіберуі;
14. Кеңжаңбай мен Едігенің жауаптасуы;
15. Едігенің жолшыбай он жеті дос тауып алуы, жолда түс көруі;
16. Қабантын Алыптың қосынына кездесуі, оған қосшы болып тұруы;
17. Қабантын Алып алып келе жатқан Сәтемірдің қызын құтқаруы;
18. Едігенің Сәтемір хан қызына үйленіп, Нұралын дейтін балалы болуы;
19. Нұралынның әкесі Едігенің өткен тарихын кездейсоқ біліп, Тоқтамыс ханды шабуға насихат қылуы;
20. Әкелі-балалы екеуіне Сәтемірдің үш сан қол беруі, олардың жолшыбай шөлден қырылып, Едіге мен Нұралынның Тоқтамыс еліне жетуі;
21. Тоқтамыс ханның елін тастап қашуы, халқымен қоштасуы;
22. Көкүлдінің көлінде Нұралынның Тоқтамысты өлтіруі, Кеңжанбайға кездесуі;
23. Жанбайдың Едігені азғырып, Тоқтамыстың екі бірдей қызын алдыруы;
24. Нұралынның ашумен әкесінің көзін шығаруы, қолын сындыруы. Әкесінің қарғауы;
25. Нұралынның елді екіге бөліп, алып кетуі;
26. Ұзақ уақыттан соң Нұралынның әйелінің ақылымен әкелі-балалы екеуінің табысуы;
27. Қадырбердінің ер жетіп, Едіге мен оның баласын құсадан өлтіруі;
28. Қадырбердінің хан болып, барша мұратына жетуі.

Осы негізгі мотивтер «Едіге» жырының ұлттық версияларының бәрінде дерлік бар. Тек кейбір жырдың үзіндісі жазып алынған қолжазбаларда ғана түгел емес.

Қорытып айтқанда, студенттер мен магистранттар ең әуелі кезкелген қаһармандық эпостың архаитиптік нұсқалары турасында түсінік алмай тұрып оны толыққанды игеруі мүмкін еместігін білуі қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос.-Ленинград: Наука, 1974.
2. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5–ти томах. Том 5. – Алматы: Главная редакция казахской советской энциклопедии. 1985.–528 с.
3. Валиханов Ч.Ч. Сочинения.//Записки Русского Географического Общества. – Т 29. – СПб. 1904.
4. Қазақ фольклористикасының тарихы. Монография.-Алматы:Ғылым,1988.-432 б.
5. Мағауин Е. Едіге. – Алматы: Айқап, 1993. – 76 бет.
6. Ногайдынъ кырк бьтири. Эдиге. – Махачкала, 1991. – 158 б.


## СТАРЫЕ ВЕРСИИ ЭПОСА «ЕДИГЕ»

### Анотация


В научной статье рассматриваются старые версии эпоса "Ер Едиге", представляющего собой литературное наследие всех тюркоязычных народов, воплощение героизма, статье данные по каждому варианту, основанные на мнениях ученых.



***Ключевые слова:*** Едиге, Уалихановский вариант, турки.


## OLD VERSIONS OF THE EPIC "EDIGE"

### Abstract


The scientific article examines the old versions of the epic "Er Edige", which is the literary heritage of all Turkic-speaking peoples, the embodiment of heroism, the article contains data on each variant based on the opinions of scientists.



***Keywords:*** **Edige, Valikhanov version, Turks.**

МРНТИ 68.35.03



**[1]Буктыбаева А.Б., [2]Буктыбаева С.И.**

*[12]Баишев Университет, Казахстан*

***[1]buktybaeva@mail.ru, [2]samal_7777@mail.ru***


## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГЕНОФОНДА РАСТИТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ ПРИ ВЫВЕДЕНИИ НОВЫХ СОРТОВ ПРОСА

### Аннотация


В статье приведены результаты использования генофонда растительных ресурсов проса при выведении новых сортов



***Ключевые слова:*** коллекция, образцы, генофонд, ресурсы, продуктивность, оценка, показатель.


**Ведение**. Растительное разнообразие сохраняется в мировых коллекциях и является огромным ценным источником потенциально полезных генов, необходимых для ученых селекционеров для получения более урожайных сортов, способных лучше адаптироваться к условиям окружающей среды. Следовательно, мировой генофонд сельскохозяйственных растений являются страховым полисом дальнейшего благополучия человечества. Роль генетических ресурсов растений для обеспечения жизненных потребностей населения в питании и обеспечении сырьём промышленности велика.Значение генетических источников в селекции растений известно давно.Это генетический материал,который может быть использовпн для сохранения вида или популяциих[ 1,с.28]. Генетические источники

обеспечивает исходным материалом (родительскими формами) селекционные программы. Все селекционеры производят оценку исходного материала (генетических источников) растений и делают отбор из существующего биологического разнообразия.

Просо является одной из важнеших крупяных культур. По результатам исследований ученых, основные площади его возделывания сосредоточены в засушливых и полузасушливых районах Юго-Востока,Казахстана,Украины и Ценрально-черноземной полосе[ 2, с.121].

Большой удельный вес в производстве проса в Казахстана принадлежит Актюбинской области,родина мирового рекорда урожайности этой культуры[ 3,с.16].

Основные посевы его занимают стародавние сорта, которые не вполне удовлетворяют запросы **товаропроизводителей[** 4, с.84; 8, с.65]. Выведение и внедрение в производство новых сортов является важной задачей и одним из эффективных и экономически выгодных путей повышения урожайности и валовых сборов зерна. В условиях континентального климата создаваемые сорта проса должны сочетать в себе высокую продуктивность зерна с хорошими качественными показателями, иметь повышенное содержание белка, быть устойчивыми к засухе, полеганию, осыпанию, болезням и вредителям, отзывчивыми к удобрениям и орошению. Выведение подобных сортов возможно при вовлечении в селекционную работу местного селекционного исходного материала и всего богатейшего разнообразия мировой коллекции проса Всесоюзного института растениеводства им. Н.И.Вавилова(ВИР) в настоящее время( Всероссийский институт генетических ресурсов растений им. Н.И. Вавилова) [5,с.55]. .

**Актуальность** Генофонд растительных ресурсов является основой при выведении новых высокоурожайных высококачественных сортов сельскохозяйственных культур , в частности проса, поэтому использование их в создании новых форм этой культуры является актуальной задачей.

**Цель наших исследований** заключалась в изучении и выделении ценного исходного материала для использования их при выведении более продуктивных, засухоустойчивых сортов проса для условий Актюбинской области.

Задача наших исследований:

- провести оценку коллекционных образцов проса различных эколого-географических групп по основным хозяйственно-биологическим признакам,
- выделить наиболее ценные образцы проса по комплексу признаков, соответствующих климатическим условиям данной зоны целесообразных в качестве исходного материала для использования в селекционной работе.

**Новизна работы**: продолжение исследования коллекции проса в Актюбинской области дает возможность использования генофонда проса для создания адаптивных форм этой культуры.

**Объект исследования** – образцы проса из генофонда.

**Гипотеза научной работы** – оценка образцов проса различных эколого-географических групп в условиях Актюбинской области и полученные результаты дают возможность выделить среди них наиболее ценный материал для дальнейшего использования в селекционной работе с целью выведения сортов и передачи его в Государственное сортоиспытание.

**Материал и методика исследований**

В изучении находились 60 образцов проса из мировой коллекции (из генофонда) ВИР различного эколого-географического происхождения. Стандартом служил районированный сорт Старт. Образцы коллекции при изучении отнесены к следующим группам: монголо-бурятской-8, саяно-алтайской-8, степной казахстанской-12, степной поволжской-12, степной украинской-12, дальневосточной-8.

Для закладки опытов использованы предшественники: черный пар. Обработка почвы заключалась в проведении осенней вспашки и ранневесеннего боронования и 2-3 культивации с одноразовым боронованием и прикатыванием. Площадь делянки 1 кв.м.

Исследования были проведены в 2018-2020 гг. в соответствии с методиками, методическими указаниями, рекомендациями и инструкциями, принятыми в агрономии, Доспехов Б.И. Методика полевого опыта (М.,1985); [6, с.224 ].

При полевой оценке образцов коллекции проса проводили следующие наблюдения и учеты:

1.Фенологические наблюдения -отмечали фазы развития растений,

2.Глазомерная оценка общего состояния посевов в фазу полных всходов и перед уборкой.

3.Оценка устойчивости сортообразцов проса к полеганию и осыпанию.

4.Оценка продуктивности изучаемых сортообразцов проса.

**Результаты исследований**

По сочетанию осадков и температурного режима - 2018-2020 гг. были разными для роста и развития проса, что естественно повлияло как на вегетативные показатели, так и на урожайность культуры. Для формирования высоких урожаев нужно, чтобы растения не испытывали дефицита влаги, т.е. необходимо проведение ряда мероприятий по накоплению и сохранению влаги (орошение, снегозадержание и другие), а также подбор засухоустойчивых сортов

При возделывании проса в засушливых условиях ,естественно возникает вопрос о длине вегетационного периода. О значении периода вегетации в формировании урожая подчеркивается в работах многих авторов (Н.И.Вавилов, 1985,В.И.Лысов, Н.П.Агафонов 1970, В.В.Подвезько, 1978). От его продолжительности зависит ареал распространения сорта. Особо важен признак скороспелости для получения устойчивых урожаев в засушливых условиях Казахстана.

Наблюдения за ростом и развитием проса различных эколого-географических групп показало появление дружных всходов во все годы исследований. Различие у образцов проса всех эколого-географических групп отмечено в фазу выметывания и в фазу -созревания. У всех изучаемых форм проса наблюдалось значительное уменьшение вегетационного периода в засушливый 2020 год**,** особенно **у** степных (казахстанской, поволжской, украинской) и дальневосточной эколого-географических групп**,** у скороспелых (монголо-бурятской и саяно-алтайской) эколого-географических групп отмечено несущественное изменение этого показателя по годам.

Продолжительность вегетационного периода всего мирового разнообразия проса условно подразделяется на 5 групп: 1)очень раннюю -от всходов до созревания до 60 дней; 2) раннюю-от 61 до 80 дней; среднюю- 81-100дней; 4) позднюю-100-120 дней;очень позднюю-более 120 дней[ 7,с.74].

В наших исследованиях изучаемые образцы проса отнесены к ранним и средним группам спелости: к скороспелым (длина периода вегетации- до 80 дней) отнесены большинство образцов монголо-бурятской и саяно-алтайской групп, у остальных образцов длина вегетационного периода по годам и сортам колебалась в пределах 81-100 дней, что соответствует среднеспелым группам, таблица 1

Таблица 1. Вегетационный период образцов коллекции проса различных эколого-географических групп (2018-2020гг.

| Эколого-географические группы | Количество дней от всходов до полной спелости по годам | | | |
|---|---|---|---|---|
| Годы | 2018 | 2019 | 2020 | Среднее за три года |
| Старт-st | 98 | 97 | 93 | 96 |
| Монголо-бурятская | 76 | 75 | 72 | 74 |
| Саяно-алтайская | 74 | 73 | 70 | 72 |
| Степная казахстанская | 100 | 97 | 94 | 97 |
| Степная поволжская | 96 | 96 | 93 | 95 |
| Степная украинская | 95 | 95 | 92 | 94 |
| Дальневосточная. | 87 | 84 | 81 | 84 |

Данные,приведенные в таблице 1 показывают,что вегетационный период у всех групп проса сильно изменяется по годам в зависимости от погодных условий, уменьшаясь в засушливые и увеличиваясь в благоприятные и увлажненные годы.

Одним из показателей, характеризующих образцы проса различных эколого-географическихгрупп являются урожайность и его составляющие элементы..

Данные урожайности и некоторых элементов изучаемых групп проса приведены в таблице 2.

Таблица 2. Урожайность образцов проса различных эколого-географических групп (2018-2020гг.

| Годы | 2018 | | 2019 | | 2020 | | За три года | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Эколого-географические группы | Продуктивная кустисость,шт | Урожайность г/кв.м | Продуктивная кустисость,шт | Урожайность г/кв.м | Продуктивная кустисость,шт | Урожайность г/кв.м | Продуктивная кустисость,шт | Урожайность г/кв.м |
| Старт-st | 2,3 | 253,4 | 2,2 | 238,6 | 1,1 | 152,6 | 1,8 | 182,7 |
| Монголо-бурятская | 5,9 | 96,8 | 4,7 | 90,9 | 1,2 | 64,0 | | 78,7 |
| Саяно-алтайская | 3,6 | 102,6 | 3,5 | 108,0 | 1,3 | 67,5 | 2,8 | 88,1 |
| Степная казахстанская | 1,9 | 229,4 | 1,7 | 219,6 | 1,2 | 84,1 | 1,6 | 168,0 |
| Степная поволжская | 2,0 | 250,0 | 2,1 | 234,1 | 1,1 | 85,9 | 1,7 | 180,2 |
| Степная украинская | 2,3 | 214,6 | 2,0 | 204,8 | 1,2 | 83,8 | 1,7 | 155,0 |
| Дальневосточная. | 3,8 | 122,6 | 3,3 | 119,2 | 1,0 | 68,7 | 2,7 | 94,7 |

В наших исследованиях урожай получен у всех изучаемых образцов, что подтверждает данные многих ученых о возможности получения урожая в засушливых условиях региона. К элементам продуктивности относятся общая и продуктивная кустистость, масса зерна с метелки, масса 1000 зерен, урожайность с единицы площади. Кустистость определяется биологическими особенностями образцов и факторами окружающей среды. наших исследованиях продуктивная кустистость у изучаемых образцов варьировала в пределах от

1.0 продуктивного стебля у дальневосточной экологической группы в засушливый 2020 год до 5,9 продуктивных стеблей у монголо-бурятской группы в благоприятный 2018 год. В среднем по группам колебалась в пределах от 1,6 до 2,8 продуктивных стеблей против стандарта 1,8.

Определение массы зерна метелки и массы 1000 зерен проса показало, что по этим показателям отличились образцы степных (казахстанской-3,55 и 6,5г. , поволжской-3,49 и 6,6г. ,украинской -3,48 и 6,3г. ) эколого-географической групп.

Урожайность образцов проса различных эколого - географических групп колебалась в пределах от 96,8 до 250,0 г/кв.м в 2018 г., от 90,9 до 234,1г/кв.м в 2019 г. против стандарта от 253,4 до 238,6г/кв.м. В засушливом 2020г заметно снижение урожайности по всем изучаемым группам и у стандарта. В среднем за три года урожайность проса по группам колебалась от 78,7 до 180,2 г/кв.м, у стандарта составила 182,7 г/кв.м

Результаты исследовании позволили выделить образцы проса различных эколого-географических групп, предсавляющих интерес для дальнейшей селекионной работы при выведении новых сортов для засушливой Актюбинской области. К ним относятся: к-1024 Оренбургская область, к-1328 Актюбинская область, к-1699 Кустанайская область к-2726 Саратовская область.

**Выводы**

1.Оценка мировой коллекции проса ВИРа в засуливых условиях Актюбинской области позволило выделить ряд ценных образцов по комплексу хозяйственно-ценных признаков, представляющий интерес для селекционной работы этой культуры. К ним относятся: к-1024 Оренбургская область, к-1328 Актюбинская область, к-1699 Кустанайская область к-2726 Саратовская область.

2.Установлено, что самой высокой продуктивностью зерна с единицы площади отличились образцы степных поволжской (180,2г/кв.м), степной казахстанской (168,0г/кв.м) и степной украинской (155,0г/кв.м) эколого - географических групп. Выделены высокопродуктивные образцы, превышающие по урожайности сорт стандарт Старт на 10-20 %, к ним относятся: к-2726, 2856 (Саратовская область), к-1310( Оренбургская область), к-2738( ) Куйбышевская область,к-3768 (Актюбинская область).

3.Основным методом создания новых сортов проса в Актюбинской области является плановая гибридизация важнейших селекционных сортов с лучшими сортообразцами коллекции ВИР и с гибридными формами, созданными различными научными учреждениями

В целом, результаты наблюдения, учета, анализа и оценки проса различных эколого - географических групп в условиях Актюбинской области показывают, что использование генофонда растительных ресурсов в селекционной работе способствует ускорению этого процесса и дает возможность создавать сорта проса, необходимые для производства региона.

## Список использованных источников

1. Агафонов Н.П. Ценнейший материал для выведения сортов проса.- Бюлл.ВИР, Л 2011 , вып 47-49 стр 75-76.
2. Апушев А.К.Егістік дақылдар селекциясы және тұқым шаруашылығы.Алматы: Білім, 2012. — 260 б.
3. Буктыбаева А.Б. Оценка мировой коллекции проса в условиях Западного Казахстана/Автореферат диссертации...канд.с.-х.наук.-Л., 1982.-22 с.
4. Буктыбаева А.Б., Буктыбаева С.И .Ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы/.Оқу құралы "Medet group "ЖШС.Алматы,2021.-116 б.
5. Вавилов Н.И.Мировые растительные ресурсы и их использование в селекции Математика и естествознание в СССР, М.-Л.,1938.
6. Доспехов, Б.А. Методика полевого опыта / Б.А. Доспехов. — М.: Колос,1985.-354 бет.

7. В.Н.Лысов Просо. Издательство Колос Ленинград.1968.-224 с.
8. Генетические ресурсы растений – основа продовольственной безопасности и повышения качества жизни/ Тезисы докладов Международной научной конференции. - 6-8 октября 2014.- СПб.: ВИР, 2014.- 173 с.

## ТАРЫНЫҢ ЖАҢА СОРТТАРЫН ӨСІРУ КЕЗІНДЕ ӨСІМДІК РЕСУРСТАРЫНЫҢ ГЕНДІК ҚОРЫН ПАЙДАЛАНУ.

**Андатпа**

Мақалада жаңа сорттарды өсіру кезінде тарының генетикалық ресурстарын пайдалану нәтижелері келтірілген.
***Түйінді сөздер:*** жинақ, үлгілер, генофонд, ресурстар,өнімділік,бағалау, көрсеткіш.

## THE USE OF THE GENE POOL OF PLANT RESOURCES IN THE BREEDING OF NEW MILLET VARIETIES

**Abstract**

The article presents the results of using the gene pool of millet plant resources in breeding new varieties.
***Keywords****:* collection, samples, gene pool, resources, productivity, evaluation, indicator.

МРНТИ 68.41.01

**Қуанышбаев Ә.Қ.** - «Ауыл шаруашылық және экология» кафедрасының мұғалімі, ветеринариялық клиника меңгерушісі
*Баишев Университет, Ақтөбе қаласы*
*abilkhan71@mail.ru*

## ЖАНУАРЛАРДЫҢ АСА ҚАУІПТІ АУРУЛАРДЫ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Аңдатпа**

Мақалада жануарлар мен қаңғыбас иттерде жұқпалы аурулардың таралуын алдын алу жолдары, қаңғыбас иттердің көбейюін болдырмау шаралары зерттелген.
***Түйінді сөздер:*** аса қауіпті ауру, құтыру, инфекция, вакцинация.

Малды арудан сақтандыру, аруды дер кезінде емдеу және оны адам баласына жұқтырмау ветеринариялық маманның алдында тұрған ең бірінші міндеті болып табылады.

Төрт түлік малдар кейбір жағдайда күтіп бағу кезінде әр түрлі ауруларға шалдығады: жұқпалы емес, жұқпалы және аса қауіпті жұқпалы болып. Ауыл шаруашылық малдарға және үй жануарларына мамандырылған көмекті тек қана ветеринар маман көрсете алады, брақ мал, үй жануариелері де көп таралған ауру жайлы түсінігі болуы тиіс. Міне сол себептен бүгінгі тоқталып кететінтақырыптың бірі аса қауіпті жұқпалы аулар қатарындағы, құтыру ауруы және ол туралы не білу керек.

*Құтыру (Lussa Rabies).* Орталық нерв жүйесін зақымдандыратын жараның жіті инфекциясы.Ауруды сыртқы ортаға нейротропты вирус тудырады. Вирусты ауру мал көбінесе сілекеймен шығарады. Құтыруға төрт түлік малдың барлығы шалдыққыш келеді; онымен адам да ауырады.



*Сурет 1 - Иттің құтыруының клиникалық көрінісі*

*Құтыру ауруының негізгі көздері*- жабайы жыртқыштар,иттермысықтар,кейбір жерлерде-жарғанаттар.

Ауру жылдың кез келген маусымында пайда болады және көбінесе кездейсоқ білінеді. Індет тістелеу арқылы немесе инфекцияланған мал теріні сілекейлегенде жұғады.

Құтыру ауруы иттердің, мысықтардың көбінесе жабайы жыртқыштар: қасқырдың, түлкінің тістегені, әсіресе бастың тістелуі және терең батқан, қан ақпайтын, құтырған жануардың сілекейімен жұққаны өте қауіпті. Құтыру ауырумен ауырған жануар, адам 90% емделмейді. Сондықтан да қала мен ауыл аймағында, тіпті ішінде еркін жүрген жабайы жануарлар (қасқыр,түлкі,борсық,енот,қоян) құтырған болып есептеледі. Құтыру ауруымен ауырмайтың жабайы жануарлар адам қоныстанған жерге жоламайды.

Осыдан 7-8 жыл бұрын жазғы уақытта Ақтөбе обылысында қыйғылы оқиға тіркелген. Ақтөбе қаласының бақша учаскасында бір студент бала, түлкінің күшігін ұстап алып онымен ойнаған. Байқаусыздан түлкі күшігі студенттің бетінен тістеп алады. Міне содан кейін студент бала 1 ай бойы ауырып, кейін көз жұмған.

Құтыру ауыруының емі жоқ алайда алдын алуға болады. Құтырудың алдын алу мақсатында жануар тістегеннен, тырнағанынан және сілекейінен залал тартқан адамдардың барлығы кұтыруға қарсы екпе курсын алу алу үшін тұрғылықты жері бойынша травматологиялық пункттерге медициналық көмекке қаралуы керек. Даулы жағдайларды болдырмау үшін кенеттен болатын жағдайларды алдын-ала ойластырып, дайын болу керек.

Тістеген жарақатты таза сумен және сабынмен жуу керек, жарақат маңын йод тұндырмасымен залалсыздандырып, антирабикалық егу (вакцинация) алу тиіс. Әрбір адамды өлімнен құтқарудың жалғыз әдісі – жүйелі құтыруға қарсы екпе комплексін өткізу екенін білу қажет.

*Белгілері.* Аурудың еліртпе және тыныш түрі болады. Еліртпе түрі иттерде жабығудан, тамақтан және көптеген жағдайда судан бас тартудан басталады. Ауру иттің тәбеті бұзылады, қырылдап үреді, көздері қызарып қылиланады. Әрі қарай иттің күйі нашарлап, төменгі жақ сүйгі салбырап, ауызынан созылмалы сілекей ағып 10 күннен кейін өледі. Тыныш құтыру кезінде ит қозу сатысын өтпестен ақ тез параличке шалдығады. Барысы жағынан ло анағұрлым жіті.

*Ауруды анықтау.* Құтырудан өлген жануардың өліктерін жарып союға болмайды. Денесін тұгел, түгел астына авторезенкелі балонның салып жақсылап өртеп, күлін көміп тастайды. Диагнозды-клиникалық белгілері ббойынша және ветеринариялық зертханада мидың құрамында Бабеш-Негри денешіктерін тауып, (тышқандарға) биопроба жасап анықтайды. Зертханаға ветеринариялық жолдама қағазымен, ветеринариялық қауіпсідік

ережесін сақтай отырып, патматериал ретінде: ірі қара, жылқы малы болса оның миын, ал ұсақ жануар болса тек қана басын жібереді.

*Ауруға қарсы күресу және сақтандыру шаралары.* Жануарлардың құтырумен күресу ветеринарлық-санитарлық шараларды уақытылы өткізу, мал ұстау ережелерін сақтау және ҚР ветеринариялық заңнамасымен қарастырылған өз міндеттерін орындау тәртібі туралы түсіндіру жұмыстары болып табылады. Ақтөбе қаласында, ауруларды алдын алу үшін 6-7 жеке ветеринариялық клиникалар жұмыс жасайды, онда қала тұрғындарының өз еркімімен иттеріне, жылына бір рет құтыру ауруына қарсы вакцинация жасалынып, ветеринариялық паспорттар беріледі.Дегенменде қала ішінде, сыртта тіркелмеген қаңғыбас иттер баршылық. Олар елді мекендердін тұрмыстық қалдықтар полигонының арасында жүріп, жабайы аңдармен араласып,көптеген жұқпалы ауру қоздырғыштартардың таратушы көзі болып табылады. Сондықтан да жеке ветеринарлық кәсіпкерлер, қалалық «Ветстанса» мекемесі, «Аумақтық ветинспекция», «СЭС» аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу, оның таралуына жол бермеуі үшін бірлесе комплексті жұмыс атқару керек.

**Пайданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кононов Г.А. Рецензент Нұрышев М. «Мал дәрігерлігі жөніндегі анықтамалық». Әдебиетке сілтемелер [230, 231 б] «Мал дәрігерлігі жөніндегі анықтамалық».
2. Махышев Т. «Құтыру ауруын алдын алу» /Жаршы 2001; Бакулов И.А. «Індеттану және микробиологиялық негіздері» /Алматы.: Қайнар, 1993

## АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРОФИЛАКТИКИ ОСОБО ОПАСНЫХ БОЛЕЗНЕЙ ЖИВОТНЫХ

**Аннотация**

В статье изучены пути предупреждения распространения инфекционных заболеваний у животных и бродячих собак, меры по предотвращению размножения бродячих собак.
***Ключевые слова:*** особо опасное заболевание, бешенство, инфекция, вакцинация.

## CURRENT ISSUES OF PREVENTION OF ESPECIALLY DANGEROUS ANIMAL DISEASES

**Abstract**

The article examines ways to prevent the spread of infectious diseases in animals and stray dogs, measures to prevent the reproduction of stray dogs.
***Key words:*** particularly dangerous disease, rabies, infection, vaccination.

МРНТИ 17.71.91

**Сахитжанова Б. О. – «**Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 3 курс студенті
**Ғылыми жетекшісі: Асан Жұманазар** - филология ғылымының докторы,профессор
[12]*Баишев Унверситеті*

## ӘЗБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНЕ ӨНЕР АДАМДАРЫ

**Аңдатпа**

Мақалада батыр және қоғам қайраткері Әзбергеннің Бердақ ақынға, Ақпан ақынға, атақты күйші Қазанғапқа қатыстары зерттелген. Нақты дәлелдер келтірілген.
***Түйінді сөздер* :** Әзберген, Бердақ, Ақпан, Қазанғап, ақын, күйші, Қоңырат.

Әзбергеннің бүкіл өмірі ат үстінде, арпалыспен өтсе де, шаш ал десе бас алатын қатыгез адам еместігін, жанының нәзіктігін, сұлулықты сүйетінін, эстетикалық талғамының биіктігін, өнерді қадірлейтінін ұрпақтары аңыз қылып айтады, оны тарихи деректер растайды.

Соғыс үшін салынған қорғанды ғажайып баққа айналдыруы, оның «қорған-бақ» аталуы осы пікіріміздің нақты айғағы бола алса керек. Қым-қиғаш аласапыран заманда өнер адамдарының назардан тысқары қалатыны тарихтан белгілі жай, қазақ айтқан ғой «ораза, намаз тоқтықта» деп. Қазақтың басынан күні кеше ғана бұл жағдай қайыра өтті. Қарақалпақтың бұлбұлы Әжинияз шаңырағы ортаға түскенде Бозатаудан боздай көшіп, ұлы ақын Бердақ соғыс пен аштық қатар келген тұста жейтін нанға зар болды. Далада қалған ақынды Әзберген өз өмірі қыл үстінде тұрғанына қарамастан бауырына тартады. Жағдайын жасайды. Ақынның өнеріне жоғары баға береді. Ұзақ уақыт қонақ қылады.

Шығармаларын қазақшаға аудартып, қағаз бетіне түсірттіреді. Ұлы ақын туындыларынан жан азығын алады. Еңбегін төлейді.

Бұл жөнінде:

Бір малды қазақтан табылып достым,
Бір жатып, бір тұрып, басымды қостым,
Қосығын қазақша жазып Айдостың,
Бір сиырын алып келдім, балдарым, - дейді.

Бердақ өзінің «Балдарым» деген өлеңінде. Айдос – 1827 жылғы Хиуа хандығына қарсы көтерілістің басшысы.

Кейін екеуі айрылмас дос болды, жәуміттер шапқыншылығы кезінде, ел босқан тұста Бердақ Әзбергеннің қорған-бағында тұрды. Оның ақылдылығын, жүрек жұтқан батырлығын:

Аға бегілер, нұр жайнаған ол жүзі,
Жұрт алдында мақұл сөйлеген сөзі,
Ұрыс майданында мыңға бір өзі,

Батырлық бабында әркез Әзберген, - деп мәңгі өшпес суретті сөзге айналдырады. Қазақ елін, қазақ психологиясын, тұрмысын шала білетін орыс чиновнигі шалағай бірдеңе айтса, бәріміз жабыла бас ұрамыз, «міне дерек!» деп айқайлаймыз. Әзбергеннің іші-сыртын тегіс білетін ұлы Бердақ айтса ол есепке кірмейді. Міне, біздің советтік «қазақы» тарих ғылымы осындай!

Арқаның артық қонысы,
Көз жіберсем, ой салған
Ондай қоныс табылмас,
Жапырағы жайқалған,
Жайылып малы шайқалған.
Ертеңгі мұнар ел көшіп,
Қызыл ауыз боп бала
Көшке жанай көз салып,
Көш басшысы жер шолып,
Баттауық басын мал шалып,
Халқым қатар түзетіп,
Қонушы еді бір күнде,
Өзен-судың басына,
Әділ ханның тұсында.
Отырушы едік ол күнде,
Елім кетпей саядан,
Малым кетпей саладан.
Жазғы самхал болғанда,
Бәйбішем қымыз құйған күн,

Сірінді қара сабадан;
Түскі самхал болғанда,
Азамат басы құралып,
Аңсап келіп ішкен күн,
Ірбіті сары самардан.
Күзгі салқын болғанда,
Торай көзді ат мініп,
Томағалы құс салып,
Тобылғы мойын ит қосып,
Түлкі алдырған қиядан,
Ұшпалы биік шыңдардан,
Жез қарғылы құба арлан.
Ит жүгіртіп, құс салып,
Қызыл ауыз бозбала,
Ыржия күліп, ақсиып,
Шығушы еді құмардан.
Сары нарға қос артып,
Өзенген елді қондырып,
Салтанатқа жақсылар,
Қосыла барып қос тігіп,
Ортаға орда тіктіріп,
Ішіндегі жақсының,
Әділ басын күттіріп,
Әділдігін тұттырып.
Әділдіктің белгісі.
Жетім мен жесір теңдесті,
Мықтыға тізе бүктіріп,.
Қараша болған халқына,
Тыныштықпен малды бақтырып,
Жүруші еді байларым,
Баққан малын дәт қылып.
Жүруші еді хандарым,
Телі менен тектекті,
Әділдікпен сап қылып, - [1]

деп жыр нөсерін төккен Ақпан ақын Әзбергеннің жанына ерген ақыреттік досы еді. Бердақтың есімі, атақ-даңқы бұрынғы СССР шегіндегілерге мәлім, сондықтан оған тоқталмай, Ақпан ақын шығармашылығы туралы айта кетейік.

Шектінің бес баласының бірі – Баубек. Баубектен – Көкбөрі, Темірбақты, Жанқылыш. Ақпанның тегі Жанқылыш, оның ішінде Есенгелді аталығы. Әкесінің аты - Әйітбек. 1837 жылы Сыр мен Жайық өңірі арасында көшіп жүрген көшпендінің отбасында өмірге келген. 1874 жылы Хорезм жерінде дүние салған. Өле-өлгенінше отарлық езгіге қарсы болып өткен Ақпанның туған, өлген жылдары үш жерде көрсетілген. Біреуі әйгілі әнші, халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғарифолла Құрманғалиевтің жеке архивінде, онда: «Ақпан Әйітбеков (1837-74). Жырау. Алақозы» делінген. Алақозы қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданындағы Борсық құмы («Ұлықұм») ішіндегі елді мекен. Мұнда таңданарлықтай ештеңе жоқ, Ғ.Құрманғалиев Шалқар жеріне әлденеше келген; Сары Батақұлының, Сарышолақ Боранбайұлының әндерін репертуарына енгізген. Әнші ғана емес, әрі жыршы Құрманғалиев жүрген жерлерінен толғау, дастандар да жинаған.

Екінші деректі біз «Азаттықтың сұңқары» атты кітаптан кездестірдік, онда: «Әлім тайпасы, шекті Бәубектен тараған Есенгелді аталығындағы Ақпан Айтбеков (1837-1874)

заманында өз өңірінің шығармашысы, ақын болған. Ақпан «Есет батыр» жырын шығарған. Онда:

Есет қатты ер екен,
Қарт бурадай қаһарлы,
Патшаға қазақ бағынбас
Ер Есеттің діні азбай.
Ер Есет елдің басы еді
Тасқындаған аруағы,
Патшаның құрған торына
Бой бермеді бағынбай, -

деп Есет бейнесін сомдайды», - деген дерек берілген. Бұл жеті жолдың жоғарыда біз келтірген жолдардан айырмашылығы көп емес. Мұндағы Ақпанның өмір сүрген уақыты Ғ.Құрманғалиев көрсеткен жылдарға дәл келуі өте құнды мәлімет. Ал, «Ақтөбе» энциклопедиясында: «Ақпан Әйітбекұлы (1837-1874). Жауынгер ақын. А.Әйітбекұлынан қалған мұра – 1855-58 жылдары Есет Көтібарұлы басшылық еткен ұлт-азаттық көтерілістің көркем бейнесін жасауымен ерекшеленеді» – делінген [2, 228 б.].

Ақпан – бұрынғы жыраулық дәстүрді берік ұстанған ақын, себебі ол өлең ырғағын басты назарда ұстайды, тармақтардың басындағы сөздердің ұйқасын, ішкі ұйқастарды естен шығармайды:

Ойпанға орда қондырып,
Ойтаңға біткен орайды,
Ордырып, малға шалдырып,
Отырушы едік бір күнде,
Тоғайдың ирім кенінде-ай.

Бұл ассонанстағы «ойпаңға», «ойтаңға» сөздері ғана ұйқасып тұрған жоқ, «ордырып», «шалдырып» сөздері де іштей ұйқасып тұр. Ақын аллитерацияны да аса шебер пайдаланады.

Торай көзді ат мініп,
Томағалы құс салып,
Тобылғы мойын ит қосып,
Түлкі алдырып қиядан.

Әлбетте, аллитерация белгілі ақындар шығармаларында жиі кездеседі, бірақ «торай көзді ат мінген», «тобылғы мойын ит ерткен» ақын жалғыз Ақпан ғана. Ақын дыбыс қайталауды ғана мақсат тұтпайды, өлеңнің мазмұнына, ішкі сұлулығына айрықша көңіл бөледі.

Ақында:

Қонысынан ауған соң,
Өзі білген ерлердің
Іші жанып жалындай,
Жүрегі дертке шалынды-ай;
Теке мүйізді теңдестер,
Қошқар мүйізді құрдастар,
Іздесең де кетерсің,
Бір-біріңе табылмай;
Таба алмай кетер бір-бірін,
Бірге жүрсе қадірі жоқ,
Теңдес өскен құрбының, -

дейтін тамаша шумақ бар. Бұл сол кездегі ата жауымен алысқан аталардың ғана емес, қазіргі біздің де сезімімізге қатты әсер етіп, көңіл толқытады. Фәнидің өткіншілігін мойындап, «рас-ау» деп ойлайсың. Бақиға аттанып кеткен құрбылар еске түседі. Бұл, әрине, ақын сөзінің құдіреттілігінен. Осы өлеңде әсіресе «Теке мүйізді теңдестер, Қошқар мүйізді

құрдастар» деген жолдар елең еткізеді. Мұнда эпитет те, метафора да, градация да бар. Қыпшақ тілінің әлемге әйгілі ескерткіші «Кодекс куманикустың» 1303 жылы көшіріліп алынған текстісінің 1880 жылғы Будапешт басылымында мынадай жұмбақ өлең бар екен:

**Kockarmuzikojurmak,**
**Kojurmakdankojur-ir.**
**Tegemuzitjyrmak,**
**Tiyrmakdan tjyrmak .**

Біз бұғанқарап арпалыста жүріп азғана ғұмыр кешкен Ақпанның атажұртының тілін қаншалықты қадірлегенін пайымдаймыз. Әлимсақтағы ескі үлгілерді өзшығармасына өте ұтымды, түрлендіре қолданылғанын көреміз. Бұл – Ақпан поэзиясының тіл ерекшелігінің бір қырын аңдатса керек.

Ақпан шығармаларында табиғат суреті, жаратылыс көріністері де орын алған. Өмірі ат үстінде өткен ақынның өз өлкесіндегі әр төбені, көлі мен өзенді, тоғайы мен құмдыармансыз аралап жатқа білгендігіне, табиғат көріністерінен рухани нәр алғандығына еш күмән жоқ. «Жасаңға үйді қондырып», «тоғайдың иірім кенінде отырған» ақын: «Ондай қоныс табылмас, Жапырағы жайқалған, Жайылып малы шайқалған» деп; «Отырушы едік ол күнде, Елім кетпей саядан, Малым кетпей саладан» деп етжүректі елжіретер небір сұлу суреттер салады. Ақпан шығармаларынан оның өзін қоршаған орта-табиғат кейпін анық көре аламыз.

Ақпанда Шортанбаймен үндес жататын жерлер де аңдалады.

Шортанбай:

Қасиеткеттітөреден,
Әділдіккеттібилерден.
Залымтуғансұмырайлар,
Осылайжұрттыеміптұр.

Немесе:

Асылық азған заманда,
Алуан-алуан жан шықты,
Арам, араз хан шықты,

десе, Ақпан:

Осы күні көрдің бе,
Билердің қылған амалын?
Арақ ішіп, ақша жеп,
Халыққа тарттырды залалын.
Ақшаға елін сатқан соң,
Мен айтамын соларын.
Әділдіктен хан кетті,
Түзуліктен би кетті,
Кім біледі жігіттер,
Мұның соңы қандай боларын? –

дейді. Бұл жолдар:

Заманымыз бұзылды,
Қияметтің төріндей,
Аға сұлтан, қазының,
Ел сілкінді ісінен,
Ауылдың атқа мінері –
Жемтікке қонған күшіген.
Шек-шекпенге құмартқан,
Қанталап көзі мұнартқан,
Саудалап елін тиынға,

Құмартып патша сыйына, -

деген Дулат көзқарасымен де тоқайласады.

Ойлап тұрсам талайлар,
Қонысынан аунаған…
Ноғайлыда өткен Қазтуған
Еділ менен Жайыққа
Ол да екі айналып қонбаған,
Қонысынан ауғанда
Ол да біздей зарлаған.
Қона алмады ол қайырылып,
Сақмардың бойы салқын су
Сарайшық, Үйшік, Сарайға
Самалды салқын тоғайға,
Ол да біздей болған соң
Сарсылып сәлем көп айтқан
Сары азамат ноғайға, -

деуіне қарағанда Қазтуғаннан бергі тарихты да, Қазтуғаннан бергі поэзиямызды да терең білген сыңайлы. Ұлы шығарма туғызу үшін жалғыз дарындылық жеткіліксіз, оның үстіне телегей-теңіз білім керек екенін Ақпан шығармашылығы айғақтап тұрғандай…

Музыка өнерін зерттеушілер Н.Ю.Аравин, А.Сейдімбеков, А.Райымбергеновтер Әзбергеннің Қоңыратта үлкен күй сайысын өткізгеніне куәлік береді. Оған әр жерден көп өнерпаз қатысады, сонда бас жүлдені ұлы күйші Қазанғап жеңіп алады [2.356]. Ол туралы А.Сейдімбеков: «Өткен ғасырдың соңын ала қазақ пен қарақалпақ жұртының жапсарындағы Қоңырат деген жерде (қазіргі Қарақалпақстанға қарасты Қоңырат ауданының орталығы) Әзберген ханның ұйымдастыруымен әйгілі күй айтысы болады. Қазақ пен қарақалпақ жұртына даңқы жайылған дәулескер күйшілерге арнайы хабар беріледі. Ханның қалауымен өткелі отырған осынау күй айтысына өзіне өзі сенген тоғыз күйші тіленіп келеді. Тоғыздың бірі – Қазанғап. Бұл кез Қазанғаптың әбден толысып, ел мен жерге көз қанықтырып, әсіресе халық арасындағы күйшіліктің ғажайып дәстүріне еркін сусындаған шағы. Содан да болар, осынау күй айтысы Қазанғап бойындағы бұла дарынның ең бір самғау биікке көтерілген шабытты шағын танытады» – дейді [3,355 б.].

Белгілі күйші һәм музыка зерттеушісі Абдулхамит Райымбергенов: Әзберген ұйымдастырған ол сайыс туралы: «Орынбай, Дүкенбай, Қаратөс – Аймағамбет, Қаналы төре сияқты сол кездегі белгілі күй тарландары қатысқан бұл тартыс XIX ғасырдың аяғындағы үлкен домбыра сайысының бірі болды. Тартыстың шарты бойынша әрбір күйші «Ақжелең» деп аталатын топтама күйлердің алпыс екісін түгел ойнауы тиіс еді. Қазанғап «Алпыс екі Ақжелеңді» орындауымен қатар осы циклдың «Күй шақырғыш» атты бірінші күйінің аяқ жағына жаңа тақырыптық бөлім қосып, күй желісін байытып, өзіндік орындаушылық өрнегімен мәнерлеп тартады. Бұл күй Қазанғаптың орындауында ерекше реңге ие болып, ажарлана, айшықтана түседі. Сөйтіп, өнер саңлақтарының арасында Қазанғаптың мерейі үстем болып, бас жүлдені иемденеді. Оның күйшілік даңқы бүкіл қазақ даласына жайылады» дейді. Қазанғап Әзбергеннің адамдық болмысын жоғары бағалап, оған арнап «Кел-сана, батыр, кел-сана» күйін шығарады. Философиялық толғанысқа толы астары терең бұл күй қазір де халықпен бірге жасап келеді. Алда да жасай бермек. Әзберген өнерді терең түсінді, қадірледі, өрісін кеңейтті, ұлы Бердақ, ұлы Қазанғап бар жерде Әзбергеннің есімі де қиямет қайымға шейін аталмақ, тарих қойнауына кете бермек.

Оны кейінгі атақты ақындар Кердері Әбубәкір мен Сарышолақ та өз жырларына арқау етті. Мақтан тұтты.

Құтты мекен жер үшін,
Әлпештеген ел үшін:

Қабақтан өтті Есетім,
Аққу боп ұшты қалықтай
Қарағұл мен Әзберген,

Оны да біздің көз көрген, - дейді оны өз көзімен көрген Сарышолақ шайыр Боранбайұлы (1858-1929).

Тағы бір айтылар нәрсе Әзбергеннің туған, өлген жылдарын айқындау мәселесі. ҚСЭ және «Ақтөбе» энциклопедияларындағы 1806 жылы туды деген жаңсақ сөз. Шежірешілер Әзберген Есеттің інісі еді, одан көп кіші еді дейді. Есет Көтібарұлы 1807 жылы туған. Сонда 1806 жыл деу қисынға келмейді. Көкбұлақтағы белгі-таста 1819 жылы туған деп таңбаланған. Расында, Әзберген1813 жылы туған.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Шалқар қаласының тұрғыны Әзберген ұрпағы зейнеткер Нұрмашев Қалабайдың жеке архивінен алынған.
2. ҚСЭ – Ақтөбе 2001ж
3. Тарақты А. Күй шежіре. – Алматы, 1992. – 488 б.


## АЗБЕРГЕН БАТЫР И ЛЮДИ ИСКУССТВА


**Аннотация**

В статье исследовано участие батыра и общественного деятеля Азбергена в поэте Бердака, акына акына февраля, известного кюйши Казангапа. Приведены конкретные доказательства.



***Ключевые слова:*** Азберген, Бердак, февраль, Казангап, поэт, кюйши, Конырат.


## AZBERGEN BATYR AND ART PEOPLE


**Abstract**

The article examines the participation of batyr and public figure Azbergen in Berdak Akyn, February Akyn, and the famous kuishi Kazangap. Concrete evidence is provided.



***Keywords:*** Azbergen, Berdak, February, Kazangap, Akyn, kuishi, Konyrat.

МРНТИ 17.71.91



**Сахитжанова Б. О. –** «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 3 курс студенті
**Ғылыми жетекшісі: Асан Жұманазар -** филология ғылымының докторы, профессор
[12]*Баишев Унверситеті*


## ЕРТАЙ АШЫҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ


**Аңдатпа**

Мақалада Республикаға аты әйгілі ақтөбелік ақын Ертай Ашықбаевтың шығармаларындағы дәстүр жалғастығы зерттелген. Е.Ашықбаевтың туындылары мен орта ғасырдағы жыраулар поэзиясы салыстыра тексерілген.



***Түйінді сөздер:*** Ертай Ашықбаев, Қазтуған, ақын, жырау, поэма, талант, Қобыланды, Қыз Құртқа.


Әр ақынның әдеби ортаға, оқырман қауымға танылуы әрқилы боп жатады. Бұл орайда Ертай Ашықбаев жолы болған ақын. Жолы болғаны сол, студент кезінде КазГУ-дың үшінші

курсында оқып жүргенде-ақ өлеңдері «Темірқазық» (1982) атты жинаққа кірсе, төртінші курста жүргенінде Балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік шығармалардың республикалық жабық бәйгесінде жүлдегер атанады. Совет үкіметі тұсында мұндай дәрежеге жету – үлкен абырой-атақ есептелетін. Мұндай деңгей жаңа ақынның пайда болғанын айғақтайтын-ды.

Ертайдың 1988 жылы жарық көрген алғашқы өлеңдер жинағы «Қос мең» баспадан шыққанына жыл толмай жатып 1989жылы Қазақстан Жазушылар Одағының Ш.Құдайбердиев атындағы сыйлығына ие болды да, атағы әдеби ортада шарықтап шыға келді. Мұның үстіне 1986,1991,1994 жылдары «Жалынның» жабық бәйгесінің жүлдегері атанды. Аталмыш сый-сияпаттар Алматыдан шалғайдағы бір түкпірде жатқан ақын үшін аз абырой емес-ті.

Білімі жоқ ақын қанша талантты болса да таңырқарлық туынды туғызуы мүмкін емес. Талантты Жасаған Ие береді, телегей-теңіз білімді тірнектеп өзі жинауы керек. Мұнсыз нағыз ақын жоқ. Ертай ақынның туындыларын оқып отырғанда оның білімдарлығына еріксіз назар аударасыз. Сөзіміз құрғақ болмас үшін мысалдар келтірейік:

...Жылқымыз жоқ,
Түйеміз жоқ.
Қымыз, шұбат ішпеген соң
бойымызда киеміз жоқ.
Сылдыр сұйық айран іштік,
Қазан түбін жалап іштік,
Арзан тағам болғаннан соң ақырында арақ іштік.
Бұқар жырау,
Енді Сіз де ұрыса алмайсыз мына бізге,
Хан Абылай біз емеспіз түйе баққан құла түзде –
Құла түзде шөппен, гүлмен,таумен, таспен... достаспадық,
Ақы беріп білім алдық,
Ақша беріп көш бастадық.
Көш бастадық,
Қыр басында алқа-салқа көш келеді.
Жоқ ішінде Бұқар Жырау –
Автомобиль бос келеді, – дейді ақын.

Соңғы үш жолдың арқалап тұрған жүгі үлкен. Пәрмені қатты. Себебі, ақын жүздеген жылдар бойы халқымызбен бірге жасасып келе жатқан «Елім-ай» әнінің «Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келедісін» ұтырымен пайдаланған, өз ойын түйіндеу үшін өзгеше сипат берген.

Ақын туындыларына айрықша көрік беріп тұрған мұндай жолдар жиі ұшырасады.

Ашылмайды, әйтеуір, күн қабағы,
Бұлақ бастан осылай бұлғанады.

Ертай сонау Шыңғыс хан заманындағы Ұлық жырау Кетбұғадан желіні осылайша тартады. Ұлық жырау: «Теңіз бастан бұлғанды, кім тұндырар, а ханым, Терек түптен жығылды, кім тұрғызар, а ханым?» демейтін бе еді?

Ақын Алматыдағы курстастарына:

Ақтөбенің шаттығын үзбегей күн,
Мынау Күлай ханымның мойнындағы
Жоғалмайтын ақ моншақ-тізбедеймін.
Сондағы алып қалған Алматыңыз...
Қайырлы бола берсін Сізге деймін, – дейді.

Екпін тағы да аяқтауға, соңғы екі жолға түсіп тұр. Ал бұл керемет жолдардың төркіні атақты Қазтуған жыраудың, ел айырылып, ат басын теріске бұрғанда:

Сөйткен менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Хайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт, – деп, Еділ бойында қалған түрік тектес руларға бақыт, береке, тыныштық тілеген толғаумен астасып жатқанын біреу білгенмен, екінші біреу аңғармауы мүмкін.

«Қобыландының қонысы» поэмасында ақын:
Уа, қайдасың, Төрт-ақ Бұлт,
Жеңіл басқан жортақ Бұлт?.. Бері қарай сал сана,
Төбемізде қал сана,
Көл айналып шүй сана,
Біздің шөпті сүй сана, – дейді. Ал мұндай ғажап жолдардың туу төркіні әйгілі «Едіге»жырында жатыр екен. «Едігенің» Шоқан нұсқасында Тоқтамыстың Кең Жанбайы:
Әй, Едіге, сен енді қайт-сана,
Қайтып Еділ өт сана,
Еңсесі биік боз орда,
Еңкейіп сәлем бер-сана!
Ерні жұқа сары аяқ,
Хан сарқытын іш-сана, – дейді емес пе?

Айттық, ақынға талантты Жасаған Ие береді, ал білімді өзі жинайды дедік, әйтпесе одан бәрібір жібі түзу ақын шықпайды дедік. Ертай ақынның білімді адам екеніне әрқилы мысал келтірдік. Мұндай дәлелді дәйектерді ондап келтіре беруге және болады. Қорытып айтқанда, Ертай – екі құбылысы тең ақын, әрі талантты, әрі білімді.

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадыр Мырзалиев: «...Ал қатарымызда қалам толғап жүрген бір Ертайдың өзі бір облыстың маңдайына аздық етпейді десем, артық бағалағандық бола қоймас...» – деген еді. Бұл енді 1999жылы айтылған пікір. Қазіргі Ертайға Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері Есенғали Раушанов 2006жылы айтқан: «Ертай Ашықбаев – менің сүйіп оқитын ақындарымның бірі. Неге? Өлең деген, біріншіден тазалық. Мен ақын Ертайдан да, азамат Ертайдан да сол тазалықты көремін. Осындай аламантасыр, алмағайып кезеңде өмір сүру бір азап болса, өлең жазу – екі азап. Көйлегіңнің жағасын кірлетпей таза ұстау – қиынның қиыны. Ертайға сүйсінетініміз – осындай заманда өзінің табиғи пәктігін сақтап қала алды. Сол үшін құрмет пен даңқ ақынға!

Бәлкім, келісерсіздер, ал келіспесеңіздер, патша көңілдерңіз білсін – Ертай өлеңдерінен орта ғасыр сопыларының дүниетанымы байқалады. Тәркідүниеге қол сілтеп, бәрінен баз кешу емес, атан белін қайыстырар ауыртпалықты, ер азаматқа етігімен су кештірген аласапыранды жылап-сықтап немесе сөге жамандап қара есекке теріс мінгізіп қоятын байбалам поэзия емес, нені де болса күліп қарсы алатын биік поэзия...» – деген пікір жуық келеді [1]. Бұл енді – әділ баға. Ертайдың өзіндік қолтаңбасын айқындап тұрған тұжырымды түйін. Дана бабаларымыз «Малдың жайын – баққан біледі, Оттың жайын – жаққан біледі» деген екен, ақынның жайын ақын білсе керек, оның ішінде Ертай шығармаларын «сүйіп оқитын» Есенғали сияқты әйдік ақын білсе керек. Білген соң айтады да...

Ақындар аса сезімтал – заманның кем-кетігі, ел-халқының кейбір шеккен қиындығы әуелі осылардың жүрегінен өтеді. Содан болса керек, олардың туындылары мұң-шерге толы болады. Уайым, күңірене сөйлеу көп кезігеді. Бұдан мың жыл бұрын ғұмыр кешкен Омар Һәйам:
Пәк туып,
аяғында арам болдық.
Шат туып, қайғы шеккен қараң болдық, – десе, Абай атамыз:
Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, – деп күңіренеді. Осылай болуы заңды да. Ал ақын

Ертай мұны айтудың соны жолын тапқан. Яғни тыңнан өзіндік соқпақ жасаған. Жаңалық қай уақытта да өзгеге тосын көрінеді, тосырқап қаласың. Содан болса керек, Ертай ақынның поэзиясын түсіну оңай емес. Дәлел келтірейік. Дәлелге «Сантехник Алпамысты » алайық:

Уа,
Сантехник Алпамыс,
Алдыңа құлдық ұрды алты арыс!
…Уа, ..
аумаққа сыйлы ізгім,
темірге қалпақ кигіздің,
тасқа алау тигіздің.
Бір төбенің толқынын
бір төбеге құйғыздың.
Жем-Сағыз бен Ойылды,
Қарғалы мен Електі
бір құбырға сыйғыздың.
Сен шыққанда көшеге,
тікесінен тік тұрады
Үй біздің!
Басыңнан бақ кетпегей,
жауың жүрсін
беттемей,
бізге де төк мейіріміңді шектемей.
Уа, Алпамыс,
бұл сенсіз
мына Ақтөбе шаһарыңыз не етпек, ей?!
Уа, тоқтайын!
Бұл сөзім
астана жұрт әкімдері құлағына жетпегей!
Алысатын ерімді
күндіз демей,
түн демей,
Қарысатын ерімді
жауап бермей,
үндемей,
дәрі беріп ұйықтатып,
солар бір күн алып кетіп жүрмегей!.. [2].

Ал не ұқтық? Әркім өзінше қабылдамақ. Алпамыс – керемет сантехник. Біреудің түсінігінше, жұртқа өте қажет адам. Шындығында солай, жүздеген мың тұрғыны бар қаланың әрбір азаматының сантехниксіз күні жоқ. Екінші біреудің ұғымынша, қазіргі заманның қазақ Алпамысы – сантехникке айналып кеткен бе, немене?...

Жақсы ақын кемеліне келген сайын туындысы да күрделене бермек. Оны ұғу үшін оқырман да сол ақынның деңгейіне көтерілуі қажет. Осы орайда Ертайдың «Қобыландының қонысы» атты кітабының орны бөлек. «Бұл ән, бұрынғы әннен өзгеше» деп, Шәкәрім қажы айтқандай «Қобыланды қонысындағы» туындылардың түрі мен мазмұндық бітімі-болмысы, өлеңдік өрімі, өрнек мәнері расында да өзгеше. Ал ақынның «Қобыланды қонысы» поэмасы – халқымыздың өткені мен бүгінгісін қабыстыра байланыстырылып, сыр-жымбағы зерделі оқырманның өзі шешуіне қалдырылған аса көркем дүние. Тағы да нақты мысалға жүгінейік. Поэмадағы «Тоқтарбайдың баласы» тарауынан үзінді:

Уа, аспан,
Сұрай көрші сүйінші,

бұлттарыңды бұлға да,
Әулиеге ат айттық,
Қарасанға қой айттық,
Уа,қашан берілмекші бұл бала?!
Жолбасшысыз –
алаң да алаң, алаң жұрт.
Қолбасшысыз –
дүйім батыр,
тамам ер,
қамығым тұр мына жайлау,
ана бел.
Уа,Тоқтарбайға бала бер!

Бүгінгі қазаққа осындай бала керек-ақ, Тоқтарбайдың баласы Қобыланды батыр жетіспей-ақ тұр. Сондықтан мұны оқып отырып сенің де: «Уа, Тоқтарбайға бала бер!» деп айқайлап жібергің келеді.

Немесе «Қыз Құртқа» тараушасын қарайық. Үзінді берейік:

Менің ағам балпаң-балпаң басып жүр,
Жол кешкен жоқ бұралаң да бұралаң.
Кезіксе де кей келіншек ұнаған,
Ағам, уа, аулақ әлгі күнәдан.
Ана маңнан қайтарады қозыны,
Қаз-үйректі асырайды мына маң.
Беу, ағам-ай, тәртібінде ақау жоқ,
Қайран менің тұлпары жоқ бұл ағам!
Малды ерте өргізеді қорадан,
Үзілетін жіп еседі қоғадан.
Құлап қалған там ішіне тығылып,
Дәм татады кейде жолдас-жорадан.
Әрлі-берлі өтсе де әлгі келіншек,
Менің ағам жолаған жоқ,
жолаған...
Беу, ағам-ай, тәртібінде ақау жоқ,
Қайран менің Тайбурылы жоқ ағам!
Менің ағам сыптай болып жүреді,
Киім киіп бұрын бізде болмаған.
Ай, сонда да бір ісі кем сомдаған,
Ай, сонда да бір құсы бар қонбаған –
Тұлпары жоқ қос бүйірін қомдаған.
Жем жегенше тәттісі көп дорбадан,
Қыз Құртқаны неге алмадың, сорлы ағам?..

Осы тарауды оқығанда бас жағында өз бейнеңді көріп, әуелі мәз болып жымиып отырасың, соңына келгенде түсің өзгеріп сала береді. «Әй, әттеген-ай, сонда ыңғайы келіп тұрғанда, тегі асыл Қыз Құртқаны неге алмадым, сорлы басым», – деп аһ ұрасың. «Фигурасы күшті, аяғы түзу деп» тексізге ұрынғаныңды білесің. Тайбурылды іздейсің. Бұл – Ертайдың бір ағасының басындағы ғана емес, тек Қобыландының қонысындағы ағаларының басындағы ғана емес, күллі Қазақстан шегіндегі талай ағаларының басындағы үлкен өкініш. Турасына көшсек – трагедия.

Бұл Ертай екінші жағынан балаларға арнап өлең жазуын тастамай жүр. Неге тастамайды? Біздің басымыз қатпасын деп ақынның өзі мәселенің себебін аққа қарамен таңбалап қойыпты:

Балаларға арнап жыр жаздым...
Жазамын әлі,
Жоқ онда саясаттардың азалы мәні.
Жоқ онда ірі елдердің зомбылықтары,
Компартияның жұлдызды соңғы ұлықтары.
Жазамын жақсы тәртіп пен үлгерім жайлы,
Су құйылмаса өспейтін гүлдерім жайлы.
Өркендеп кеткен өзге бір құрлықтар жайлы...
Жазбаймын бірақ біздегі ұрлықтар жайлы.
Жыр керек балаларға тек жақсылық жайлы,
Қорқытып қайтем сөз қозғап тапшылық жайлы.
Балалар сосын оқиды тамсанып мұны,
Риза қылдым осылай қанша мықтыны.
Алысыммен де татумын, жақыныммен де,
Заманның заңын түсінбес ақының мен бе?!
Осы талантым өзіме ғажап ұнады.
Балаларға арнап жыр жаздым...
Жазамын әлі!

Ертай шығармашылығы жайлы әрі ойлап, бері ойлағанда Мейірхан Ақдәулетұлының «Қатаң өлшемнің таразысына тартқанда өлең де, ақын да азая бастаған, Мен Ертайды сол аздың бірі, көз жетер көне заманнан күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан сан алуан үні мен бояуы, биігі мен тереңі бар, ұлы қазақ өлеңінің аясына салып қарастырғанда, ешкім көлегейлей алмайтын ақындық «мені» бар ақын деп санаймын», – деген пікірі еске түседі. Бүгін біз де осы байламға қол қойдық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**:


1. «Ақтөбе» газеті, 20 сәуір 2006 жыл. «Сопылардан соқпақ тартқан».
2. Ашықбаев Е. Қобыландының қонысы// «Жұлдыз» журналы, 2009ж.


## ПРОДОЛЖЕНИЕ ТРАДИЦИИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ЕРТАЯ АШИКБАЕВА


**Аннотация**

В статье исследована преемственность традиций в произведениях известного в Республике Актюбинского поэта Ертая Ашикбаева. Произведения Е. Ашикбаева и поэзия жырау в Средние века были сопоставимы.



***Ключевые слова:*** Ертай Ашыкбаев, Казтуган, акын, жырау, поэма, талант, Кобланды, Қыз куртка


## THE CONTINUATION OF TRADITION IN THE WORKS OF YERTAI ASHIQBAEV


**Abstract**

The article examines the superiority of traditions in the production of famous Aktyubin poet Yertaya Ashikbayeva. The production of E. Ashikbayeva and zhyrau's poetry were co-authors in the Middle Ages.



***Key words:*** Ertay Ashykbayev, Kaztugan, Akyn, zhyrau, poem, talent, Koblandy, Kyz Kurt

МРНТИ 17.71.07

**Сәубет Эльвтра Берікқызы[1], Асан Жұманазар[2]**
*[12]Баишев университеті*

# «ЕДІГЕ» ЭПОСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВЕРСИЯЛАРЫНДАҒЫ КЕҢЖАНБАЙ ОБРАЗЫ

**Аңдатпа**

Мақалада «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосын зертеудегі керекті элементтердің бірі «Батырдың баласы» мәселесі қарастырылған. Ол үшін эпостың қазақ тіліндегі нұсқаларымен қатар татар, қарақалпақ, ноғай тіліндегі нұсқаларындағы Едігенің баласы Нұраддиннің (Нұралын) бейнесі салыстыра зерттелген.
***Түйінді сөздер:*** Едіге, жыр, эпос, Нұраддин, Сәтемір, хан қызы, батырдың ұлы, Ақбілек, той.

Ұлттық версияларда оны жақсы жағынан да, жаман жағынан да көреміз. Кеңжанбай бейнесі де қайшылықтарға толы. Мұның өзі де «Едіге» эпосының даралық сипатын айқындай түседі. Жалпы алғанда, «Едіге» жырының өзіне тән ерекшелігінің ең бастыларының бірі осындай күрделі образдар жасау болып табылады.

Эпос версияларының көпшілігінде ондағы оқиғаларға Кеңжанбай бастан-аяқ қатысады. Жағымсыз кейіпкер есебінде бейнеленеді.

Бұл Кеңжанбай ақсүйек, төре тұқымы немесе қожа тұқымы емес, қарадан шыққан сыңайлы. Қарақалпақтардың Қияс жырау нұсқасында Ордадан қашқан бірақ артында қалған ата-жұртын қимаған Едіге соңымнан іздеп, біреу-міреу келіп қалса керек деген оймен Мәуленнің Ақтөбесінің басында отырып, былай ойлайды: «Мен осы жерде үш күн отырайын, Тоқтамыс хан мені жоқтар ма екен, я тым-тырыс отырар ма екен, ізімнен адам жібермес па екен? Жамандының соңынан құлдан жасауыл келсе, ол адамға – өлім лазым болғаны деп естуім бар еді. Ақсүйектен жасауыл келсе, өлімнен азат болғаны деп естуім бар еді» [92, 159-б.]. Қияста да соңынан Кеңжанбай қуып жетіп, жауаптасқанда Едіге оған:

Атаң қара кісі еді,
Ас бергеннің құлы еді,
Енең жаман шоры еді,
Нан бергеннің күңі еді,
Атаңа нәлет ақылсыз
Маған насихат айтқандай
Асылың сенің кім еді? –

дейді [92, 160-б.].

Тегі қара дегенмен, Кеңжанбай да тәңірінің тегін жаратқан пендесі емес. Кеңжанбай образының күрделілігі сонда, ол бірыңғай жағымсыз бейне емес. Мәселен, қарақалпақтың Қияс жыршыдан қалған нұсқасында хан айналасындағы Ағай, Тағай, Қосназар, Байназар, Өмірби, Керімби сияқты атақты билердің арасындағы ең танымалы – Кеңжанбай. Бұл топ өздерінің көзқарасын Тоқтамысқа Кеңжанбай (Кенжембай) арқылы жеткізеді. Себебі іштеріндегі шешені – осы адам. Едігенің Тоқтамыстан беделі асып бара жатқанын аңдайтын да, Тоқтамыс қол астынан қашқан Едігені Сыпыра жырау ақылымен шақыруға барғанда топ адамның ішінен белсеніп тіл безейтін де осы – Кеңжанбай.

Тек шындықты айтуға ант берген Сыпыра қарақалпақ версиясында оны жамандағанымен татарша нұсқада хан кеңесшісіне:

Жантая биреп утырган,
Жанбай аты аталган.
Ирне салкык күренә –
Жанбаз булыр шул угыл,

Кәмалның улы Киң Жанбай,
Сүзгә чичән ир Жанбай
Киңәш бирер картларга,
Яуга чыгар атларга,
Бездән дәүран үткәндә,
Сезгә дәүран житкәндә
Та кем калды ханнарга!... –

деген жағымды баға береді [50, 63-б.].

Ноғай версиясында Тоқтамыс хан Құбығылдың арғы тегі кім деп сұрағанда, Кеңжанбай: «Жүз де сексен жасаған, азу тісі босаған, нағашым Қара жырау бұл күнде, ол білмесе кім білер» дейді [51, 26-б.]. Кеңжанбайдың (ноғайшада Кер Янбай) Қара жырау деп отырғаны – Сыпыра жырау. Нағашысына тартқан Кеңжанбайдың шешендіктен, ақындықтан құр алақан болмауының себебі осында жатқанын эпос астармен білдіреді. Кеңжанбай эпостың ұлттық версияларында әр кезде Тоқтамыстың жанынан табылады. Шоқанда Тоқтамысты өлтіріп кейін оралған Нұралын аты болдырып, жолда қалған Кеңжанбайдың үстінен түседі, сонда ол басым кетер деп қорықпай батырға:

«Әй Нұралын, Нұралын,
Еш бермесін мұрадың,
Тоғыз көзді кіреукем,
Аны неттің, Нұралын?
Сауырғы бие сүті еді,
Байсалды жұртқа құт еді.
Тоқтамыстай хан ием,
Аны неттің, Нұралын?», –

дейді [15, 58-б.].

Татар версиясында Тоқтамыстың басына қара түн орнап, тағын, билеп отырған ел-жұртын тастап шығына қашқанда да сасқан ханға жөн-жосық айтып, жылап-сықтаған Йәникә ханымға басу айтып, ханның жанына жалау болған Кеңжанбай деп көрсетеді. Бар қиындықты, жол азабын, айдаладағы тауқыметті Тоқтамыспен бірге көреді [50, Б.156-157]. Оны ханға адал қызмет еткені үшін, осы жолда аянбай күрескені үшін кінәлау орынсыз болып шығады.

Кейбір ұлттық версияларда Нұраддин мен Едігені татуластыру үшін қызмет қылады. Кеңжанбай қарақалпақ версияларында да өңкей жамандық жағынан көріне бермейді. Едігенің көзі шығып, баласымен араздасып, үлкен қайғыға ұшырап жүрген кезінде алып келіп, баласымен табыстырады. Осы жердегі Кеңжанбай жыраудың тауып айтқан сөздері тыңдаушысына үлкен әсер қалдырады. Ол айтты деген сөздердің көркемдігі де жоғары.

Қара көзден нұр тайса,
Қырағың сенің Нұраддин,
Қарға адым жерді көрмесең,
Шалқып жанар алдыңда,
Шырағың сенің Нұраддин,
Сапар тартсаң ұзаққа,
Пырағың сенің Нұраддин,
Қайт, Едіге, қайтсаң ә,
Жалғызыңның күнәсін
Өт, Едіге, өтсең ә,
Көрер көзің көрмесе,
Көзің сенің Нұраддин.

Абай етіп сөз айтарға,
Сөзің сенің Нұраддин.
Қазаң жетсе бір күні,
Ие болар орныңа,
Өзің сенің Нұраддин.
Қайт, Едіге, қайтсаң ə,
Жалғызымның күнəсін
Өт, Едіге, өтсең ə.
Басыңа күндер туғанда,
Алладан əмір болғанда,
Сол пайманаң толғанда,
Жағаңнан ажал буғанда,
Пəрменің сенің Нұраддин ... [90, 390-б.]

Кеңжанбай хан баласы Қадірбердінің «қалған-құтқанға бас болып, қайтадан желкілдеген ту көтеріп, бұрынғыдай іргесі берік ел болып, хан тағына отыруына» жəрдемдеседі. Бұл – əрине жырды шығарушылардың асыл арман, қиялы. Бұрынғы Евразия жеріндегі ұлы мемлекет Алтын Орданы жоқтауы. Осы игі қиялдың ішінде де оны жүзеге асырушылар тобында Кеңжанбай жүр.

Қарақалпақтардың Өтенияз нұсқасында Кеңжанбай Едіге мен Нұраддинді татуластырып, Нұраддин таққа мінеді. Содан кейін Кеңжанбай астыртын хабарласып, Тоқтамыстың кіші баласы Дəулет басы Төрені елге алдырады. Нұраддин бес жыл хандық құрғанда Дəулет басы Төре онға келеді. Кеңжанбай айламенен Нұраддинді өлтіреді. Оның орнына Тоқтамыстың баласы таққа отырады [99, Б.192-193].

Бұл айтылғандардан біз Кеңжанбай образының қарама-қарсылыққа толы күрделі образ екенін көреміз.

### Пайдаланылған əдебиеттер тізімі:

1. Едиге. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
2. Мағауин Е. Едіге. – Алматы: Айқап, 1993. – 76 б.
3. Идэгэ. – Казан: Татарстан китап нэшрияты, 1988. – 254 б.
4. Ногайдынъ кырк баьтири. Эдиге. – Махачкала, 1991. – 158 б.
5. Едиге. Өтенияз варианты. – Нөкис: Қарақалпақстан, 2001. – 207 б.
6. Едиге. Ерполат варианты//Едиге.–Нөкис: Қарақалпақстан,1990. –400 б.

## ОБРАЗ КЕНЖАНБАЯ В НАРОДНЫХ ВЕРСИЯХ ЭПОСА "ЕДИГЕ"

### Аннотация

В статье рассмотрена проблема «Сына батыра» одного из необходимых элементов при изучении историко-героического эпоса «Едиге». Для этого, наряду с казахскими версиями эпоса, в татарских, каракалпакских, ногайских версиях был сопоставлен образ Сына Едиге Нураддина (Нуралы).

***Ключевые слова:*** Едиге, жыр, эпос, Нураддин, Сатемир, Хан кызы, сын батыра,Акбилек, той.

## THE IMAGE OF KENZHANBAI IN THE FOLK VERSIONS OF THE EPIC "EDIGE"

### Abstract

The article deals with the problem of the "Son of a batyr", one of the necessary elements in the study of the historical and heroic epic "Edige". For this purpose, along with the Kazakh versions

of the epic, in the Tatar, Karakalpak, Nogai versions, the image of the Son of Yedige Nuraddin (Nuraly) was compared.
***Keywords:*** Edige, zhyr, epic, Nuraddin, Satemir, Khan kyzy, son of batyr, Akbilek, toy.

МРНТИ 17.71.07

**Сәубет Эльвтра Беріккызы[1], Асан Жұманазар[2]**
*[12]Баишев университеті*

# СЫПЫРА ЖЫРАУ

## Аңдатпа

Мақалада «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосындағы Сыпыра жыраудың бейнесі зерттелген. Ол үшін эпостың қазақша нұсқаларымен қатар татар, қарақалпақ, башқұрт, ноғай тіліндегі версиялардағы Сыпыра жырау бейнесі салыстыра зерттелген. Сыпыра образын жасауда жырды шығарған жыраулар асқан шеберлікке барып, қарама-қайшылықты бейне жасаудың үлгісін көрсеткенін аңдаймыз.
***Түйінді сөздер:*** Едіге, Сыпыра, Тоқтамыс хан, Кеңжанбай, орда, уәзір, қобыз, жыр.

Сыпыра жырау есімі «Ер Тарғын» жырында кездеседі, ал «Едіге» эпосының барлық *ұлттық версияларында* аталады. Оларда жырау ұзақ жасаған, көпті көрген, өмір тәжірибесі мол, қысылғанға кеңес, тарыққанға медет бере алатын, айтқаны қате кетпейтін әулие дәрежесіне көтерілген қария түрінде көрінеді. Жырауды Тоқтамыс ханның ордасына әкелудің өзі күрделі оқиға түрінде көрініс тапқан, себебі оның келуі енді не істерлерін білмей отырған хан мен оның уәзірлеріне үлкен үміт тудырады. Қазақшада Тоқтамыс аузындағы отыз тісі босаған, сұп аяқты, сұп бөрікті Сыпыраны «жағын жібекпен тарттырып, салтанатқа үлде менен бүлдені арттырып, алып келші бері» деп бұйрық берсе, қарақалпақшада жыраудың ордаға келуі ұзақ жыр жолдарымен баяндалады, көп уақыт жұмсалады.

Татаршадағы жыраудың алтын күймегі алты қара ат жектіріп, тертеге әшекей-үшекей тақтырып, астына гүлдер төктіріп, үстіне төсек төсетіп, мамық жастықтар жастантып, қасына екі нөкер ертіп, сән-салтанатпен келуінің өзі оны тұлғаландыра түседі. Сыпыра ордаға келгенде, оның әруағынан именген Тоқтамыс хан екі отырып, бір тұрады, иіліп жол береді. Үлкен той жасап, Көктөбеге ақ шатырды құрғызып, елдегі жақсыларды жидырып, Едігені жиын басқарушысы қылып қояды. Сыпыраға үш тостаған бал ішкізгенде тіл бітіп, әріден тартып даналық сөз қозғайды:

Тем-тем шұбар, тем шұбар,
Шабылған аттан тер шығар,
Ақ мамықтан бөз шығар,
Ақылды ерден сөз шығар.
Жүз тоқсан бес жасаған,
Жаны, сүйегі қақсаған,
Азуларын тіздіріп,
Ақ жібекпен байлаған.
Бір алжыған қартыңмын,
Мендей ерден не шығар?
...................................
Мінбеге берсең жабы бер,
Тебінгіден тер шықпас,
Шүймеге берсең қаршыға бер,
Қанжығаңды бос етпес.

Кимеге берсең қара бер,
Іші тозбай тысы оңбас,
Сүймеге берсең сұлу бер,
Ақ сарайға сүйкеніп,
Жылай қалса кім алмас?
Жекпеге берсең атан бер,
Арысы сынбай мығаймас,
Саумаға берсең қысыр-ақ бер,
Көк орайға тиген суыққа еш суалмас [1, Б.55-56].

Жыраудың сөз басының өзі оның атағына лепесі сай данагөй екендігін осылайша бірден аңдатады.

Сыпыра жырау туралы пікір айтқанда, оның өзге туысқан әдебиеттерде жасалған бейнесіне де көңіл аударып, салыстыра қарау тиімді. «Едіге» жырының барлық ұлттық версияларында ұлы жырау бейнесі бар. Ноғайшада Сыпыра теңдесі жоқ шыншыл жырау, ақиқатты айтуда өлімнен де қорықпайтын мәрт адам ретінде көзге түседі. Жырау мұнда Едігенің ең жақын кеңесшісі, қамқоршысы ретінде көрінеді. Тоқтамыстан қашып құтыл деп кеңес беріп, оны өлімнен аман қалуына себепші болады. «Болса да Токтамыс ханга сеніп болмайды. Соннан себеп йырав Эдигеге шыгарактан, сол Сыбыра айткан кепте кашып шыгып кетеди. Ога кашпага соьлеги оьзи минен бирге йылкы багып юрген тогыз йолдасы ярдамласады» [2, 33-б.]. Башқұртшада Сыпыра Орал бойы халықтарының жасы үлкені, данышпан, ойшылы ретінде бейнеленген. Ол өзінің астарлы толғауында басқыншылықты, зұлымдықты өткір сынға алып, ел-халқы үшін жан қиған батырларды көкке көтере мақтайды. Едіге мен Нұраддиннің батырлығын, адалдығын айта отырып, ханға оларды өлтіру жөнінде де ұсыныс жасайды. Мұны зерттеушілер әйгілі жыраудың ел тыныштығын ойлауынан деп түсіндіреді. Сыпыра образын жасауда да жырды шығарған жыраулар асқан шеберлікке барып, қарама-қайшылықты бейне жасаудың үлгісін көрсеткенін аңдаймыз.

Оларда:

«Аузында отыз тісі босаған,
Сұп аяқты, сұп бөрікті
Сыпыра сынды сұп жырау.
Жағын жібекпен тарттырып,
Салтанатқа үлде менен бүлдені арттырып,
Алып келші бері!», –

деп,

«Сүйін аяқ ат мінген,
Судай болат байланған.
Сусар бөріклі,
Сұп тұтылы жүзде сексен жасаған.
Атанден ақ ат қоңын асаған,
Сыпыра деген жырау бар,
Құбаұлдың асылын,
Ол білмесе, кім білер?!», –

деп, немесе:

Уч иуз токсан яшаған,
Атқа мінер алы иоқ.
Арбага мінер амал иоқ.
Уч иуз токсан яшаған,
Оның бойы шошаған.

Тішлерін інжі салып,
Ши ибекпен қоршаған.
Атқа мінер амал иоқ,
Арба мінер алы иок –

деп, данышпан қарт түрінде бейнеленеді. «Балаларым, жиырма бес жасымда дөнен серкенің терісінен жаптырған, қарағайды қақтап шаптырған қобызым бар еді. Сол қобызымның менен қалғанына бір жүз қырық жыл болып еді. Қобызымды менің қолыма алып берің. Егер қолымның күші жетсе, себіл қалған қобызымды күйлеп көрейін. Тілімнің қуаты жетсе, жан баламның алдында бес-алты ауыз толғап көрейін», – деген сөйлемдермен берілген. Жыраудың тұрпаты өзгеше қобызы иесінің бейнесін одан әрі аша түседі: «Балалары қобызын бабаның қолына берді. Әне, баба екі жүз алпыс жасаған, қайыңнан қақтап шаптырған, сары атанның жақ терісін бетіне тартқан, айғырдың ту құйрығын таққан, дөнен серкенің мүйізін тап ортасына талтайтып қаққан, жеті құралды біріктіріп, отыз екі күй тартқан, бабаңыздың ісі һәм хаққа жаққан, баба қолына қобызын алды» [3, 266-б.].

Татаршада да Тоқтамыс жырауды үлкен құрметпен қарсы алып, мол сый-сияпат ұсынады:

Туктамыш хан анда әйтте:

– Ал қара кеш тун бирим мин сиңа,
Сайлап алып кияр булсаң, ераучым,
Қыңгыраулы күк карчыга бирием,
Күл кыдырып чөяр булсаң, ераучым!
Алпан да тилпән йөгертеп,
Адымын жиргә қуыртып,
Аргымак ат бирием,
Камчы тартмый менәр булсаң, ераучым [1, 57-б.].

Қарақалпақ жыршыларының сөз етуіне қарағанда (Бекмұхамбет, Ерполат, Қияс), Сыпыра жырауды Тоқтамыс өз сарайына Нұраддин арқылы алдырады. Бұл уақытта Сыпыра жырау 360 жаста еді делінеді. Тоқтамыстың кеңесшілері Нұраддинді оны алып келуге жұмсағанда, негізгі мақсаты Нұраддиннің жер түбінде тұратын Сыпыраға жете алмай, өлуін көздеген болатын. Тоқтамыс Сыпыра әкемді көрген, сол қарияны тірі деп естимін, тыңдағым келеді деп сылтау қылады. Нұраддин жолдағы қаншама қиындықтарды жеңіп, жыраудың еліне жеткенде оның қырық баласы әкелерінің жол жүруіне қарсы болады. Себебі жырау қартайған, төсектегі адам екен. Жырау балалары соңында іздеушісі жоқ Нұраддинді өлтіріп тастамақ болады, бірақ екі ортадағы ұрыста Нұраддин басым шығуына байланысты Сыпыра үстіне әлденеше қабат төсек салынған шанаға мініп, хан сарайына келеді. Тоқтамыс оны қарсы алып, құрмет көрсетіп, ләген толы ділдә, жағасы алтын, жеңі зер тон сыйлайды. Өсиет, толғау айтуын өтінеді. Толғау айтқан жырау оның бас уәзірі Кеңжанбайдың (қарақалпақта Кенжембай) жаман қылықтарын әшкерелейді.

Шыңғыстан қалған ләгенге ділдә салып әкелуді хан Кеңжанбайға тапсырады. Ал оның пейілі тарылып, ләгенді ділдәмен емес, бағасы төмен қара пұлмен толтырып, үстіне қызыл себелеп әкеледі. Міне, осы оқиғадан жырдағы Сыпыраның «Атаңа нәлет, Кенжембай» деген толғауы пайда болады. Кеңжанбайды «құл» дейді, «құл баласы құлға ұқсайды» дейді.

Атаңа нәлет Кенжембай,
Атаң қара кісі еді,
Нан бергеннің құлы еді,
Енең жаман шоры еді,

Ас бергеннің күңі еді,
Шыңғыстан қалған қазинеге,
Сен іркілмей барғандай ,
Ата-бабаң кім еді? [4, 47-б.].

Осындайлардың сөзі, билігі жүріп тұрғанда, «жесір қатын, жетім ұл, ақсақ пен майыптың, мүсәпір мен ғаріптің, бұлардың күні неге ұқсар» деген сын айтады. Жыраудың бұл сыны Өтенияз нұсқасында былай аяқталады:

Сөз сөйлеймін қара бек,
Менен саған сөз керек,
Астына қарап пұл салып,
Үстіне қызыл себелеп,
Алдаймын деп келдің бе
Атаңа нәлет, бәдірек, [5, 79-б.].

Жыраудың «Едіге» жыры ішіндегі тағы бір толғауы – «Ауыз айғақ, тіл тайғақ». Ол толғау Есемұрат нұсқасында толығырақ берілген. «Онан соң патша бабаға қарап айтты: Әй, баба, сөйле, – деді. Онда баба айтты: Сөйлесем өлемін, – деді, өлсең құныңды беремін, – деді патша. Үш мәртебе баба айтты, үш мәртебе хан айтты. Енді баба: Әй, балам, тілімде сөз болса, жағымда қуат болса, айтайын, – деді. Бір сөзге палуан баба, екі сөзге келгенде айта алмай қарыған, сусап қалған бабаның жақ сүйегін тоқсан қабат торқамен шарыған, әуелі тоқсан биден сөз қозғап, одан соң баба Шыңғыс ханның ар жағынан бір сөз айтты» [6, 219-б.]. Бұл сөзін де Сыпыра ханның рұқсатымен бастайды. Толғаудың негізі мазмұны әр түрлі символдық образдармен жақсы күннің үнемі бола бермей, жаман күндердің де келетінін ұғындырып, бұл пікірін толған дарияның бір уақытта құрғап, табанының шаңы шығып қалуымен, жайқалған дарақтың қурап қалуымен астарлай жеткізеді. Жыраудың астарлы сөзінің негізінде Алтын Орда мемлекетін ыдыраудан сақтап қалу керек деген меңзеу жатыр.

Айналайын, ханием,
Арызымды есті, жанием,
Арызым саған айтайын
Айтпай саған қайтейін,
Патша деген атың бар,
Бір Алланың есімі.
Жан алсаң да қолыңнан,
Жан бермектік келмейді,
Ақиқат патша Алла еді,
Күнәм болса, өт ием,
Жазығым болса, кеш ием, –

деп басталатын монологтың ішінде тауып айтылған суретті сөздер негізгі айтпақ оймен астасқан [6, 219-б.].

Ай, Токтамыс, ай балам,
Курган шоьте даьм болмас,
Кув йиликте май болмас,
Карт айткан соьз саналмас [2, 31-б.].

Қорытып айтқанда, Сыпыра жырау – нақты өмір сүрген адам, алайда бізге оның аңызға айналған бейнесі мен ол айтыпты-мыс деген терең мағыналы, астарлы толғаулар жеткен. Эпостың Сыпыра туралы айтылған тұстарында тарихи шындық пен эпикалық шындықтың ара жігі білінбей, астасып кеткен.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Идэгэ. – Казан: Татарстан китап нэшрияты, 1988. – 254 б.
1. Ногайдынъ кырк бaьтири. Эдиге. – Махачкала, 1991. – 158 б.
2. Едиге. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
3. Едиге. Ерполат варианты//Едиге.–Нөкис: Қарақалпақстан,1990. –400 б.
4. Едиге. Өтенияз варианты. – Нөкис: Қарақалпақстан, 2001. – 207 б.
5. Едиге. Қияс варианты // Едиге. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1990. – 400
6. Мағауин Е. Едіге. – Алматы: Айқап, 1993. – 76 б.


## СЫПЫРА ЖЫРАУ


**Аннотация**

В статье изучен образ Сыпыры жырау в историко-героическом эпосе "Едиге". Для этого наряду с казахскими версиями эпоса были сопоставлены образы Сыпыра жырау в версиях на татарском, каракалпакском, башкирском, ногайском языках. Мы видим, что жырауы, создавшие поэму в создании образа Сыпыра жырау, пришли к виртуозному мастерству и показали пример создания противоречивого образа.


***Ключевые слова:*** Едиге, Сыпыра, Токтамыс хан, Кенжанбай, орда, уазир, кобыз, жыр.

## SYPYRA ZHYRAU


**Abstract**

The article examines the image of Sypyr zhyrau in the historical and heroic epic "Edige". For this purpose, along with the Kazakh versions of the epic, the images of Sypyr Zhyrau were compared in versions in Tatar, Karakalpak, Bashkir, Nogai languages. We see that zhyrau, who created the poem in creating the image of Sypyr zhyrau, came to virtuoso skill and showed an example of creating a contradictory image.


***Keywords:*** Edige, Sypyra, Toktamys Khan, Kenzhanbai, horde, uazir, kobyz, zhyr.

"Баишев Университеті хабаршысына" жарияланатын мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі 29.01.2004 ж.берген №4645-Ж бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік, Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі 07.06.2019 ж. берген №17737-ж бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы қайта ресімделген куәлік) әдістемелік ресімдеу талаптарын басшылыққа ала отрып қабылданады.

"Хабаршының" ISSN 2706-8293 нөмірі бар, бұл тиісті халықаралық реферативтік басылымдарда ол туралы ақпаратты қамтамасыз етеді, сондай-ақ 2014 жылы "ҰМҒТСО" АҚ қазақстандық дәйексөз алу базасымен реферирленетін және дәйексөз алатын журналдар тізіміне енгізілген, 2016 жылдан бастап журналдың ақпараттық маңыздылығының сандық көрсеткіші (импакт – фактор) 0,06 құраған.

Библиографияны қоса алғанда, мақаланың көлемі компьютерде терілетін мәтіннің 3 бетінен кем болмауы және 7 беттен аспауы тиіс (Microsoft Word редакторы).

Мақаланы ресімдеуге қойылатын техникалық талаптар:
- формат-Microsoft Word*.doc;
- қаріп-Times New Roman;
- қаріп өлшемі-12;
- жоларалық интервал-1;
- мәтінді туралау-ені бойынша;
- абзац шегінісі - 1 см. абзац шегінісін бос орындармен немесе кестелермен жасамаңыз;
- жиектері: жоғарғы және төменгі-25 мм, сол және оң-20 мм;

Мақала құрылымы
МРНТИ (Times New Roman 12pt, сол жақта туралау, абзацтың бірінші жолының шегінісі жоқ)

Мақала авторының (авторларының) аты-жөні
(Times New Roman 12 pt, қалың, ортасында туралау, абзацтың бірінші жолының шегінісі жоқ. Егер мақала авторлары бірнешеу болса, онда авторлардың тегі жол үсті белгісі арқылы нөмірленіп көрсетіледі)

Мекеменің немесе ұйымның атауы, елі
(курсив, шрифт Times New Roman 12 pt, абзацтың бірінші жолының шегінісінсіз, тасымалсыз ортаға туралау. Егер мақала авторлары бірнешеу болса, онда бұл ақпарат әр авторды жол үсті белгісі арқылы нөмірлей отырып қайталанады)

E-mail
(курсив, шрифт Times New Roman 10 pt, абзацтың бірінші жолының шегінісінсіз ортасында туралау, тасымалсыз, 6 пт дейінгі аралық. Егер мақала авторлары бірнешеу болса, онда бұл ақпарат әр авторды жол үсті белгісі арқылы нөмірлей отырып қайталанады)

Мақала атауы
(Шрифт Times New Roman 12 pt, қалың, ортасында туралау)

Мақала мәтінінің алдындағы 1 интервалдан кейін аннотация (Times New Roman 12 pt, қалың, ортасында Туралау) және кілт сөздер (курсив, қалың, Times New Roman 12 pt қарпі, абзацтың бірінші жолының шегінісінсіз) жарияланатын материалдың тілінде (қазақ, орыс, ағылшын) және әдебиеттер тізімінен кейін көрсетілген екі тілде беріледі

Мақала 1 интервалдан кейін мақала орналастырылады. Кестелерде, суреттерде,

формулаларда символдарды, белгілерді белгілеуде әртүрлі оқулар болмауы тиіс. Суреттер анық болуы керек. Мәтіндегі суреттер мен кестелерде сілтемелер болуы керек. Мәтінде формулалар саны минималды болуы керек. Формулалар тиісті редакторға терілуі керек (математикалық және химиялық формулалар үшін). Кестелер аталуы керек, оларда бос графиктердің болуына жол берілмейді. Шартты қысқартулар мен символдар ескертуде түсіндірілуі керек.

Суреттер.

Суреттердің қолтаңбалары - TimesNewRoman 12 pt қарпі, абзацтың бірінші жолының шегініссіз; ортасында туралау, тасымалсыз. Суреттің қол қоюының астында Ескертпе (TimesNewRoman 10pt, курсив, сол жақ шеті бойынша теңестіру, абзацтың бірінші жолының шегінісі жоқ) орналасады, онда суреттің өз бетінше немесе дереккөздер негізінде жасалғанына қатысты түсініктемелер беріледі.

Кестелер.

Кестелердің атауы - TimesNewRoman қаріпі 12pt, абзацтың бірінші жолының шегінісі жоқ, ені бойынша туралау, трансферттермен.

Егер мақалада бір кесте болса, онда оның реттік нөмірі қойылмайды, "кесте" сөзі жазылады және тек оның атауы беріледі. Кестенің атауы мен кестенің өзі арасында бос аралық бар.

Кестелердегі бос бағандарға жол берілмейді.

Кестенің соңғы жолында ескерту (Note) (TimesNewRoman 10pt, сол жақ жиекпен туралау, абзацтың бірінші жолының шегінісінсіз) орналасқан, онда кесте дербес немесе дереккөздер негізінде жасалған-жасалмағанына қатысты түсініктемелер беріледі.

Формулалар

Фракциялар, радикалдар, қосындылар, интегралдар, жұмыстар, матрицалардан тұратын күрделі формулалар Microsoft Office пакетіне кіретін формула редакторларында - Microsoft Equation немесе MathType терілуі керек. Таңбалар кестесінде тек сандар, латын әріптері және математикалық белгілер бар қарапайым формулалар мәтіннің бөлігі болуы керек-мұндай жағдайларда қосымша қосымшаларды қолданудың қажеті жоқ.

Мақаланы журналға жібермес бұрын материалдардың жалпы емлесін, тиісті терминдердің дұрыс жазылуын және жұмыс мәтіні мен сілтемелердің дизайнын мұқият тексеру керек.

Журналда жариялау үшін жұмыс мәтінін ұсына отырып, автор өзі туралы барлық ақпараттың дұрыстығына, шығарманың қолжазбасында плагиаттың және заңсыз көшірме алудың басқа түрлерінің болмауына, мәтіннің барлық жағынан дұрыс ресімдеуге кепілдік береді.

Қарауға бұрын басқа басылымдарда жарияланбаған мақалалардың түпнұсқа қолжазбалары ғана қабылданады. Олай болмаған жағдайда баспагер мақаланы жарияланымнан (таратудан) алып тастау және автордан осыған байланысты баспагерде болған залалдың орнын толтыруды талап ету құқығын өзіне қалдырады.

Ережені бұза отырып пішімделген немесе грамматикалық, орфографиялық қателері көп, ағылшын тіліне автоматты аудармасы бар мақалаларды редакция қабылдамайды және авторларға қараусыз қайтарылады.

Редакция қажет болған жағдайда авторлардан қосымша эксперименттік деректерді сұратуға құқылы. Егер мақала ағылшын тіліне аударылған болса, онда редакциялық алқа автордан мақаланың бастапқы нұсқасындағы тілде сұратуға құқылы.

Әдебиеттер тізімі

1 интервалдан кейін әдебиеттер тізімі жарияланған материалдың мәтінінен кейін орналастырылады. Әдебиеттер тізімі 7-8 атаудан кем болмауы және 15 атаудан артық болмауы тиіс. Мақаладағы сілтемелерді нөмірлеу әдебиеттер тізіміндегі дереккөздің реттік нөмірі бойынша жүргізіледі. Мұрағаттық материалдар тізімге енгізілмейді, оларға сілтемелер

мәтінде дөңгелек жақшада орналастырылады. Мақалада электрондық ресурстардан немесе қашықтықтан қол жеткізуден (Интернеттен) алынған дереккөздерді пайдаланған кезде әдебиеттер тізімінде дереккөздің библиографиялық жазбасы және Интернеттегі толық желілік мекен-жайы бар желілік ресурсқа сілтеме келтіріледі. Ресурсқа жүгіну күнін көрсеткен жөн.
Ескерту. Әдебиеттер тізімі МЕМСТ 7.1–2003 "Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері". Мақала мәтініндегі дереккөздерге сілтемелер тек тік жақшада беріледі [12].

Бір нөмірге бір автордың 2-ден аспайтын мақаласы қабылданады. Редакцияға мақаланың электронды нұсқасын басып шығаруға толық сәйкес ұсыну қажет. Файл атауы бірінші автордың тегінен басталуы керек. Қажет болған жағдайда мақала авторға пысықтауға қайтарылуы мүмкін. Редакция мақаланың мағынасын бұрмаламайтын мәтінге редакторлық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Жариялауға арналған материалдар мына мекен-жай бойынша қабылданады:

030000, Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбанов, 302 а, Баишев университеті, тел.: (7132) 974081.

E-mail:vestnik@bu.edu.kz

Методическое руководство к оформлению статей, публикуемых в «Вестник Баишев Университета» (свидетельство о постановке на учет средства массовой информации №4645-Ж, выданное Министерством информации Республики Казахстан от 29.01.2004 г., переоформленное свидетельство о постановке на учет средства массовой информации на учет №17737-ж, выданное Министерством информации Республики Казахстан от 07.06.2019 г.,)
В «Вестник Баишев Университета» статьи принимаются на казахском, русском и английском языках.
«Вестник» имеет номер ISSN 2706-8293, что обеспечивает информацию о нем в соответствующих международных реферативных изданиях и в 2014 году включен в список журналов, реферируемых и цитируемых Казахстанской базой цитирования АО "НЦГНТЭ ", с 2016 года количественный показатель информационной значимости журнала (импакт-фактор) составил 0,06.

Объем статьи, включая библиографию, должен быть не менее 3 страниц и не более 7 страниц текста, набираемого на компьютере, (редактор Microsoft Word).
Технические требования к оформлению статьи:
- формат-Microsoft Word*.doc;
- шрифт-Times New Roman;
- размер шрифта-12;
- межстрочный интервал-1;
- выравнивание текста-по ширине;
- абзацный отступ - 1 см. не делайте абзацный отступ с пробелами или табуляциями;
- поля: верхняя и нижняя-25 мм, левая и правая-20 мм;

Структура статьи

МРНТИ (Times New Roman 12pt, выравнивание по левому краю, без отступа первой строки абзаца

Инициалы и фамилия автора (авторов) статьи
(Times New Roman 12 pt, полужирный, выравнивание по центру, без отступа первой строки абзаца. Если авторов статей несколько, то фамилии авторов указываются с нумерацией через надстрочный знак).
Название учреждения или организации, страна
(курсив, шрифт Times New Roman 12 pt, выравнивание по центру без отступа первой строки абзаца. Если авторов статьи несколько, то эта информация повторяется для каждого автора с нумерацией авторов через надстрочный знак)
E-mail
(курсив, шрифт Times New Roman 10 pt, выравнивание по центру без отступа первой строки абзаца, без переносов, интервал перед 6 PT. Если авторов статьи несколько, то эта информация повторяется для каждого автора с нумерацией авторов через надстрочный знак)

Название статьи
(Шрифт Times New Roman 12 pt, жирный, выравнивание по центру)

Через 1 интервал перед текстом статьи аннотация (Times New Roman 12 pt, полужирный, выравнивание по центру) и ключевые слова (курсив, полужирный, шрифт Times New Roman 12 pt, без отступа первой строки абзаца) приводятся на языке публикуемого материала (казахский, русский, английский) и после списка литературы на двух других указанных языках.

Статья

Через 1 интервал размещается статья. В таблицах, рисунках, формулах не должно быть разночтений в обозначении символов, знаков. Рисунки должны быть четкими. Рисунки и таблицы в тексте должны содержать ссылки. Количество формул в тексте должно быть минимальным. Формулы должны быть набраны в соответствующем редакторе (для математических и химических формул). Таблицы должны быть озаглавлены, не допускается наличие в них пустых граф. Условные сокращения и символы должны быть объяснены в примечании.

Рисунки

Подписи к рисункам-шрифт TimesNewRoman 12 pt, без отступа первой строки абзаца; выравнивание по центру, без переносов. Под подписью рисунка располагается Примечание (TimesNewRoman 10pt, курсив, выравнивание по левому краю, без отступа первой строки абзаца), где даются комментарии относительно того, что составлен ли рисунок самостоятельнолибо на основе источников.

Таблицы

Название таблиц-шрифт TimesNewRoman 12pt, без отступа первой строки абзаца отсутствует, выравнивание по ширине, с переносами.

Если статья содержит одну таблицу, то ее порядковый номер не проставляется, пишется слово "таблица" и дается только ее название. Между названием таблицы и самой таблицей имеется пустой интервал. Пустые графы в таблицах не допускаются.

В последней строке таблицы находится Примечание (Note) (TimesNewRoman 10pt, выравнивание по левому краю, без отступа первой строки абзаца), где даются комментарии относительно того, составлена ли таблица самостоятельно или на основе источников.

Формулы

Сложные формулы, содержащие дроби, радикалы, суммы, интегралы, работ, произведения, матрицы, следует набирать в формульных редакторах, входящих в пакет Microsoft Office - Microsoft Equation или MathType. Простые формулы, содержащие только цифры, латинские буквы и математические знаки, имеющиеся в таблице символов, должны быть частью текста - в таких случаях не нужно использовать дополнительные приложения.

Перед отправкой статьи в журнал необходимо тщательно проверить общее написание материалов, правильность написания соответствующих терминов и оформление текста работы и ссылок.

Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует достоверность всей информации о себе, отсутствие плагиата и других форм незаконного копирования в рукописи произведения, правильное оформление всех заимствований текста.

К рассмотрению принимаются только оригинальные рукописи статей, ранее не опубликованные в других изданиях. В противном случае издатель оставляет за собой право снять статью с публикации (распространения) и требовать от автора возмещения убытков, возникших у издателя в связи с этим .

Статьи, отформатированные с нарушением правил или содержащие большое количество грамматических и орфографических ошибок, с автоматическим переводом на английский язык, не будут приняты редакцией и будут возвращены авторам без рассмотрения.

Редакция имеет право при необходимости запросить у авторов дополнительные экспериментальные данные. Если статья была переведена на английский язык, то редакционная коллегия вправе запросить у автора исходный вариант статьи на языке.

Список литературы

Список литературы размещается через 1 интервал после текста публикуемого материала. Список литературы должен составлять не менее 7-8 наименований и не более 15 наименований. Нумерация ссылок в статье производится по порядковому номеру источника в пристатейном списке литературы. Архивные материалы в список не включаются, ссылки на них размещаются в тексте в круглых скобках. При использовании в статье источников из электронных ресурсов или удаленного доступа (Интернета), в списке литературы приводится библиографическая запись источника и ссылка на сетевой ресурс с полным сетевым адресом в Интернете. Желательно указать дату обращения на ресурс.

Примечание. Список литературы ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Ссылки на источники в тексте статьи даются только в квадратных скобках [12].

В один номер принимается не более 2-х статей одного автора. В редакцию необходимо представить электронную версию статьи в полном соответствии с ее распечаткой. Имя файла должно начинаться с фамилии первого автора. При необходимости статья может быть возвращена автору на доработку. Редакция оставляет за собой право внесения в текст редакторских изменений, не искажающих смысл статьи.

Материалы для публикации принимаются по адресу:

030000, г. Актобе, ул. Б. Жубанова, 302 а, университет Баишева, тел.: (7132) 974081.

E-mail:vestnik@bu.edu.kz

**БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**
**ВЕСТНИК БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА**

***Қазақ және орыс тілдерінде үш айда бір рет шығарылады***
***Выпускается один раз в три месяца на казахском и русском языках***

Формат А4
Көлемі / Объем 4,5 баспа табақ
Таралымы / Тираж 100 дана
Басуға қол қойылды / Подписано в печать 30.09.2022 ж.

**БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**® ЖУРНАЛ НАБРАН И СВЕРСТАН В РЕДАКЦИОННО-ИЗДАТЕЛЬСКОМ ОТДЕЛЕ БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.**

**Мақала мазмұнына авторлар жауап береді.**
**Қолжазбалар өңделмейді және авторға қайтарылмайды.**

**Опубликованные материалы авторов не отражают точку зрения редакции.**

**Редакцияның мекен-жайы: 030000, Ақтөбе қаласы, ағайынды Жұбановтар көшесі, 302А**
**Адрес редакции: 030000, г. Актобе; ул. Братьев Жубановых, 302Ател. 97-40-83, 52-36-00**